

ИЗМАГАМБЕТОВА РАИСА КУДАЙБЕРГЕНОВНА

**Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық
жүйе негізінде қалыптастыру**

6D010200 - Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
пед.ғыл.док., проф.
Амирова А.С.

Шетелдік кеңесші
док., проф.
Мехмет Гювен

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БАҒАЛАУ ДЕРБЕСТІГІН КРИТЕРИАЛДЫҚ ЖҮЙЕ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	16
1.1 Критериалды жүйе негізінде білім алушылардың бағалау дербестігін қалыптастыру генезисі	16
1.2 Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда критериалдық бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері	29
1.3 Қазақстанда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда критериалды бағалау – педагогикалық мәселе ретінде	47
2 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БАҒАЛАУ ДЕРБЕСТІГІН КРИТЕРИАЛДЫҚ ЖҮЙЕ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ	64
2.1. «Бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі» және «бағалау дербестігі» ұғымдарының мәні мен құрылымы	64
2.2. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары	75
2.3 Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі	92
3 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БАҒАЛАУ ДЕРБЕСТІГІН КРИТЕРИАЛДЫҚ ЖҮЙЕ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ	105
3.1 Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың бастапқы кезеңінің диагностикасы	105
3.2 Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруға даярлаудың әдістемесі	119
3.3. Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперименттік жұмыс нәтижелері	129
ҚОРЫТЫНДЫ	137
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	140
ҚОСЫМША А	151
ҚОСЫМША Б	154
ҚОСЫМША В	156
ҚОСЫМША Г	161
ҚОСЫМША Д	181

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер пайдаланылған:

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 – III Заңы. (Редакция 01.01.2016 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> 22.04.2016.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің № 521 Жарлығы. – Астана.<http://adilet.zan.kz/> 2021.26.02.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. – Алматы. 2008 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008827> 30.01.2008.

ҚР МЖМБС 6.08.012-2009 «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2009. 06.08.2009.

ҚР МЖМБС 6.08.059-2010 «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2010. 06.08.2010

ҚР МЖМБС 5.04.019-2011 «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер».– Астана, 2011. – 17б. 5.04.2011.

ҚР МЖМБС 6.08.012-2012 «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2012. 06.08.2012.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген ЖББ МЖМС (ҚР Үкіметінің 13.05.2016 №292 өзгертулермен). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001080/links> 23.08.2012.

ҚР БЖҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы. Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидалары. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008827> 17.09.2013.

ҚР МЖМБС 6.08.012-2013 «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2013. 06.08.2013

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Баға – бағалау үдерісінің қорытындысы, бағалау бойынша іс-әрекет немесе қызмет, кері байланыстың сапалы ақпараты.

Бағалау – оқушының оқу және танымдық қызметін бақылау, сонымен қатар білім беру сапасын жақсарту мақсатында оқушы туралы ақпараттарды жинақтау, жазу, тіркеу және интерпретациялау үдерісі.

Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі.

Дескриптор – әрбір критерий бойынша оқушының жетістік деңгейін сипаттайды және белгілі ұпайлармен бағаланады: жетістік жоғары болған сайын ұпай да жоғары болады.

Модерация – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс.

Өзін-өзі бағалау – бұл өзінің мықты және әлсіз жақтары, мүмкіншіліктер мен мәселелері жайлы ақпараттарды талдап жинауға бағытталған үдеріс.

Суммативті (қорытынды) бағалау – белгілі бір уақыт аралығында тақырыпты, тарауды оқып болғаннан кейін оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысының, құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған.

Формативті (қалыптастырушы) бағалау – оқушының білім алуын үнемі бақылап отыратын мақсатқа бағытталған үзіліссіз үдеріс.

Ішкі жиынтық бағалау – оқу ақпараты блогын оқып болғаннан кейін білім және оқу дағдысының қалыптасу деңгейін анықтау.

Сыртқы жиынтық бағалау – оқу дағдысы мен білімін қалыптастыру деңгейін анықтайды, оқытудың есеп беру кезеңінің қорытынды бағасын анықтауға негіз болып табылады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптар.

Бағалау дербестігі – оқу бағдарламасының мазмұнын табысты меңгерудегі үлгерім жетістігін айқындайтын, оқу-танымдық әрекетінде алға қойған мақсатына жетуде, бағалау өлшеміне сәйкес тапсырманы жетік түсініп, талдау жасап, өзінің тәжірибесінде нақты шешім шығарудың тетігін игерген, нәтижеге бағытталған қызмет.

Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыру – оқу жетістіктерін алдын ала белгіленген бағалау шкаласына сай бақылау және тексеру, өзіндік жұмысында мақсат қоюы, оған жетудегі жоспарын құруы, оны орындау алгоритмін меңгеруі, бағалау дербестігінің тетіктерін, өзіндік пікірін жүзеге асыратын, бағалаудағы әділдік, өзін-өзі бақылауы, түзетуі, өзіндік рефлексия, өзін-өзі бағалауда табысқа жетуі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖОО – жоғары оқу орны

БОПӘ – бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

ҚРЗ – Қазақстан Республикасының Заңы

РСФСР ХКК – Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы

СВА – шығындар мен пайдаларды талдау

ЭТ – эксперименттік топ

БТ – бақылушы тобы

ЭЫДҰ – экономикалық ынтымақтастық даму ұйымы

ЖБ – жиынтық бағалау

ҰМЖ – ұзақ мерзімді жоспар

ОМЖ – орта мерзімді жоспар

ҚМЖ – қысқа мерзімді жоспар

АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технология

БЖБ – бөлім бойынша жиынтық бағалау

ТЖБ – тоқсан бойынша жиынтық бағалау

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қоғамның өркендеп даму барысында болып жатқан өзгерістерге байланысты мемлекетіміздің білім беру стратегиясының мақсаты – жүйеленіп, дайын берген білімді, дағдыларды меңгеріп, қайталайтын емес, өзекті мәселені көре білетін, ой ұшқырлығы мен ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан, білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдалана алатын, өзін-өзі басқара алатын, өз-өзіне баға бере алатын, танымдық дербестігі жоғары деңгейдегі тұлға тәрбиелеу болып айқындалған.

Еліміздегі білім беру саласын дамытуға арналған мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттардың негізі болып табылатын Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында: мектепте өлшемшарттық бағалау жүйесі жетілдірілетін болады. Оқушыларды ішкі бағалаудың (формативті және жиынтық бағалар, балдар) объективтілігін арттыру жұмысы жалғасады. Оқу бағдарламаларындағы өзгерістер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына күтілетін нәтижелеріне сәйкес бағалау құралдарын жүйелі қайта қарауды талап етеді, – деп көрсетілген [1]. Бұл білім саясатындағы басым бағыт ретінде бағалау жүйесі және білім сапасының мониторингін жетілдіру үшін өзекті келешегін көрсеткенін көруге болады. Бастауышта ресми білім алуда бірінші сынып оқушыларының мектепке жайлы бейімделуі үшін бағалаусыз оқыту қағидаттары негізінде құрылған. Іс жүзінде бастауыш сыныптарда білім алушыларының жетістіктерін бақылаудың және бағалаудың балама жүйесі қолданысқа енгізілген. Білім алушылардың соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының да жетістіктерін бағалаудың ұтымды нұсқасы критериймен бағалау жүйесі болып табылады.

Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықта: бағалау жүйесінің терминдері мен анықтамалары, үйлестірушілерге көмек ретінде білім алушылардың оқу жетістігін қалыптастырушы және жиынтық бағалау үдерісін басқару, ұйымдастыру, жоспарлауға қатысты тәжірибелік ұсыныстар берілген [2].

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықта: білім алушылардың оқу жетістіктерін, қалыптастырушы, жиынтық бағалаудың үдерістерін жоспарлау, ұйымдастыру кезінде мұғалімдерге, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне көмек ретінде тәжірибелік ұсыныстар мен тоқсандық, жылдық бағалау механизмдерінің жолдары, әдістері көрсетілген. Бұл ұсыныстар бастауыш сынып білім алушыларының бойында кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға негізделген. Кең ауқымды дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделе отырып, оқушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді [3].

Бағалау, білім беру бағдарламалары туралы келелі ой қозғаған философтар: Аристотель [4], Әл-Фараби [5], Сократ [6], Платон [7], Аквавива [8] және т.б.

Педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың теориялық және әдіснамалық аспектілерін Ш.Таубаева [9], М.Қоянбаев [10], Т.С.Сабыров [11], Б.А.Абдыкаримов [12], А.С.Амирова [13], Б.А.Тұрғынбаева [14], Н.Н.Хан [15] және т.б. ғалымдар зерттеген.

Болашақ педагогтерді бағалау қызметіне кәсіби даярлау мәселелеріне В.А.Сластенин [16], О.А.Абдуллина [17], Е.Л.Перькова [18], О.Ф.Горбунова [19], Н.В.Кузьмина [20], Е.В.Луцай [21], Ж.Е.Сәрсекеева [22] және т.б. зерттеген.

Білім алу нәтижелерін бағалауға Б.Г.Ананьев [23], Ш.А.Амоншвили [24], П.Я.Гальперин [25], С.Л.Кабылницкая [26], В.В.Давыдов [27], Е.Д.Божович [28], Е.А.Цукерман [29], Н.Ф.Талызина [30], И.С.Якиманская [31], И.А.Зимняя [32], В.Д.Шадриков [33] және т.б. психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізді.

Бастауыш мектеп жасының ерекшеліктерін ескере отырып, бастауыш білім берудегі педагогикалық өлшеулермен байланысты бақылау және бағалау жүйесінің ерекшеліктерін М.И.Кузнецова [34], Н.Ф.Виноградова [35], Е.Н.Землянская [36], А.В.Воронцов [37], В.Л.Синебрюхова [38], Т.Г.Самойленко [39], Н.В.Калинина [40], И.В.Гладкая [41] т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінде зерделенген.

Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауын қалыптастырудың іргелі мәселелері Ресейлік ғалымдар жұмыстарында кең ауқымда зерттелген. А.Б.Захарова [42], И.С.Кон [43], В.С.Мухина [44], И.И.Чеснокова [45] және т.б. жеке тұлғаның дербес бағалауының құрамдас бөлігі ретінде өз еңбектерінде қарастырған. А.И.Липкина [46], М.И.Лисина [47], Д.Б.Эльконин [48] және т.б. ғалымдар өздерінің зерттеу жұмыстарында бастауыш сынып білім алушыларының дербес бағалауының кейбір ерекшеліктерін және оны қалыптастырудың педагогикалық негіздерін анықтаған. Аталған ғалымдар жеке тұлғаның дербес бағалауын тұрақты және баланың өзіне деген сараланған қатынасы ретінде дамыту мен қалыптастыруды маңызды кезең ретінде анықтады. Білім алушының дербес бағалауын қалыптастыру мәселесін М.Н.Андреева [49], А.Б.Ларина [50], Е.А.Ралькова [51], Е.В.Сергеева [52], И.А.Симоненко [53], И.Е.Сюсюкина [54], А.Т.Фаттулаева [55] және т. б. ғалымдар зерттеген.

P.Black [56], D.William [57], L.Shepard [58], B.Bloom [59], D.Wood [60], C.Stone [61], J.Brunner [62] т.б. шетелдік авторлардың еңбектерінде оқу жетістіктерін бағалау мәселелері қарастырылған.

Қазақстанда білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тұжырымдары О.И.Можаева [63], А.С.Шилибекова [64], Д.Б.Зиеденова [65], А.Т.Айтпукешев [66], Г.М.Кусаинов [67], К.М.Сагинов [68], Л.Г.Колесова [69] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерделенген.

Дегенмен, жоғарыда зерделенген ғалым-педагогтердің еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критерилды бағалау жүйесі арқылы меңгертудің арнайы жолдары қарастырылмайды. Бұл біз зерттеп отырған мәселенің ғылыми-педагогикалық және әдістемелік тұрғыда әлі де болса жеткілікті дәрежеде шешімін таппай отырғандығын дәлелдейді.

Алайда, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен педагогикалық-әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдаулар, нәтижеге бағытталған білім беруді мақсат етіп отырғандықтан, оны жүзеге асыратын бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалауды қалыптастыру мәселесі арнайы қарастырылмағандығы айқындалды.

Жалпы білім беру ұйымдарында бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалды бағалау негізінде қалыптастырудың іске асуындағы қарама-қайшылықтың туындауынан ғылыми **зерттеудің мәселесі** анықталды.

Осылайша, жүргізілген талдау нәтижесінде біз зерттейтін мәселенің **қарама-қайшылықтары** анықталды:

– қазіргі қоғам сұранысынан туындап отырған бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалды бағалау негізінде қалыптастыру жүйесінің теориялық тұрғыда зерттелуі мен білім мазмұнының жаңартылуына сәйкес оларды меңгеру мәселесінің арасында;

– бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалды бағалау негізінде қалыптастырудың практикалық тұрғыдан қажеттігі мен әдістемелік жағынан қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтардың бар екендігі анықталды.

Зерттеу мәселесінің өзектілігі мен жоғарыда аталған қарама-қайшылықтардың дұрыс шешімін іздестіру зерттеу жұмысының тақырыбын **«Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу және әдістемесін дайындау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізу, ғылыми негізделген ұсыныстар беру.

Зерттеу нысаны: Бастауыш мектептегі білім беру үдерісі.

Зерттеу пәні: Бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалды бағалау негізінде қалыптастыру үдерісі.

Ғылыми болжамы: *егер*, бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалды бағалау негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі дайындалып, бастауыш сыныптың оқыту үдерісіне енгізілсе, *онда* оқушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижелерін критериалды бағалау олардың бағалау дербестігін дамытуға бағытталып, оқу әрекетіндегі сапаны қамтамасыз ететін тиімділігі артады, *өйткені* олардың субъективтілік әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін арнайы жүргізілетін қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар нәтижелі білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу міндеттері:

1. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесінің генезисіне талдау жасау;

2. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау;

3. «Бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі» және «бағалау дербестігі» ұғымдарының мәні мен құрылымын анықтау;

4. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

5. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруға даярлаудың әдістемесін дайындау және тәжірибелік-эксперимент арқылы тиімділігін тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру олардың тұлғалық дамуы мен оқу әрекетінің табысты ұйымдастыру мен нәтижені қамтамасыз ететін негізгі фактор болып табылады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: философтардың, педагогтер мен психологтар еңбектері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бастауыш білім беру үдерісіне байланысты ұсынған құжаттары (тұжырымдамалары, кешенді бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары), педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; ресми материалдар мен құжаттар (Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары, Қазақстан Республикасында жалпыға міндетті бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты, бастауыш білім беру жағдайында оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша жинақталған әлемдік озық тәжірибелер және автордың педагогикалық, ғылыми іс-тәжірибелері алынды.

Зерттеу әдістері:

– теориялық әдістер: ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдау, жинақтау, контент-талдау, құрылымдау, ассоциациялау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау;

– эмпирикалық әдістер: сауалнама жүргізу, бақылау, диагностика, педагогикалық эксперимент, алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу, сараптау.

– статистикалық: зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда (01.01.2016 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен). Зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетел ғалымдарының (философиялық, педагогикалық, психологиялық) еңбектері, педагогикалық зерттеулер, арнайы бағдарламалар, мерзімдік ғылыми-әдістемелік ақпараттар, мектептердің іс-тәжірибе жұмыстары, озат педагогикалық тәжірибелер, автордың жеке педагогикалық іс-тәжірибесі алынды.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2018-2019 ж.ж.) зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталды, философиялық, педагогикалық, психологиялық,

элеуметтік еңбектерге талдау жасалып, шетелдік және отандық тәжірибелер бойынша материалдар жүйеге келтірілді. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру жайлы нормативтік құжаттар, бағалау және өзін-өзі бағалау мәселесінің зерттелу жайы анықталып, зерттеудің ғылыми аппараты құрылды. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды. Теориялық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипаты түзілді.

Екінші кезеңде (2019-2020 ж.ж.) бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың критериалды бағалаудың педагогикалық негіздеріне сүйеніліп, ерекшеліктері айқындалды. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды. «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда критериалды бағалаудың жүйесі» атты мұғалімдерге арналған арнайы курс жасалды.

Үшінші кезеңде (2020-2021 ж.ж.) Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың бастапқы кезеңінің диагностикасы жасалып, оны оқыту үдерісінде пайдаланылатын әдістемесі дайындалды. Қалыптастырушы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың жүргізіліп, оның нәтижелері сараланып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар әзірленді. Ғылыми-зерттеу жұмысы қорытындыланды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесі математикалық-статистикалық өңдеуден өңделіп, диссертация түрінде рәсімделді.

Зерттеу базасы: тәжірибелік-педагогикалық жұмыс №156 жалпы білім беретін мектепте және №3 мектеп-гимназиясында өткізілді. Эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарға барлығы 112 оқушы қатысты, оның 59 оқушысы эксперимент тобы және 62 оқушысы бақылау тобы ретінде алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

1. Бағалау дербестігінің критериалды жүйесінің генезисі талданды;
2. Бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негізделді;
3. «Бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі» және «бағалау дербестігі» ұғымдарының мәні нақтыланып, құрылымы анықталды;
4. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалды;
5. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың әдістемесі жасалды, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілді және ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы.

1. «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда критериалды бағалаудың жүйесі» атты оқу-әдістемелік семинар жоспары дайындалды;

2. Бастауыш сыныптарда «дүниетану мен жаратылыстану» пәндерінен критериалды бағалау тапсырмалар жүйесі» атты әдістемелік құралы дайындалды; зерттеу нәтижелерін жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш деңгейлерінің мұғалімдері мен біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Бағалау дербестігінің критериалды жүйесінің генезисі динамикалық үдеріс ретінде оқушылардың оқу нәтижесін жетілдіру мен білім сапасын нақты салыстыруға негізделіп, тұлғаның дамуына ықпал ететін қарама-қайшылықтарды шешудегі өзін-өзі тануы, өзін-өзі іске асыруда оқу жетістігі мен кемшілігін ажыратып, ой қорытындысын жасай білу қабілеттілігі, өзіне деген сенімін арттырып, алға жылжуы, өзін өзі дамыта отырып, өзіне ддербес баға бере білуі. Оқушыларға алдын-ала белгілі оқу мен оқыту үдерісінің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін критерийлерге жауап беруде олардың бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың генезисіне жасалған талдаулардағы идеялар мен тұжырымдар зерттеу жұмысымыздың теориялық негізін құрайды.

2. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерінде өзін-өзі бақылау мен бағалау – оқу іс-әрекетінің орталық құрылымдық құрамдас бөлігі ретінде педагогикалық бағалау оқушының өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі бағалауының қалыптасуына әсер етеді. Бақылау – бұл кері байланыс пен қызмет және оның нәтижелері туралы ақпарат алу процедурасы, бағалау дегеніміз – оқу іс-әрекеті нәтижелерінің мақсаттармен арақатынасы үдерісі. Оқытудың жетістігі тек педагогикалық негізге ғана емес, сонымен бірге тұлғаның психологиялық тетіктерін негізге алатын негізге де ие болады. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыру ұғымына анықтама беріледі.

3. «Бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі», «бағалау дербестігі» ұғымдарының мәні теориялық талдаулар негізінде нақтыланып, оның құрылымы қалыптастырушы және жиынтық бағалау негізінде жүзеге асырылатындықтан, алғашқы ұғымда қалыптастырушы бағалауды – аналитикалық бағалау деп аталатынымен, ал жиынтық бағалауды – холистикалық бағалау яғни тұтас қысқа мерзім ішінде және жалпы түрде бағалаумен байланыстыра қарастырылады. Қалыптастырушы бағалау оқыту мақсатына сәйкес оқушылардың оқу үдерісіндегі ілгерілеуін, оқу жетістігінің дамуына ықпал етсе, ал жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын үдеріс. «Бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі», «бағалау дербестігі» ұғымдарының психологиялық-педагогикалық тұрғыда нақтыланған мәні мен оның сипаты зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі болып табылады.

4. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің

теориялық аспектілері ретінде келесідей: кері дизайн, әлеуметтік-конструктивтік оқу теориясы, жақын арадағы даму аймағы, скаффолдинг теориясы, қалыптастырушы бағалау теориясы, білімді толық меңгеру теориясы, сөйлеу әрекетінің теориялық негіздері алынады. Модель мотивациялық, оқу-танымдық, рефлексивтік-бағалаушылық компоненттер бірлігінде қарастырылып, онда әдіснамалық тұғырлар, ұстанымдар, қалыптастыру үдерісінің мазмұнын, бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыру дәрежесін сипаттайтын негізгі өлшемдер мен көрсеткіштер және соған сәйкес деңгейлері анықталған құрылым.

5. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруды қамтамасыз ететін мұғалімдерге арналған «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесі» атты оқу-әдістемелік семинардан және «Дүниетану мен жаратылыстану пәндері бойынша критериалды бағалау жүйесіне арналған тапсырмалар жинағы» атты әдістемелік құралынан тұратын кешенді бастауыш сыныптар тәжірибесіне енгізілуімен іске асырылады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған педагогикалық технологиялардың сараланып қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, анықталған мазмұндық фактілер мен оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін тексерумен арнайы курсты жоғары оқу орнының тәжірибесіне енгізумен қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 18 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 3 мақала ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 14 мақала халықаралық ғылыми басылымдар, алыс шетелдерде өткізілген және ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық, халықаралық ғылыми – әдістемелік конференция материалдарында, 1 әдістемелік құрал жарық көрді.

1. «Formation of primary school children self-esteem on the basis of criteria-based assessment» // The Education and Science Journal. Vol. 23, № 7. 2021 UDK 373.1 DOI: 10.17853/1994-5639-2021 -7-147-169.

2. The problem of evaluating primary school students in the online education process // Cypriot Journal of Educational Sciences, 2022, 17(1), С. 255-267.

3. «Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалаудағы критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі» //Хабаршы-Вестник-Bulletin. Серия «Педагогика ғылымдары» №4 (76), Алматы 2018 «Қыздар университеті» – Б. 131-135.

4. Критериалды бағалау негізінде бастауыш мектеп балаларының өзін-өзі бағалауын қалыптастыру //Хабаршы-Вестник-Bulletin. «Педагогика ғылымдары» сериясы №2 (74), Алматы 2022 Б.158.
5. Innovations in education: essence and social aspects //Bulletin-Bulletin-Bulletin. Series «Special pedagogy» № 1 (52), Abai KazNPU, Almaty 2018, P. 131-135.
6. Формирование учебно-познавательной компетенции младших школьников на основе критериального оценивания // Научно-практический журнал № 1(9) 2022 ISSN: 2686-9152 г. Омск, Россия РИНЦ. С.14-21.
7. Эффективность использования методов формативного оценивания в средних школах казахстана // Научно-практический журнал № 1(9)•2022 ISSN: 2686-9152 г. Омск, Россия РИНЦ. С.28-35.
8. Формирование навыков самооценки младших школьников // Научно-практический журнал № 1(9)•2022 ISSN: 2686-9152 г. Омск, Россия РИНЦ. С.75-84.
9. Бастауыш сынып мұғалімдеріне экологиялық тәрбие беруде өлкетану жұмыстарын жүргізу Научный обозреватель, научно-аналитический журнал № 3 (135) / 2022. С.42-49.
10. Quality Assessment of Primary Education in Kazakhstan // International conference «XI Orazbayev readings». Al-Farabi Kazakh National University. April 26-27, 2019 P.16-22.
11. Бастауыш сынып оқушысының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіру // «Заманауи мектепке дейінгі білім беру: трансформация, даму векторлары» Халықаралық онлайн-конференцияның материалдары 24 қараша 2021. Б. 65-73.
12. «Жаңартылған білім: оқу үдерісін реттеудегі қалыптастырушы бағалаудың теориялық аспектілері» //«Заманауи мектепке дейінгі білім беру: трансформация, даму векторлары» Халықаралық онлайн-конференцияның материалдары 24 қараша 2021. Б.185-190.
13. «Мүмкіндігі шектеулі бастауыш сынып оқушыларының танымдық, ізденімпаздық қабілеттерін еңбекке баулу сабағында арттыру» //«Заманауи мектепке дейінгі білім беру: трансформация, даму векторлары» Халықаралық онлайн-конференцияның материалдары 24 қараша 2021. Б.77-85.
14. «Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың тәрбиелік мәні мен ерекшелігі» //«Заманауи мектепке дейінгі білім беру: трансформация, даму векторлары» Халықаралық онлайн-конференцияның материалдары 24 қараша 2021. Б.181-186.
15. Рефлексияның оқытушының кәсіби дамуындағы рөлі //8-ші Халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясы 15-17 сәуір 2022, Түркия м., Адана қ. Б1569-1575.
16. Дүниетану пәнінде бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру //8-ші Халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясы 15-17 сәуір 2022, Түркия м., Адана қ. Б.1576-1583.

17. Бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану сабағында тәжірибе арқылы зерттеушілік дағдысын қалыптастыру //8-ші Халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясы 15-17 сәуір 2022, Түркия м., Адана қ. Б.1584-1589.

18. Бастауыш сынып оқушыларында өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру жолдары «ЖОО элеуметтік трансформация жағдайындағы: білім беру мен психологиядағы эмпирикалық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. Алматы, 2022. Б. 542– 549.

Диссертацияның құрылымы мен мазмұны. Диссертация кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Жұмыс жалпы 184 бетке компьютермен теріліп басылған, ол 21 кесте, 41 суретпен безендірілген. Әдебиеттер тізімі 196 аталымнан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты, зерттеудің көкейкестілігі, зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, зерттеу әдістері, базасы, зерттеудің негізгі кезеңдері, тәжірибелік маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі мен негізділігі, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі баяндалады.

«Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйесінің генезисі философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік еңбектерге теориялық талдау жасап, оны іске асырудың айқындалып, білім беру үдерісіндегі бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің нәтижелерін критериалды жүйе негізінде дербес бағалаудың мәні мен сипаты, қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қарастыру психологиялық мәселе ретінде қарастырылып талданады.

«Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруды модельдеу» атты екінші тарауда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастырудағы критериалды бағалау – педагогикалық мәселе ретінде қарастырылып, тұғырлары айқындалды. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалады.

«Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру тәжірибесі» атты үшінші тарауда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың бастапқы кезеңін айқындайтын диагностикасы жүргізіліп, әдістемелік кешені даярланып: «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйесі» тақырыбындағы мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік семинар бағдарламасы, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Бастауыш сыныптарда дүниетану және жаратылыстану пәндерінен критериалды бағалау тапсырмалар жүйесі» атты

әдістемелік құралының мазмұны келтіріледі. Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен олардың қорытындылары ұсынылады.

Қорытындыда ғылыми болжамды дәлелдейтін зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары түйінделіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың бағалау дербестігін критериалды жүйесі мәселесі бойынша, келешекте зерттелетін бағыттары көрсетіледі.

Қосымшада ғылыми және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда қолданылған зерттеудің нәтижелерін диагностикалау әдістемелері, оқу-әдістемелік құралдың мазмұны, сынақтан өткізілгендігі туралы акті, басқа да диссертацияға енбеген материалдар беріледі.

1. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БАҒАЛАУ ДЕРБЕСТІГІН КРИТЕРИАЛДЫҚ ЖҮЙЕ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Критериалды жүйе негізінде білім алушылардың бағалау дербестігін қалыптастыру генезисі

Жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауы қоғамдағы барлық құрылымға әсер ететіні белгілі. Мектепте оқушыларды білім алу барысында әртүрлі идеяларды, көзқарастар мен құндылықтарды ескеріп, ол туралы өзіндік көзқарасын білдіруді, бір-біріне сенім білдіруін және әріптестікте жұмыс істеуін қажет ететін ортада алған білімін күнделікті тәжірибеде қолдана білуге дайындауы керек. ХХІ ғасырда мектептер оқушыларды өмірде, күнделікті тәжірибеде және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық құндылыққа негізделген білім берудің шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек.

Елімізде жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейде мектептердің басшылыққа алатын білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, оқулықтар, оқыту технологиялары мен әдістеріне бағалауға қатысты білім беру саласындағы өзекті мәселелер бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруды көздейді. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қамтамасыз ететін өзінің ойын дәлелдей білетін, берілген дескриптор бойынша өзін-өзі және сыныптастарын бағалай алатын дағдыларды дамытуды іске асырумен қатар ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Бастауыш білім беру бағдарламасының мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.


Бағалау дербестігінің критериалды жүйесінің генезисі туралы сөз қозғағанда «Критериалды бағалау» терминімен байланыстыра қарастырамыз. *Роберт Юджин Глейзер* бұл терминді оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және әлеуетті деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдеріс дей келе, басқа оқушылардың жетістіктерін салыстырмайды және бір-біріне тәуелді етпейді, сонымен қатар әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталады, – деген қорытынды [70]. Бұдан автордың «критериалды бағалау» терминін оқушылардың оқу жетістігін бағалау мақсатында қолданғанын көруге болады. Зерттеу тақырыбымыздың генезисіне талдау жасауда автордың пікірін тірек етіп аламыз. Өйткені, жаңартылған бастауыш білім мазмұнында енгізіліп отырған критериалды бағалау оқушылардың пәндік, тұлғалық құзыреттілігін айқындауға негіз болады. Бұдан автордың пікірінің өміршеңдігін көруге болады деп түйіндейміз.

Ежелгі Грецияның философтарының көзқарастарында бағалау дербестігі әртүрлі болғанын көруге болады.

Аристотель бойынша, педагогикалық бағалау әртүрлі түсінікте болды: каллиграфиялық дағдылар, математикалық қабілеттер, сайыстар шешендік,

физикалық төзімділік тұрғысынан бағаланады. Педагогикада бағалау тек XV ғасырда құжаттана бастады. Бұл кезеңдегі европалық мектептерде оқушылардың жетістіктері ынталандырылып, олардың ерекше белгілері ретінде мәрмәр тақтадағы жазбалар, ленталар, жетондар және т.б. айқындалды.

Сократ: оқытуда диалектикалық әдісті қолданудың екі негізгі артықшылығын анықтайды [5].



Сурет 1 – Сократ бойынша оқытуда диалектикалық әдісті қолданудың екі негізгі артықшылығы

Сократтық семинарлар технологиясының құрылымы: сыни ойлау; шығармашылық қабілеттер; ауызша сөйлеу; оқи білу; бірқатар әлеуметтік дағдылар (жанжалдарды шешу, топтық жұмыс); өзін-өзі бақылаудан тұрады.

Сократтың негізгі идеясы – «кім өзін біледі, ол оған не пайдалы екенін біледі және ол не істей алатынын және не істей алмайтынын нақты түсінеді, яғни өзін-өзі тану мен өз-өзін бағалауға әкеледі» дейді [6, 78 б.]. Философтың ой-пікірін тұжырымдайтын болсақ, автордың «Сократтық семинар технологиясы» идеясының құндылығы қазіргі жанартылған бастауыш білім беру бағдарламаларындағы басты идеялармен үндестігінде жатыр. Бүгінгі бастауыш білім беруде бағалау формаларының өзгеруінің негізі болып отырған өзін-өзі бағалау туралы шындыққа жетуі деп отырғаны нәтижеге жету деп түсінеміз. Олай болса, біз автордың басты идеясын жұмысымызға тірек етіп аламыз.

Классикалық кезеңнің Афиналық философы Платон «Мемлекет» және «заңдар» трактаттарында педагогикалық идеяларын атап өтті. Онда идеалды мемлекет тұжырымдамасы ғана емес, сонымен бірге оның білім беру жүйесін даму, жан-жақты білім беру идеалдары мен бағдарламасы туралы да талқылады [7, 65 б.]. Платонның аталған трактатының маңыздылығы білім беру жүйесіне, оның басты идеяларын жүзеге асыратын бағдарламаларының талқылануы білім берудің мазмұны мен нәтижесі туралы да тұжырым жасағанын көреміз.

Аквивива баллдық жүйені XVI ғасырда алғаш рет енгізді. Баллдық жүйе, орта ғасырдағы неміс схоластикалық мектептерінде оңай пайда болып, басқа елдердің мектеп тәжірибесінде тарады, нәтиже бойынша оқушыларды бағалау оқу жетістіктерінің құралына айналып, олардың білімінің табыстылығы, қабілеттеріне қарай әлеуметтік маңызға ие болды [8, 49 б.]. Бұл бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің генезисінде өзіндік орнын алғанын көрсетеді.


Германияда XVIII ғасырда 12 балдық бағалау шкаласы пайда болып, педагогикалық инновациялардың «инкубаторы» ретінде Еуропадағы педагогикалық ойдың дамуына үлкен әсер етті. Оның негізін салушы Иоганн-Бернард Базедов (1724-1790) болып саналады [71]. XVIII ғасырдың екінші жартысында педагогикалық бағыт дамыды, оның жақтаушылары балаларды катал ұстау және оларды қорқынышпен тәрбиелеу жасөспірімдерді тәрбиелеудің ең сенімді жолы деп санайды. Бұл әсіресе неміс схоластикалық мектептерімен танымал болды. Дәл осы мектептерде орта ғасырларда қоғамның (ең алдымен ата-аналардың) балаларға әсерін күшейту әдісі ретінде бағалау баллдық жүйесі пайда болды. Царск ауылдық Александровск лицейінде баллдық жүйе енгізілгенге дейін емтихандар үшін ауызша бағалар қолданылды: «Жақсы, өте жақсы, әлсіз, ақпараты бар, жоқ». Алғашқы кезінде оқушылардың жетістіктерін бағалауға ерекше мән беріле бастады. Әр түрлі типтегі оқу орындары ашылды: классикалық гимназиялар, приходтар, уездер, нақты мектептер, рухани семинариялар және т.б. алайда, әр ұйымда өзіндік бағалау мен белгілер жүйесі болды.

XIX ғасырдың 20-жылдарында Ресейде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды бірыңғай жүйеге келтіру туралы шешім қабылданды. 1819 жылы Білім министрлігі төрт балдық бағалау жүйесі орнатылған «сынақтарға қатысты егжей-тегжейлі ережелер» шығарды. Алайда, нақты бағалау үшін төрт балл жеткіліксіз болды, белгілердің мазмұнын ашу аз болды. Ұзақ уақыт бойы Ресейдің оқу орындарында оқушылардың жетістіктерін бағалаудың қатаң жүйесі болған жоқ. 1834 жылы бағалаудың жеті дәреже жүйесі белгіленді. 1848 жылдан бастап жеті дәреже бойынша 12 балдық бағалау жүйесі енгізілді [72].

XIX ғасырдың жетпісінші жылдары Ресейдің оқу орындарында бес балдық жүйе бекітілді. Бағалау, баға қою мәселесі сол кездегі барлық көрнекті тұлғалардың қызығушылығын тудырды. Ресейде еркін білім беру теориясының негізін қалаушы орыс жазушысы Л.Н.Толстой болды, ол өзінің өзіндік педагогикалық тұжырымдамасын Ясная поляна мектебінде практикалық қолдана отырып құрды: «...бостандық – бұл барлық шынайы білім берудің қажетті шарты» [73]. Л.Н.Толстой жеке сауалнамаға, кез келген тексерулерге, емтихандарға қарсы шықты. Л.Толстой өзінің Ясная поляна мектебінде белгілерді пайдаланбайды. Бірақ сонымен бірге оқушы бостандығының шегарасын мұғалім анықтады, ол үнемі шығармашылық ізденісте болуы керек, оқушылардың оқуға деген қызығушылықты оятты. Сонымен қатар оның замандастары В.А.Евтушевский, К.К.Сент-Хилер, А.

Рембрович сияқты мұғалімдер оқушылардың жетістіктерін бағалауда белгіні қолдануды қолдады.


Төмендегі суретте (2-сурет) бағалауда қолданған белгілердің тиімділігі көрсетілген.



Сурет 2 – Оқушылардың жетістіктерін бағалаудағы белгілер

Бағалаудың ең қарапайым түрі – балл. Ұпайлар осы оқу орнында жұмыс істей бастаған жаңа мұғалімдерге қажет. Сол кезеңде балдық бағалау жүйесі туралы пікірталастар жалғасты.


1890 жылы өзін-өзі бағалау теориясын алғаш рет американдық психолог Уильям Джеймс енгізді. Автор «өзін-өзі бағалауды анықтау үшін қарапайым формуланы қолданып, өзін-өзі бағалау біздің мақсаттарымызға, құндылықтарымызға және өз әлеуетімізге деген көзқарасымызға бөлінген табысқа тең» деген қорытынды жасады. Уильям Джеймстің пікірінше, біздің нақты жетістіктеріміз төмен болса және біздің қабылданатын әлеуетіміз бен мақсаттарымыз жоғары болса, біз өзімізді сәтсіз деп санаймыз. Керісінше, егер біздің жетістігіміз күткеннен асып кетсе, біз өзімізді керемет сезінеміз және өзімізді бағалауымыз жоғарылайды. Автор бағалау дербестігі ұғымына мынадай анықтамалар берген:



Сурет 3 – Уильям Джеймс бойынша бағалау дербестігінің ұғымы

Бағалау дербестігі – бұл тұлғаның өзіне тұтастай алғанда және оның жеке басының, іс-әрекетінің, мінез-құлқының белгілі бір аспектілерін беретін ұғым. Жалпы өзін-өзі бағалау бар, ол өзін-өзі бағалау, жалпы өзін қабылдау немесе қабылдамау деңгейін көрсетеді. Ал жеке өзін-өзі бағалау, ол адамның оның жеке басының әртүрлі аспектілеріне, іс-әрекетіне, белгілі бір қызмет түрлеріндегі табысқа қатынасын сипаттайтын, адамның өзінің жеке басының маңыздылығы, басқа адамдар арасындағы белсенділігі және өзін және өзінің қасиеттерін бағалауы және сезімін, артықшылықтары мен кемшіліктерін, олардың ашық немесе тіпті жабық түрде білдірілуі.

Ағылшын ғалымы Н.Бранден «өзін-өзі бағалау – бұл тұлғаның өмірге және оның талаптарына сәйкестігінің эмпирикалық дәлелі» деп анықтама берген [74]. Сонымен қатар автор өзін-өзі бағалау ұғымына психологиялық тұрғыда мынадай сипаттамалар берген:



Сурет 4 – Н.Бранден бойынша «өзін-өзі бағалау» ұғымы

Автордың пікірін қорытатын болсақ, психологиялық тұрғыда оқушылардың бағалау дербестігі өзінің қажеттілігін өтейтін, білімін өмірлік тәжірибеде қолдану мүмкіндігінің табысты көрсеткішін сенімділігін сезінуі маңызды болмақ.

Білім беру нәтижелерін бағалау педагогикалық үдерістің маңызды дидактикалық кезеңдерінің бірі және оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыруға елеулі әсер етеді. Бастауыш сынып оқушылардың жетістіктерін үнемі зерттеумен бірге әртүрлі кезеңдерде білім алушылардың оқу нәтижесін бағалаудың өзіндік тәсілдері болды.

К.Д.Ушинский оқушылардың білімі мен адамгершілік тәрбиесіне балдық жүйенің теріс әсерін атап өтті [75]. Балдық жүйенің қысымымен оқушы үнемі алаңдаушылық, қорқыныш сезімін сезінеді, бұл ақыл-ой қабілетінің төмендеуіне әкеледі, өз-өзіне күмәнданудың пайда болуына ықпал етеді, қиындықтарды жеңе алмау және әрекет етуден бас тарту сезімін қалыптастырады.

1917 жылғы төңкерістен кейін орынсыз оқыту идеясы биліктің мақұлдауына ие болды және КСРО Халық Комиссариатының 1918 жылғы 31(18) мамырдағы «белгілерді жою туралы» қаулысымен білімді бағалаудың балдық жүйесі жойылды және келесі ебептер көрсетілген [76]. «Оқушылардың білімі мен мінез-құлқын бағалау үшін баллдық жүйені қолдану барлық елдерде жойылды. Сыныптан сыныпқа ауыстыру және куәліктер беру педагогикалық кеңестің оқу жұмысын пайдалану туралы пікірлері бойынша оқушылардың жетістіктері негізінде жүргізіледі». Осы қаулыға сәйкес емтихандардың барлық түрлеріне, сабақта оқушыларды жеке тексеруге тыйым салынды. Фронтальды ауызша тексеруге, сынақ сипатындағы жазбаша жұмыстарға рұқсат етілді, содан кейін өте сирек. Жеке оқушының оқу жетістіктерінің анықтығы болған жоқ. Ата-аналардың мектепте оқитын баласы қандай дәрежеде және қаншалықты күшті немесе әлсіз екендігі туралы ақпараты болған жоқ. Оқушы оқуға деген ынтасын жоғалтты, өйткені оның жеке еңбекқорлығы, күш-жігері жалпы орташа (орташа) көрсеткіштердің артында жасырылды. Мұғалімдер өз белгілерін өздігінен қолдана бастады, көбінесе «3» балл. Барлық жерде білім сапасының, оқыту деңгейінің, тәртіптің төмендеуі байқалды. Осыған байланысты 1935 жылдың қыркүйегінде КСРО ХКК және БКП (б) ОК «бастауыш, толық емес орта және орта мектепте оқу жұмысын ұйымдастыру және ішкі тәртіп туралы» қаулысымен оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын бағалау мен белгілеудің бес балдық сараланған сөздік жүйесін қалпына келтіреді, оны «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «жаман» және «өте жаман» деген ұғымдармен белгіленді [77].

XX ғасырдың басында В.И.Фармаковский бағалау жүйесіне арналған бірқатар мақалалар жазды: «оқушылардың үлгерімін бағалауда графикалық әдісті қолдану», «оқушылардың жетістіктерінің сандық жүйесі» және т.б. онда ол баллдардың баланың жеке басының дамуына жағымсыз әсерін баса көрсетеді. В.И.Фармаковский сандық белгілерді жазбаша, графикалық бағалауға ауыстыруды ұсынады. Егер қолданыстағы сандық белгілер жүйесі оқушыға: жолдастарынан асып түсу үшін жақсы үйреніңіз десе, онда графикалық жүйе: Өзіңнен жақсы болу үшін жақсы үйреніңіз. «Егер сіз баланы жетістіктері үшін марапаттағыңыз келсе, онда оны жоғары бағалар үшін емес, оқу қисықтарының жоғарылауы үшін марапаттаңыз, энергияны, табандылықты арттырыңыз, бірақ бос әурешілік пен жеңілдік емес». В.И. Фармаковский ата-аналарды оқушының үлгерімінің нәтижелері туралы хабардар ететін табель жүргізуді ұсынды [78]. Бұдан шығатын қорытынды автор сол уақыттың өзінде бағалаудың түрлерін өзгертуге ықпал ететін мақалаларының аясында графикалық жүйе, сандық жүйе, сандық белгілерді жазбаша графикалық бағалауға ауыстыруы, сонымен қатар үлгерім нәтижелерінің табелін жүргізуді ұсынуы білім беру жүйесінде цифрландыруға дейін қолданыста болғанын атап өткен жөн деп санаймыз.

РСФСР ХКК 1944 жылғы 10 қаңтардағы Қаулысында: «Бастауыш, жеті жылдық және орта мектеп оқушыларының үлгерімі мен мінез-құлқын бағалаудың сандық бес балдық жүйесін енгізу туралы былай делінген:

«оқушылардың үлгерімі мен мінез-құлқын неғұрлым нақты және дәл бағалау, олардың білім сапасына қойылатын талаптарды арттыру мақсатында мектепте қолданылатын оқушылардың үлгерімі мен мінез-құлқын бағалаудың ауызша жүйесін қолдану – өте жақсы, жақсы, орта, нашар, өте нашар» деп қарастырылады. Сандық бес балдық жүйе: «5», «4», «3», «2», «1» [79] қолданылады.

XX ғасырдың бірінші жартысында С.Т.Шацкий: «...ең бастысы, баланың жеке басын емес, оның жұмысын, ол орындалған жағдайларды ескере отырып бағалау керек, баланың оқу әрекетін жалпы оның жеке басына бағалауды тарату оның жұмысында кедергі болатын сәт болады, дей келе, «біз оқушының не істегенін, оның жұмысында қандай қателіктер кездескенін, қандай қиындықтарды жеңгенін және қандай нәтижелерге қол жеткізгенін нақты айтуымыз керек» деп тұжырым жасаған [80]. Автор оқушының жеке басы мен мінезі туралы, яғни оның жалқаулығы, дарындылығы, немқұрайлылығы және қызығушылықтың жоқтығы туралы барлық бағалау мен пайымдаулар аса сақтықпен қолданылуы керек екенін атап өткенін көруге болады.

Е.Перовский оқушылардың білімін тексерудің және баллдық оқыту жүйесінің белсенді қорғаушысы білімді тексеруді оқу үдерісінің ерекше тәуелсіз бөлігі деп санады, оның нақты функциялары бар: оқытудың осы сәтінде талап етілетін оқушылардың білім жағдайын анықтау, олардың оқу жұмысына жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, оқу тапсырмаларын адал орындау әдеті. Білімді тексеру тек бақылау мақсатына ғана емес, сонымен қатар оқу мақсаттарына да қызмет етеді, бақылау функциялары жетекші болып табылады деген қорытынды жасаған [81]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, бағалау жүйесінің атқаратын қызметі бүгінгі таңда да, білімді меңгеру мақсатына сәйкес бақылауды жүзеге асыратындықтан үнемі өзекті болып табылды.

50-70 жылдар кезеңінде бағалау мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. В.А.Сухомлинский оқушыларды бағалаудың маңызды рөлін атап өтті, сонымен бірге бұл белгіні еңбекке ынталандыру ретінде ұқыпты қолдануға кеңес берді: бұл белгі жалқаулық пен немқұрайдылық үшін жазаламай, еңбекқорлықты марапаттауы керек. «Табыс бар – оқуға деген ықылас бар» – ол ұстанған формула болды, ол мұғалімнің бағалау қызметінің негізі деп санайтын жетістік болды. Ол оқытуды оптимизмге, балаларды уайым мен өз-өзіне күмәнданудан қорғау керек деп есептеді. Сонымен қатар, автор бағалау қызметінде басшылыққа алынуы керек негізгі ұстанымдарды атап көрсетті:

– Оқушының табысқа жету жолын жаппаңыз. «Нағыз педагогикалық даналық – бұл баланы жақсы болуға деген ұмтылыспен үнемі рухтандыру, оған ешқашан «екі есе» салмау ... егер оқушы әлі жұмысты жеңе алмаса, оған ешқандай белгі қоймаңыз...».

Белгі арқылы мұғалім оқушыға деген көзқарасын білдіреді: «мен үйрететін адам – ең алдымен тірі адам, бала, содан кейін оқушы. Мен оған қоятын баға – бұл оның білімінің өлшегіші ғана емес, ең алдымен менің оған адам ретінде қарауым, – деген қорытынды жасаған [82]. Педагогикалық

тәжірибе көрсеткендей, әр оқушының білімін үнемі есепке алуды енгізу өз-өзін ақтайды, сабаққа дайындық, оқушылардың пәні қандай бағалау жүйесі қолданылатынына қарамастан айтарлықтай артады.

В.Ф. Шаталов оқушылардың білімін бақылау үшін «білімді ашық есепке алу парақтарын» енгізді. Оқушы сабақта немесе сабақтан тыс алған әрбір белгі стендке ілінетін кестеге енгізіледі. Әрине, бәрі білетін белгі үлкен тәрбиелік әсерге ие. Оқушы кез-келген уақытта төмен бағаны жоғары деңгейге түзетуге құқылы және ол қайтадан сынып пен тіпті мектептің меншігіне айналады [83]. Шаталовтың әдістемесі үлкен жетістікке жетті: оның әдістемесі мұғалімге объективті болуға, оқушылардың білімін дұрыс бағалауға, оқушыны оған жағымды көзқараспен ынталандыруға мүмкіндік берді.

- іс-әрекет автоматтандыру мен жалпылаудың тиісті өлшемімен қалыптаса ма [30, 288 б.]. Автор бастапқы кезеңдерде мұғалімнің, ал соңғы кезеңдерде оқушының өзі кері байланыс жасайтындығының маңызды заңдылығын атап өтеді. Бұл сыртқы бақылаудың оқушының өзін-өзі бақылауына ауысуын көрсетеді деп есептейміз.

М.Балтабаев мектептегі бағалауды оқытудың табыстылығын білдіретін педагогикалық құрал ретінде қарастырды. Оқушылардың оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгеру дәрежесін анықтай отырып, объективті мектептегі бағалау балалардың оқу жұмысында жақсы нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылысын ынталандырады, – деп ой қорытындылайды [121]. Оқуда жетістікке жету үшін оқу барысында туындайтын қарама-қайшылықтарды дер кезінде анықтап, олардың оқушыларын жеңу қиындықтары ретінде түсінуіне қол жеткізу керек.


П.К.Анохин кері байланыстың екі түрін көрсетеді:



Сурет 12 – Кері байланыс түрлері (П. К.Анохин бойынша)

Бағыттаушы – қателіктерді түзетуге, реттеуге және келесі оқу тапсырмаларын сәтті орындауға мүмкіндік беретін аралық әрекеттерді орындау туралы кезең-кезеңмен кері байланыс. Нәтижелі (түпкілікті) – тақырыпты, бөлімді немесе оқу пәнін зерделеу аяқталғаннан кейін меңгерілген материалдың сапасы туралы ақпарат алуды көздейтін іс-қимылдардың түпкілікті орындалуы туралы кері байланыс [122]. Біздің пікірімізше, автордың ұсынып отырған кері байланыс түрлері қазіргі мектеп тәжірибесінде қолданыстағы критериалды бағалау жүйесінің түрлерімен іске асырылауы қажет деп санаймыз.

П.П.Блонскийдің ғылыми еңбектерінде өзін-өзі бақылауды қалыптастыру мәселелеріне көп көңіл бөлінеді, ол өзін-өзі бақылаудың бірнеше кезеңдерін (13-сурет) сипаттайды.



Сурет 13 – Өзін-өзі бақылау кезеңдері (П.П.Блонской бойынша)


1-кезеңде оқушы материалды меңгермеген және оны бақылай алмайды;
2-кезеңде үлгі толық орындалады, меңгерілген материалдың дұрыстығын толық тексеру жүзеге асырылады;

3-кезеңде оқушы негізгі және екінші реттік материалды бөледі және тек ең бастысын бақылайды;

4-кезеңде бақылау өткен тәжірибе негізінде жүзеге асырылады [123]. Автордың идеясының өміршендігі бүгінгі мектеп тәжірибесінде оқыту және оқу үдерісінде тәжірибеде қолданыста болуымен сипатталады. Оқушының бағалау дербестігінің кезеңдерін бастауыш сынып мұғалімдері жақсы білсе, онда өзін-өзі бақылау кезеңдері кезеңімен жүзеге асырылатыны сөзсіз.

И.И.Чеснокованың пікірінше, өзін-өзі бағалау баланың өзі бағалау жүргізуге қатысатын жерден – критерийлерді құрастыруда, құрастырылған критерийлерді өз қызметінің әртүрлі нақты жағдайларына қолданудан басталады. Бастауыш мектеп жасында оқушы мұғалімнің бағалауын ерекше сезімталдықпен қабылдайды, сондықтан балалардың өзін-өзі бағалауының қалыптасуы көбінесе қарым-қатынас жүйесіне байланысты. Мұғалімнің мақсаты балада рефлексивті, барабар өзін-өзі бағалауды дамытуға негізделуі керек. Ол үшін ынтымақтастық ұстанымын ұстану керек «тең дәрежеде» болып, өзара әрекеттесудің императивті, авторитарлық тәсілдерінен бас тарту керек дейді [45, 73 б.]. Біздің пікірімізше, бастауыш сыныптан бастап критерий құрастыруға және оны сабақтың мақсатына жетудегі өзін-өзі бағалауға дағдыландыра беру қажет. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігі рефлексияға құрылған тапсырмаларға негізделетіндіктен әрбір пәннің мазмұнын меңгеру деңгейіне байланысты мұғалімнің ұстанатын ұстанымы да серіктестікке құрылуы тиіс. Мысалы, «Сен тапсырмада қателер жібердің» деген авторитарлық пікірдің орнына, ынтымақтастықта «Сенімен бірге осы тапсырмадағы қателерді табайық» десе баланың өзіне сенімділігін арттыратыны сөзсіз.

Ю.В.Гольцева нәтижелерді бағалаудың ішкі бағалау рәсімдерін жүргізу тәртібіне төмендегідей талдау (14-сурет) жасаған [124].



Сурет 14 – Ю.В.Гольцева бойынша нәтижелерді бағалаудың ішкі бағалау рәсімдерін жүргізу тәртібі

Автордың ішкі бағалаудың рәсімдеріне ұсынған жүргізу тәртібі қолайлы болмақ. Ішкі бағалаудағы пән мазмұны бойынша бастапқы диагностика жүргізіп, одан кейін ағымдағы бағалаудың қорытындысын шығарып, жиынтық бағалаудың нәтижесі қойылу керек. Мектеп тәжірибесіне енгізілген критериалды бағалауды іске асырудағы ішкі бағалауды жүргізу тәртібін орындау қажет деп санаймыз.

Оқытудың тиімділігі көбінесе мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа, мұғалімнің эмоционалды-ерік саласына, оқушының жеке басының мотивациялық саласына байланысты. Білім алушының оқу жетістіктерін бағалау кезінде (аралық немесе қорытынды болсын маңызды емес) әрбір айтқан сөзі, сөйлеуі тұлғаның қалыптасуы мен дамуына үлкен әсер ететінін педагог есте сақтауы қажет.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде бағалауды оқушының жеке тұлғалық сапасының және оның оқу қызметінің нәтижелерінің көрсеткіші ретінде түсіну кеңінен көрсетілген. Оқушының оқу қызметінің табыстылығының бағасы келесі түрлерде бола алады:

- аз түрлер (мимика, қол қимылы, дауыс ырғағы, үлгерімі бойынша қысқа ескертулер);
 - оқушының жалпы сипаттамасы;
 - бағалар;
 - сөзбен бағалау (оқушымен жеке сөйлескенде, ата-аналар жиналысында);
- жекелей түрде алғанда мектептің ішкі тәртібімен қарастырылған басқа формаларда болады.


Психологиялық және педагогикалық зерттеулерде бағалаудың әртүрлі жақтары мен қасиеттері көрсетілген: мазмұны, орны, қызметі, мұғалімнің бағалау барысындағы қызметінің құрылымы және т.б. Алайда, бағалаудағы келесі мәселелер: нақты көрсеткіштер бойынша бағалаудың бірыңғай жүйесін жасау, бағалаудағы субъективтілік, бағаны қоюда мұғалімнің және оқушының жеке ерекшеліктері, қарым-қатынасы шеттеп қалған. Егер бұл мәселелерді және сұрақтарды шешпесе, онда жеке тұлғаны дамыту бағытындағы

міндеттерді орындауға қол жеткізу өте қиын болары сөзсіз. Сондықтан да елімізде оқушылардың білім жетістігін бағалаудың критериалды жүйесі енгізіліп жоғарыда айтылған мәселелерді шешу мақсаты көзделген.

Әр оқушыда бағалау дербестігінің әртүрлі деңгейі қалыптаса бастайды. «Білімі» күшті оқушылар әр уақытта жоғары бағаланып отырады және нәтижеде оларда өзіндік жоғары бағалау туындайды да, олар сапалық жағынан дамуы тежеледі. Мысалы, әр уақытта «өте жақсы» баға қойылған оқушы басқа мұғалімнен төмен баға алып қалуы сияқты мысалдар бар. Немесе сыныптың басқа мұғалімнің сабақ өтуіне немесе топтың басқа мұғалімнің сабақ жүргізуіне қарсылық көрсетуі, сыныптың мұғалімге үйреніп қалуы және басқа мұғалімді «қажет етпеуі» сияқты жағдайлар педагогикалық тәжірибеде жиі кездеседі.

Ал ендігі кезекте, білімінің деңгейі төмен оқушыларды мұғалімдер және педагогтер төмен бағалайды да, олар осы деңгейге қалыптасып қалады. Оқушының оқу қызметінің табыстылығын бағалаудың мәселесі бойынша басты тенденция ол бағалаудың басты функциясының айқын болуында. Ол функция оқушының білімі және білігі қалыптасуының шарты ретінде бақылаумен байланысты. Яғни, білім мен білік қалыптасқандығын бақылау. Сондықтан да бақылау сонымен қатар оқушының ынта қою және психикалық танымдық үдерістерді дамыту қабілеттерін қалыптастырудың негізі ретінде бола алады.

Қорыта келгенде, бағалау арқылы оқытуды жақсартудың бес басты факторын (15-сурет) бөліп көрсетеміз.



Сурет 15 – Бағалау арқылы оқытуды жақсартудың бес басты факторы

Критериалды бағалау алдын-ала ұжыммен бірге құрастырылған, білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына белгілі және түсінікті критерийлер бойынша оқушының білім жетістіктерін салыстыру үдерісі

ретінде түсіндіріледі. Бұл критерийлер білім берудің мақсатына және мазмұнына сәйкес болуы керек және оқушының оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етуі керек.

Қорыта келе, психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жасалған талдауларға сүйене отырып, критериалды бағалаудың теориялық аспектілері оқытудың тәсілдемесіне негізделетініне көз жеткізілді. Оқыту үдгірісін іске асыратын тәсілдемесі оқу нәтижелерін бағалау білім алуудың белгілі сатысында білім алушылардың «жыл басында» қолжеткізген білімдерінің деңгейлерін талдауға негізделеді. Критерийлер негізіндегі бағалау үдерісінде білім алушылар өзіндік бағалау дербестігінің әлеуетін біртіндеп ұлғайтады.

Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың біріккен негізінде іске асырылатындықтан оқушылардың білім жетістіктерін аралық және қорытынды бақылауды өзара байланысты тұтас жүйеде қолдану қажет деп санаймыз. Критериалды бағалау сонымен қатар бақылау үдерісін сезіну және осы бағалау технологиясын пайдаланудың тиімділігін педагогикалық болжауды жүргізу іске асырылатын болжам негізінде жүргізіледі. Критериалды бағалау оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін, олардың шығармашылық және зерттеу аясын, жүйелі рефлексияға оқушыны бейімдеу арқылы өздігінен жұмыс істеу мақсатын анықтап, оған жету жолдарын іске асырады. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың тұлғалық сапалары, қабілеті, өзіндік «Мен-ін» тануына басымдық бере отырып, өзіндік бағалау дербестігін қалыптастыруға ықпал ету керек деп санаймыз.

1.3 Қазақстанда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда критериалды бағалау – педагогикалық мәселе ретінде

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: жаңартылған мазмұн шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемшарттық жүйесі енуде, ол өңірдің, мектептің орналасқан жеріне және оқыту тіліне қарамастан оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және тең бағалауды қамтамасыз етеді. Бұл ретте білім алушылардың бағалау жүйесі жетілдіруді қажет етеді. Атап айтқанда, PIRLS, PISA, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің құралдарына, сондай-ақ SAT тестілеріне ұқсас функционалдық сауаттылық пен құзыреттілікті өлшеуге бағытталған сұрақтарға қатысты ҰБТ, оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі – ОЖСБ) мазмұнын қайта қарау қажет деп көрсетілген [125]. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оқушылардың өзіндік дамуына және функционалды сауаттылық пен құзыреттіліктерінің оқу жетістіктерінің талаптарына сәйкес болуы, бұл дегеніміз жаратылыстану, математикалық, оқу сауаттылықтарының қажетті деңгейде болуын қамтамасыз етуі қажет болып табылады.

Қазақстанда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда критериалды бағалауға көшпес бұрын «бағалау» туралы отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасауды жөн көрдік.

XIX ғасырдағы қазақ ағартушылығы ұлы ойшылдар Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың есімдерімен байланысты. Шоқан Уәлиханов оқытудың, халықтық және гуманистік ұстанымдардың негізгі қағидаттарын қарастырды.

Ш.Уәлихановтың пікірінше, оқу жетістіктерін бағалағанда қазақ халқының этногенезі, этнографиясы, тарихынан білімдерін ескеру қажет, – деген тұжырым жасаған [126]. Бұдан білім мазмұнында халықтың қазақ халқының қалыптасуының этникалық тарихын, қазіргі Қазақстан жерін әр түрлі тайпалар ерте тас дәуірінде-ақ мекендей бастаған шығу тарихынан, бақылау әдісі ретінде адамның қоғамдастықтың күнделікті өмірін, мінез-құлқын және өзара әрекеттесуін жүйелі түрде білімін бағалау қажеттігін ескерткенін байқаймыз. Алдымен мектепте берілетін білімнің қазақ халқының тарихын, шығу тегін, күнделікті тіршілік етуі, әр адамның мінез-құлқының қалыптасуын білуден басталуы қажет деген тұжырым жасаймыз.

Біздің зерттеуіміз үшін Ыбырай Алтынсариннің идеясы маңызды. Ол алғашқылардың бірі болып бастауыш мектепте тілді меңгерудің әдістемелік және дидактикалық аспектілерін жасады. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары қазақ халқының қажеттіліктеріне бейімделген мектептердің жаңа типтерінің пайда болуымен байланысты. Ол білім қазақ халқының мәдениетін дамытудың негізгі тетігі деп есептеді. Автор педагог кадрлардың кәсіби даярлығына, әдістемелік жабдықталуына көп көңіл бөлді, қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту ұстанымдарын әзірледі. Ы.Алтынсарин алғашқылардың бірі болып діни пәндер оқытылмайтын мектептердің жаңа типтерінің идеясын ұсынды [127]. Бұдан шығатын қорытынды дінді білмеу, тілді, грамматиканы, математиканы және басқа да жалпы білім беретін пәндерді білу, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемі болуы тиіс.

Қазақ халқының танымы мен ағартушылық мәселелеріне ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбаевтың шығармашылығы арналған. Данышпан ақынның педагогикалық ойларының ішінде білімді өмір бойы игеру, оны кітаптан іздеу, өздігінен оқу, естіп-білгенді есте сақтау проблемалары айқын көрініс тапқан. Оны қара сөзінен көруге болады. Нәресте дүниеге келгеннен-ақ оның бойында «тән және жан құмарлығының» бірге болатынын, сонан соңғысын «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деп бөледі. Мұның өзі білімді игерудің үш сатысын – кез-келген білім мазмұнын білудің естуден басталатынын, оны түсіну үшін әр шәкірт өзі оқып, не көру қажет екендігін, соңында алған білімді қажетті жерде қолдана білуді айқындап беріп тұр. Педагогикалық тұрғыдан қарастырсақ, оқудың сапасын анықтайтын көрсеткіш білім, білік, дағдымен де сәйкес келеді [128].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақстандық білім беру жүйесінің қалыптасу тарихы Қазақстанның Ресейге қосылуы жағдайында өтті, сондықтан мектептердің жаңа түрлерінің пайда болуы, мектептердегі

бағалау жүйесінің дамуы объективті әлеуметтік-саяси факторларға толығымен тәуелді болды.

Ахмет Байтұрсынов өз еңбектерінде бастауыш мектепте оқыту мәселелеріне, білім беру жүйесіне, оқытудың мазмұнын, формалары мен әдістерін жетілдіруге, өскелең ұрпақты рухани-эстетикалық рухта тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлді. Ол өз Отанының нағыз азаматын тәрбиелеуге лайықты еркін мектеп, ана тілінде білім беретін мектеп құруға шақырады. А.Байтұрсыновтың педагогикалық идеялары бүгінгі күні де өзекті болып отыр, өйткені, биылғы жылы елімізде бастауыш мектепке қайта оралған «Әліппе» оқулығы ғұлама ғалымның идеясына негізделіп қайта жасалып, тәжірибеге енгізілді. Сонымен қатар, А.Байтұрсынов «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ал жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру» деп ой тұжырымдауы балаға білімді практикалық жолмен өздігінен игерудің тиімділігін, баланың қабілеті мен қабылдау мүмкіндігіне сай, білім берудің қажеттігін көрсетеді [129] Автордың басты мақсаты оқуға керек құралды, тәртіпті оқу мен жоспарлы оқуды анықтау болды. Одан кейінгі көтерген мәселесі оқудың ана тілінде болуының қажеттігі. Сондай-ақ ол қазақ бастауыш мектебінің керектігіне баса назар аударып: «бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек» деп оқушылардың білімді қабілетіне қарай сапалы меңгеруіне басымдық беруі бағалау дербестігін дамытуға жетелейтінін меңзеп кеткенін көрстеді.

Мағжан Жұмабаевтың еңбектері – қазақ тіліндегі оқытудың педагогикалық мәселелеріне арналған негізгі теориялық жұмыстардың бірі. М.Жұмабаев қазақ педагогикасында оқытудың өзекті мәселелерін әзірлеудің негізін қалады. Ол Қазақстанның педагогикалық ғылымын байытқан дидактикалық көзқарастардың бірегей жүйесін жасады. Оқушыларды оқытуда баланың шығармашылық қабілеттерін, бастамалары мен тәуелсіздігін дамытуға ерекше назар аударды. Ағартушы өз еңбектерінде оқыту – бұл баланың ақыл-ойына әсер ету ғана емес, көп жақты үдеріс екенін жазды. Сонымен бірге ол сана мен оқу белсенділігі ұстанымын ерекше атап көрсетті. Ол былай деп жазды: «Егер оқушы мектепте ештеңе жасауды білмесе, онда өмірде де ол тек көшіруге еліктейді... Әр баланың тәуелсіздікке деген ұмтылысы бар». Жаңашыл педагог көптеген бұрынғы көзқарастар мен дәстүрлерді қайта қарастыруда, оқытудағы жаңа бағыттарды дамытуда үлкен рөл атқарды [130].

М.Жұмабаевтың еңбектерінде білім алушылардың ойлау қызметінің деңгейлері, мысалы, өздерінің оқу жетістіктерін талдай және бағалай білулері қарастырылады. Біздің зерттеуіміз үшін М.Жұмабаевтың педагогикалық бағалаудың ерекшеліктері туралы көзқарасының маңызы зор: «...оқу үдерісінде дене немесе басқа жазалау әдістерін қолдануға болмайды, бұл оқуға деген ынтаны төмендетеді. Педагогикалық бағалау – баланың жеке басын

калыптастырудағы басты буын. Өзінің оқу жетістіктерін өзіндік бағалау оқушылардың жетістігі мен өзін-өзі дамытуына әкеледі. Өзара бағалау басқа білім алушылардың жетістіктері мен өз жетістіктерін сыни түрде байқауға мүмкіндік береді, өзара бағалау арқылы оқушы өз білімін толықтырады. Кері байланыс беру кезінде мұғалім баланың жеке қасиеттерін емес, оның оқу әрекетін, қандай әрекеттерді орындағанын мақтап, мадақтауы керек». Бұдан шығатын қорытынды автордың бағалауға байланысты айтқан идеяларының бүгінгі жаңартылған білім мазмұнымен енгізілген критериалды бағалау жүйесінің негізін салып кеткенін көруге болады. Оған дәлел автордың өзін-өзі дамытуға ықпалы, өзара бағалау және оның оқушының білімін толықтыруға әсерін, кері байланыстың оқу нәтижесін бағалауға әкелетінін сол заманның өзінде айтып кеткеніне баса назар аударамыз. Сонымен қатар қазіргі рефлексия деп отырған кері байланысты бағалаумен байланыстырған идеясы біз үшін құнды болмақ.

М.Дулатов бала ойлауы машина. Мектеп оны: а) төңірегіндегі дүниеге, тұрмысқа қызықтырып, әуестігін қоздырсын; б) жоқтан өзгеге, ұзын-құлаққа, ырым-жырымға, ескі әдетке оп-оңай нана қоймайтын, естіген білгенінің бәрін ақылына салып, сынататын сонсоң барып асықпай қорытынды шығаратын қылсын; в) тұрмыс, өмір туғызған мәселеге, сұрауға күнделікті сабақтан жауап тапқызсын; ж) ойлаған ойын анық, дәл ғып сөйлетсін; д) мәдениетті өмірге жинастырған келешекте өздігінен өнер білім тапқандай мағлұмат, дағды үйретіп шығаруы керек деген тұжырым жасаған [131]. Бұдан шығатын қорытынды автор бала білімді қоршаған ортадан алу үшін оған қызығушылығы артып, танып білсем деген құштарлық сезімнен туындауы қажеттігін ескерткен. Сонымен қатар балалар сол замандағы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды саралап, дұрысы мен бұрысын ажыратып, өзіндік ой қорытындысын жасауға дағдыландыру керек екенін ескерткенін көреміз. Автордың келесі тұжырымына келсек, бұл бүгінгі күні берілетін білімді өмірмен байланыстыру және қажетіне қарай тіршілікте қолдана білуді сол кездің өзінде айтып кеткенінен автордың идеясының өміршендігін байқатады. Бастауыш сынып оқушысына өзінің ойын анық, дәл, жүйелі жеткізуіне мән беру керектігін және қажетті білімді меңгеру дағдыларын меңгеріп шығуды талаптар ретінде ұсынғанын ескере отырып, басшылыққа алу қажет деп санаймыз. Жоғарыда жасалған қорытындыны тақырыбымыз тұрғысынан қарастырсақ, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін дамытуға автордың әрбір тұжырымын тірек етіп аламыз.

Жүсіпбек Аймауытов – педагогика және психология мәселелеріне арналған алғашқы оқулықтар мен ғылыми мақалалардың авторы. Автор өз еңбектерінде жеке тұлғаға бағытталған оқыту қажеттілігі туралы жазды, ол педагогикалық үдерісте білім алушыларға сараланған тәсілді қолдану қажет деп санайды. Автордың пікірінше, оқу жетістіктерін бағалау кезінде баланың жеке жас ерекшеліктерін ескеру қажет [132]. Біз автордың пікіріне толықтай қосыла отырып, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін дамыту үшін жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту үдерісінде әдіс-тәсілдер мен технологияларды саралап қолдану тиімді деп санаймыз.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде өзіндік бағалау мен интеллекттік дамудың өзара байланысы анықталып, оның педагогикалық табиғаты негізделді. Өйткені, тұлғаның өзі туралы ойы негізінде өзіне және әлеуметтік ортаға қатынасы қалыптасады.

Н.Д.Хмель оқушының білім жетістігін бағалау, оның тұлғасын дамытуға, өз деңгейін анықтауға бағдарланған. Оның қажеттіліктері мен жеке психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес белгілер мен бағаларды ажырату бағалау және таңбалау нәтижесінде сипатталады [133]. Бұдан бастауыш сынып оқушыларының оқу табыстылығын бағалау оның тұлғалық сапасының даму көрсеткіші екенін және оның олардың жас ерекшеліктеріне бағалауды ажыратуға мән беру керек деген қорытынды жасауға болады.

Р.М.Қоянбаев: «бағалау – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын ұғым» деген анықтама береді. Оқыту үдерісінің маңызды компоненттерінің бірі – бағалау, баға қою және есепке алу. Бұл ұғымдардың әрқайсысы өзінше мәні және ерекшелігі бар. Олар оқу тәрбие үдерісі дұрыс ұйымдастыру басшылығына байланысты. Оқушылардың жыл бойында алған теориялық және практикалық білімдері негізгі емтихан және оқушылардың жылдық үлгерім бағалары болады. Емтихан мен жылдық үлгерім бағаларынан педагогикалық кеңестің шешімі бойынша қорытынды бағалар шығарылады. Бақылау – бұл педагогикалық басшылықтың және оқушылардың танымдық іс-әрекетін меңгерудің функциясы. Бақылаусыз жеке адамның дамуы мен қалыптасуын басқаруға болмайды. Бақылаудың психологиялық-педагогикалық мәні оқушыларға дер кезінде көмек керсету. Олардың шығармашылық күшіне, қабілетіне сенім білдіру оқушыларды оқу тапсырмасын нәтижелі етіп орындау үшін ынталандыру және іске жұмылдыру болып табылады. Бақылау үдерісінде оқушылардың алған білімді игеруі және баянды етуі көрініс береді. Осыған байланысты бақылаудың бірнеше түрлері тақырыптық, тараулар бойынша және қорытынды бақылау болып бөлінеді [10, 69 б.]. Бұдан шығатын қорытынды бағалаудың бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндер бойынша, меңгерген білімдерінің жиынтығы ретінде келесі сыныпқа өтудегі шешімнің шығуына негіз болатынын көрсетіп кеткен. Бағалау мен бақылаудың мазмұны оқушыларды іс-әрекетке ынталандыру және олардың белсенділігін дамыту тиіс. Автордың айтып отырған бағалау түрлерін тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, критериалды бағалаудың түрлерін қамтығанын көруге болады. Бақылау түрлері бойынша, тақырыптық деп отырғаны қазіргі қалыптастырушы бағалау, ал тарау бойынша және қорытынды бақылау деп отырғаны жиынтық бағалау деген түсінік береміз.

Т.С.Сабыров оқыту үдерісінің негізгі ерекшеліктерін таным үдерісі арқылы яғни онда қозғалыс болатынын, оқушы білмеуден білуге қарай жүріп отыратынын айта келіп, оқушының білім алуда ілгері қарай басуына себепкер күш-түрлі қайшылықтар, ал оларды шешу оқу міндеттері арқылы жүзеге асырылады, нәтижесінде оқушыға тиісті баға қою арқылы нәтиже шығады деген тұжырым жасаған [11, 48 б.]. Бұдан шығатын қорытынды бағалау оқушының білім алудағы жаңа міндеттерді шешудегі оқу әрекетінің нәтижесі,

яғни оқу-танымдық үдерісіндегі жетістігінің көрсеткіші болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда кездесетін қарама-қайшылықтарды шешу арқылы жаңа оқу-танымдық материалды білуі, алға қойған мақсатқа жетудегі іс-әрекетінің табыстылығының жеке тұлғалық көрсеткіші.

А.Е.Абылкасымова білім беру бағдарын еркін таңдау және өзінің білім беру траекториясына оралу мүмкіндігі педагогикалық білім беру жүйесіндегі оқу жетістіктерін әділ, объективтелген бағалау нәтижесімен жүзеге асып отырады. Педагогикалық білім беру нәтижелерін оны алу тәсілдерімен емес, жеке қабілеттерге негізделген педагогикалық білім берудің кез келген түрлерінің қызметіне негізделеді [134]. Автор бағалауды оқушылардың білім траекториясының айқындалуымен байланыстырған. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда оқу үдерісіндегі олардың жеткен жетістігін бағалаудың оң нәтижесінде оқу-танымдық қабілеттерін айқындауға негіз болады деген тұжырым жасаймыз.

А.Ғ.Қазмағамбетов бағалау ынтасы проблемасын ғылыми-зерттеулердің маңызды болатын себебі, ол оқушы тұлғасының мәнді сипаттамасы болып табылады, мұндай сипаттамасыз оқушының әлеуметтену үдерісін ойлау мүмкін емес. Бағалау ынталарының жүйесін қалыптастырудың зерттеп әзірлеген әдістемесінде ғылымда қабылданған адамның әлеуметтік белсенділігінің екі негізгі түрге – заттық қарекетке және тұлға аралық қарым-қатынасқа ажыратылатындығы ескерілді. Оның зерттеуі негізгі екі бағыттан тұрады. Бірінші бағытта ол оқушылардың оқу үдерісіндегі жеке іс-әрекетін зерттейді, сабақта өзін-өзі бағалау мен өзара бағалауды қалыптастырады, – деген қорытынды жасаған [135]. Бағалау үдерісі тікелей оның әлеуметтену үдерісімен сипатталады. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының жеке іс-әрекеті мен оның нәтижесі бағалау дербестігін қамтамасыз етеді деп санаймыз.

Ш.Т.Таубаева оқушының оқу әрекетін бақылауды оқушы өзі де (өзін-өзі тексеру), мұғалім де жүргізе алады және техникалық құралдар көмегі арқылы, соның ішінде компьютер арқылы да оқу әрекеті тексеріледі. Бақылау түрі мен тәсілдерін тандау оқытудың мақсатына тәуелді, оқушылардың жас және жеке басының ерекшеліктері, оқыту жүріп жатқан жағдайларға байланысты. Тапсырма көлемі, тексеруге арналған уақыт және оқушылар санына байланысты оқу үдерісінде тексеру мен бағалау былайша бөлінеді: ағымдық бақылау, яғни тексеру күнделікті сабақ үстінде жүргізіледі; кезендік бақылау, тақырыпты өткеннен кейін өткізілетін бақылау; қорытынды - тоқсан аяғында немесе жыл соңында өткізіледі. Соңғы кезде, әсіресе кеңінен тарап келе жатқан, оқушылардың білімін тексеру үшін тұрақты бақылау - мониторинг деп аталады. Бастауыш мектепте ағымдық бақылаудың маңызы зор, себебі оқушылардың жұмысын, оқуға деген ынтасын, жетілуін және т.б. бақылау үшін қолайлы деген [9, 72 б.]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, оқушылардың бағалау дербестігін қалыптастыруда бақылау түрлері мен тәсілдерін қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалауды мақсатқа сәйкес қолдану қажеттігіне басымдық беру қажет. Бағалаудың қай түрі болмасын

оқушының бағалау дербестігін қалыптастыруда өзінің білімі мен білігін дәлелдеуге, білім сапасын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

А.Қ.Рысбаеваның пікірінше, тұлғаның табыстылық әрекеті ғылыми білімдер жүйесі ретіндегі педагогикалық ұғым, яғни жеке тұлғаның дұрыс нәтижеге жетуі деп санайды. Автор табыстылық әрекетін зерттей отырып, біртұтас педагогикалық үдеріс теориясын басшылыққа алып, онда жинақталған білім феноменінің ішкі және сыртқы құрылымын, оның белгілері мен қасиетін айқындайтынына көз жеткізген. Мұғалімнің сыртқы табыстылық әрекетіне оның кәсіби шеберлігі яғни «педагогикалық техникасын» жатқызады. Педагогикалық техникаға: дауыс ырғағы, бет келбеті, мимикасы, мұғалімнің күнделікті өзін-өзі тәрбиелеуі мен дамытуды, ал, ішкі табыстылық әрекетке педагогикалық технологияларды кәсіби шеберлікпен пайдалануды жатқызған. Негізгі теориялық ережелерді басшылыққа ала отырып, мұғалім педагогикалық үдерістің субъектісімен өзара әрекетті ынтымақтастықта жүзеге асырады. Мақсат пен нәтиженің бірлігіне қол жеткізуде теориялық білім мен практикалық дағдысын меңгерту қажет деп санайды. Мұғалімнің табысты әрекетінің өлшемі оның оқушысын табысты етеді. Мұғалімнің мақсатты бағытталған, мазмұнды әрекеті оқушы әрекетінің нәтижесіне сәйкес келеді деп тұжырым жасаған [136]. Біздің зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан келетін болсақ, біртұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда теориялық тұжырымды басшылыққа алуға болады. Өйткені, мұғалімнің табыстылық әрекетінің нәтижесінде оқушылардың табысты іс-әрекетінде бағалау дербестігіне жеткізуге болады деп санаймыз.

Б.А.Тұрғынбаева өзіндік бағаның адамның нақты мүмкіндіктеріне сәйкес болуы оның өзімен өзінің ішкі үйлесімділігіне, өзін-өзі құрметтеуге қол жеткізуіне ықпал етеді де, ал керісінше жағдайда ішкі қақтығыстарға кейде невротикалық жағдайларға әкелуі де мүмкін. Дегенмен, адамда қандайда бір өзіндік бағаның болмауы тұлғаның өзін жоғалтуына әкеліп, оған басқалардың беретін бағасының мәнін арттырады [14, 56 б.].

Тұлғаның өзіндік бағасы оның әрекет ететін ортасында қандай құндылықтардың жетекші болып есептелуіне байланысты. Қоршаған адамдардың, ұжымның пікірінің мұндай жағдайда шешуші роль атқарып жататындығы белгілі. Мысалы: адамның коммуникативті қабілеттері құнды болса, сол сапасы бар адамдар өздерін артық бағалауы мүмкін. Ал интеллектуалдық сапалардың үстемдігі жағдайында осы қабілеттері жоғары адамдарға берілетін баға да жоғары болады.

Өзіндік баға әрекетке ынталандырып оның тиімділігін арттырады, себебі бұл адамның көңіл-күйіне оның секемшілдіктерінен бастап жұмысқа бар ынтасымен берілуіне байланысты. Өзіндік баға оның психологиялық-физиологиялық, психикалық күйзелістері оның өмірлік тәжірибесі, ол өмір сүретін ортада және өмірге деген қарым-қатынас жүйесінде детерминалланады. Өзінің ішкі құрылымына қарай өзіндік баға тұлғаның өзі сияқты көпестарлы. Оның мазмұны моральдік-адамгершілік құндылықтар, қарым-қатынастар мен мүмкіндіктерден тұрады. Тұлғаның тұтас өзіндік санасы оның психикалық әлемінің жеке қырлары негізінде қалыптасады.

Өзіндік баға беру өзін-өзі тану мен табу адам әлеуметтік, кәсіби, отбасылық тіпті жәй қарым-қатынастар мен байланыстар жүйесінде өз орнын анықтауға көмектеседі деген пікірді ұстанамыз.

А.С.Амирова бойынша, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда оқу-тәрбие үдерісінде олардың дербес ерекшеліктері қабілеттілігі, икемділіктері ескерілуі қажет. Автор «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекеті дегеніміз – алған білімін өздігінен толықтырып, кеңейтетін, жоғары деңгейде ойлайтын, өзіндік идеясын жүзеге асыруда пікірі мен тұжырымын дәлелдей білетін, саналы түрде рефлексивті әрекетке түсе алатын, өзі үшін жаңа болып табылатын нәтижеге жете білу» деген анықтама берген. Бастауыш сынып оқушыларының әртүрлі деңгейдегі шығармашылық тапсырмаларды орындауда жаңа нәтиже алуға талпыныс жасауы және оған қызығушылық танытуы, өзіндік ізденімпаздық іс-әрекетінің нәтижесіне қуанып, жолдастарымен бөлісе алуы, өздігінен жаңа шешімдерді тиімді пайдалануы, оны өзіндік көзқарасы мен пікірі ретінде дәлелдей алуы, өзін субъект деңгейіне көтеруі шығармашылық іс-әрекеті қалыптасқан тұлға ретінде дамуына жағдай жасайды [13, 78 б.].

Шығармашылық іс-әрекеті қалыптасқан оқушының бағалау дербестігі де жоғары болады. Сондықтан әрбір алынған жаңа нәтижеде ол өзінің қабілетін, шешім қабылдау, ізденімпаздықпен рефлексияға түсе білуі, өзінің пікірін дәлелдей білуде жаңа белеске көтерілуі олардың бағалау дербестігін қалыптасуына ықпал етеді деген қорытынды жасаймыз.

А.Е.Жұмабаева болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларға математиканы оқыту барысында алгоритмдерді қолдану олардың тапсырмаларды ретімен орындауларына, білім мен біліктерінің жүйеленуіне, олардың негізгіні бөліп алу, талдау, жинақтау, қолдану, тіпті бағалау сияқты ойлау қабілеттерінің дамуына, тапсырмаларды орындау барысында түрлі нұсқалардың ішінен тиімдісін тандап алуға үйренуіне мүмкіндік беретіндігін байқайды. Соған сәйкес болашақтағы өз кәсібінде кез келген әрекет ету кезінде оның әр қадамын саналы түрде тандап алып, түрлі нұсқалардың болатынын және солардың ішіндегі тапсырманы тез, шапшаң әрі дұрыс орындауға мүмкіндік беретін нұсқаларын іріктеп алуға біртіндеп үйрене бастайды, мұны бір сөзбен айтқанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің алгоритмдік сауаттылығы дамиды деуге болады деген тұжырым жасаған [137, 86 б.]. Автордың пікіріне қосыла отырып, бастауыш сыныптарда оқыту және оқу үдерісінде Блум таксономиясымен тапсырмалар орындату арқылы оқушылардың бағалау дербестігін дамытуға ықпалы зор деген пікірді ұстанамыз. Бастауыш сыныптарда оқушылардың пәндік тапсырмаларды орындатуда мұғалімдердің алгоритмдік сауаттылығы дамыған жағдайда нәтижеге жетеді.

Қ.М.Нағымжанова оқытудың психологиялық мазмұнын қарастыратын теориялардағы басты мәселелерге оқу материалының мазмұнының оқушы психологиясына ықпалы, оқытудың әдіс-тәсілдері мен оқу материалының ерекшеліктері оқушы психологиясына сай болуы, оқытудың тиімділігі,

оқытуды ұйымдастыру мен басқару мәселелері, оқытудың құрылымдық ұйымдасуының компоненттері арасындағы өзара байланыстарды қамтамасыз ету (оқу мотивациясы, оқу тапсырмалары, оқу міндеттері, бақылау және өзін-өзі бақылау, бағалау және өзін-өзі бағалау), оқыту арқылы оқушының тұлғалық және дара ерекшеліктерін дамыту, оқыту барысында бірлескен іс-әрекеттің қалыптасуы және тағы басқалар кіреді. Бұл мәселелерді талдау оқытудың құрылымының психологиялық мазмұнын анықтап береді деп қорытынды жасады [138].

Автордың пікірін қорытындылай келе, оқушылардың білім сапасын қамтамасыз ету үшін критериалды жүйе негізінде оқушылардың бағалау дербестігін қалыптастыруда басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

А.Х.Аренова зерттеу нәтижесінде кіші жастағылардың өзіндік оқу іс-әрекетінің құрылымын төмендегідей етіп ұсынады. Өзіндік техникалық қалыптастырушылық → өзіндік ойлау → өзіндік әрекет → оқу әрекетінің шығармашылық сипаты → мақсат қоюшылық → оқу моделі → өзіндік басқару → өзіндік тексеру → нәтиже [139]. Оқушылардың осындай әрекеттерінің нәтижесінде оқу міндеттерін әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындауда алдыңғы алған білімге сүйеніп шешуге болатындығына көз жеткізген. Өзіндік оқу іс-әрекетінің құндылығын автор өзіндік оқу іс-әрекеттердің барлығының бірлігінде қарастырады. Атап айтсақ: іс-әрекет, танымдық, оқу іс-әрекеті, өзіндік оқу іс-әрекеті (материалды жеке меңгерудегі оқушы іс-әрекет); зерттеуші-ғалымның пікірінше оқушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін қалыптастыруда мұғалім педагогикалық технологияларды дұрыс пайдалана білуі керек.

Қорыта келгенде, оқушының өзіндік оқу іс-әрекетінің нәтижесінде олардың дербестік әрекетінің деңгейі артады, ал мұның өзі оқушылардың қызығып, өз ықыласымен жасайтын әрекетіне ұштасып, соның нәтижесінде ол бағалау дербестігіне қол жеткізеді деп тұжырымдаймыз.

А.О.Мухаметжанова қазіргі таңда, оқушының өзіндік танымдық оқу әрекетін бағалау аясындағы танылуға тиісті объектілерге қатысты логикалық, әдіснамалық, жалпы білім алу элементтерін қамтитын құзыреттілік жиынтығын қарастырған. Бұған мақсат қоя білуді ұйымдастыру, соған байланысты жоспар жасай білу, сараптау, рефлексия, түйін шығару, оқу-танымдық іс-әрекетті бағалау білім мен біліктері кіреді. Бұл ғылыми әдіснамаларды меңгерген оқушы игеруі тиіс пәндерге қатысты креативті әрі нәтижелі жұмыс жасау біліктілігін яғни, шынайы ортадан мағлұмат ала білуді, сондай-ақ стандартты емес жағдайларда қалай әрекет ету және проблеманы шешудің болжау, яғни, эвристикалық әдістерін меңгереді деген қорытынды жасаған [140]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, өзіндік оқу әрекетінде оқушының бағалау дербестігін қалыптастыруда берілген тапсырмаларды сараптау, оқу-танымдық және рефлексиялық тапсырмаларды орындау барысында шешім қабылдау біліктілігін бағалауымен байланыстыра қарастырамыз.

Бағалаудың алты қағидасын ғалым А.Қ.Әлімов былайша ашып көрсеткен (16-суретте) [141].

Бірінші қағида: «Маңыздылық». Бағалау үшін пәннің ең маңызды, бағалауға тұрарлық күтілетін нәтижелерін таңдап алу керек. Егер педагогтің ойынша нәтиже маңызды болмаса, оны бағаламаса да болады.

Екінші қағида: «Дәлдік» (Адекваттық). Мұнда оқушылардың қажетті білім, білік, дағды, құндылықтарды қандай деңгейде меңгергендігін көрсететін бағалаудың дәл құралын таңдап алуымыз керек.

Үшінші қағида: «Объективтілік» (Дәлелділік). Объективті бағалау болу үшін бағалаудың нақты талаптарын таңдап алу керек.

Төртінші қағида: «Оқудың ажырамас бөлігі». Бағалау оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналуы керек, яғни «өзіміз үйретпеген нәрсені бағалау әділдікке жатпайды» (Дайана Хесс).

Бесінші қағида: «Жариялылық». Бағалаудың талаптары мен тәсілдері оқушыларға алдын ала хабарлануы керек. Баға жария түрде қойылып, оқушылар қандай жағдайда қалай бағаланатындықтарын білулері керек.

Алтыншы қағида: «Қарапайымдылық». Бағалау үдерісі мен оның формалары қолданыста қарапайым және ыңғайлы болуы керек.

Сурет 16 – А.Қ.Әлімов бойынша бағалаудың алты қағидасы

Бұдан шығатын қорытынды бағалау оқыту мен оқу үдерісінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде аталған алты қағидаға сәйкес жүзеге асырылуы қажет. Бағалаудың маңыздылығы тек педагог үшін ғана емес, оқушы үшін де маңыздылығы ескерілуі тиіс деп ойлаймыз. Екінші қағида бойынша, жаңа білімді меңгерудегі біліктілігі мен дағдысының бағалау критерийлерінне сәйкес болуы шарт. Үшінші қағида бойынша, меңгертілетін жаңа білімге қойылатын талаптарды мұғалім нақты білуі керек. Төртінші қағидада мұғалім бағалауды меңгерген білім бойынша ғана жүргізгені дұрыс. Алтыншыдан, бағалаудың қарапайымдылығы мен ыңғайлылығы оқушыға түсінікті болуына мән берген жөн деп санаймыз.

А.К.Тоғайбаева өзін-өзі бағалау және өзара бағалау іс-әрекетіне қойылатын негізгі талаптардың бірі – бастауыш сынып оқушыларының өз нәтижелерін бағалау, қателіктерін көру, әр түрлі жұмыс түрлеріне қойылатын талаптарды білу дағдыларын қалыптастыруын қамтамасыз етеді. Яғни бұлар өзін-өзі бағалаумен емес, бағалау процедурасымен байланысты бағалау әрекетінің түрлері. Ал қазіргі мұғалімнің негізгі қызметі оқушылардың өзін-өзі бағалауына жағдай жасау және олардың оқуын жетілдіру жолдарын түсіну үшін өзара бағалау арқылы сыныптастарымен бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру деген тұжырым жасаған [142]. Бұдан шығатын қорытынды бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігі деп отырғанымыз өзін-өзі бағалау болғандықтан, автордың пікірін толығымен

қолдаймыз. Өйткені, оқушылардың бағалау дербестігіне берілген тапсырма түрлеріне сәйкес өзінің катесін жөндеуге, табысты нәтижеге жететін оқу әрекеттерін орындау дағдыларын қалыптастырумен сипатталады.

Р.А.Набуова жоғары білімнің тиімділігінің маңызды көрсеткішінің бірі студенттердің білім алуындағы жетістіктерінің деңгейі болып табылады. Қалыптастырушы бағалауды қолдану педагог жұмысын бағалаудың жаңа жүйесінің маңызды критерийіне айналды және сабақта қалыптастырушы бағалау әдістерін пайдалану студенттердің бойында оқуға қызығушылық пен жауапкершілік пайда болғанын көрсетті, олардың өзіндік жұмыс, топпен жұмыс істеу машықтары қалыптасты, төзімділік, ұжымшылдық, өзара көмек сезімдері дами түседі деген тұжырым жасаған [143]. Бұдан бүгінгі болашақ мамандар университетті бітіріп, мектепте мұғалімдік қызмет атқаруда критериалды бағалау жүйесі туралы білімдері мен біліктерін тәжірибеде қолдануда оқушылармен өзіндік және топтық жұмыстарды ұйымдастыра алады деген пікірді ұстанамыз.

Р.Ж.Базарбекова болашақ маманның педагогикалық рефлексиясы жайлы мынадай тұжырым жасаған:

1. Болашақ маманның өзін-өзі талдап, кері байланыс жасай алуы оның кәсіби шыңдалуына, кәсіби тұрғыда жетілуіне мүмкіндік беретін ерекше тұлғалық сапалардың бірі болып табылады.

2. Педагогтың сәтті жүргізе алған рефлексиясы білім алушының оқудағы жетістігімен тығыз байланысты. Себебі, рефлексия арқылы білім алушының әр сабақ сайын нені түсініп-түсінбегенін бақылайды, демек, болашақ маман өзінің кәсіби әрекетін жоспарлауды үйренеді.

3. Рефлексия педагогикалық мәселелерді шешу кезінде болашақ маманның зерттеушілік қабілетін дамытуға ықпал етеді.

4. Рефлексия арқылы болашақ маман өзінің ойын жүйелеуді, айтатын пікірін бақылап, басқаруды, яғни ойлау үдерісінің жоғары деңгейіне қалай көтерілуді үйренеді деген қорытынды жасаған [144].

Біздің пікірімізше, болашақ маманның рефлексиясы келешекте мектеп тәжірибесінде оқушылардың білімін ұтымды бағалауға мүмкіндік туғызады. Зерттеу жұмысымызда оқушылардың бағалау дербестігін жүзеге асыруда педагогикалық рефлексияның маңыздылығын ескере отырып, оқу мен оқыту үдерісінде табысқа жетуге болады деп есептейміз.

А.Т.Туралбаева: «студенттердің білімін жеткіліксіз және субъективті бағалау жүйесі университеттің беделіне нұқсан келтіреді және жұмыс берушілердің, талапкерлер мен ата-аналардың университет беретін біліміне деген сенімін азайтады. Сауатты ұйымдастырылған білімді бағалау жүйесі ЖОО беделін нығайтудың кепілі болады. Соның нәтижесінде түлектердің өз кәсіби әрекеттерінде жетістіктерге жетуінің негізі қаланады» [145]. Бұдан бүгінгі студенттің келешек маман ретінде нақты білімі мен дайындық деңгейін көрсететін бағалауды нағыз шынайы, объективті болу қажеттігін көреміз. Өзінің білімін шынайы бағалай білген студент келешекте оқушылар білімін де шынайы бағалайтын болады деген ойдамыз.

Критериалды бағалау дегеніміз – білім алушының білімі мен білігін алдын ала белгіленген оқу жетістіктерімен салыстыра оқыту, соның негізінде оқушыны бағалау. Критериалды бағалау кезінде алдын-ала бағалау шкаласы белгіленіп, оқушының алдына соған жету жоспары қойылады. Бағалаудың мұндай жүйесі оқушының кемшіліктерін өзіне түзетуіне мүмкіндік береді, оның өзін-өзі және өзгені бақылауына, бағалауына мүмкіндік туғызады. Бұл әрине бағаның айқындылығын, адалдығын сақтайды, оқушының сабақ барысында өткен тақырыпты қалай түсінгендігін оқытушыға күнделікті саралап отыруына мүмкіндік туғызады.

Педагогке қойылып отырған міндеттердің ішінде бүгінде тәжірибеде қолданыстағы бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұнындағы бағалау жүйесіндегі бақылау мен бағалауға тоқталатын болсақ, оқыту мен оқудың нәтижесін бақылау мен бағалау педагогикалық диагностика деп аталады.

Ол кез келген толық оқу іс-әрекетінің үш бөліктен (бағыттаушы, орындалатын және бақылаушы) тұратынын көрсетеді. Бірінші бағыттаушы бөлігінің болмауы оқу іс-әрекетін жекелеген іс-әрекеттердің ретсіз топтануына әкеледі. Үшінші бақылаушы бөлімнің болмауы да оны кездейсоқ, жүйесіз іс-әрекеттер жиынтығына айналдырады. Оқудың мақсаты жойылады және оның жетістігі туралы түсінік болмайды. Сондықтан кез келген іс-әрекетте өзара байланысқан үш бөліктің де болуы қажет. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, осы пікірге толығымен қосыламыз. Себебі: жаңа материалды меңгеруде сабақтың мақсатына сәйкес мұғалім бағыт беруі тиіс. Орындаушы білім мазмұнын меңгерудегі оқушылардың оқу әрекеті, ал бақылаушы әрине мақсатқа жетудің нәтижесін көрсететін бағалау болып табылады.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне оқыту және оқу үдерісін ұйымдастыру үшін төмендегідей міндеттер (17-сурет) жүктеледі.



Біріншіден, мұғалім оқу үдерісінде «бағыт беруші», «серіктестік» қарым-қатынас орнатып, ол – оқушылардың уәж дағдыларын дамытуға жағдай жасаушы, мүмкіндік туғызушы, олардың еркін ойын, өзіндік ерекшеліктерін, қабілет-қарымдарын ескере отырып, жеке тұлғасын қалыптастыруы қажет.




Екіншіден, бүгінгі педагог оқытудың заманауи технологияларын тәжірибеде қолданып, кез келген жағдайда жұмыс істей алатын, білім беру үдерісінде жаңашылдыққа дайын, шығармашылық әлеуеті мол, кәсіби құзыретті маман болуы керек.



Үшіншіден, заманауи педагог жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламаларының басты идеялары сыни ойлау, проблеманы шешу, зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруға қабілетті, талдау, салыстыру, синтез, зерттеу, қолдану, бағалау дағдыларын меңгеруде әдістемелік тұрғыда дайын маман болғаны жөн.

Сурет 17– Бастауыш сынып мұғалімдеріне оқыту және оқу үдерісін ұйымдастырудағы міндеттер

Әлемде білім беру ісінің нәтижесін бағалай білудің өзіндік тәжірибесі қалыптасқаны белгілі. Критериалды бағалауда оқушының қаншалықты білім алғандығы емес, оның алған білімін өмірлік тәжірибеде қаншалықты пайдалана алатындығы маңызды болмақ. Ал біздің еліміздегі білім жүйесінде басым жағдайда оқушылар өздерінің алған теориялық білім деңгейімен бағаланып, сонымен ғана шектеліп келгені белгілі. Осы орайда оқушы білімін критериалды бағалау – педагогтерге нақтылық алып келетін бірден-бір жүйе. Критериалды бағалау арқылы бастауыш сынып оқушыларында мынадай дағдылар (18-сурет) қалыптасады:




оқушылар олардың алдына қойылатын мақсаттарды нақты біледі;
оқу барысында қандай дескрипторлар іске асырылуы қажет екендігін түсінеді, дескрипторларға сәйкес өздерінің оқу үдерісіндегі кемшіліктерін анықтай алады;
«талпынады» бағаларының қойылынуына сәйкес тақырыптарға көбірек назар аударуға тырысады.

Сурет 18 – Критериалды бағалау арқылы оқушыда қалыптасатын дағдылар

Оқыту нәтижелерін бағалау оқыту мен оқу үдерісінің маңызды дидактикалық кезеңдерінің бірі білім сапасын арттыруға елеулі әсер етеді. Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін үнемі қадағалаумен бірге әр кезеңде оқушылар оқу табыстылығын бағалаудың өзіндік тәсілдеріне сүйене отырып, олардың жетістікке жету жолындағы жеңген қиындықтарын саралап, түсіндіру қажет. Сонда ғана оқушылардың жаңа білімді меңгеруге деген қызығушылық сезімі оянып, жеткен табысына қуана отырып, одан ары ізденуіне шабыттандырылады.

Критериалды бағалау жүйесі төмендегідей кезеңдермен (28-сурет) ұйымдастырылады:



Сурет 19 – Критериалды бағалау жүйесін ұйымдастыру кезеңдері

Қалыптастырушы бағалау бойынша тапсырмаларды әзірлеу мысалы: бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі. Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі. Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты қадамдарды көрсететін сипаттама болып табылады.

Р.О.Кенжетаева «оқыту оқушылардың жалпы дамуына бағытталуы керек. Даму педагогикасы кіші жастағы оқушының жеке басының дамуына назар аударды. Мұғалім баланың ашылуына көмектесіп, оқушының жеке басының дамуына қолайлы, табиғи жағдай жасауы керек. Бағалау іс-әрекетінде мұғалім барлық жетістіктерді, оқушының сенімділігі мен тәуелсіздігінің барлық көріністерін атап өтіп, білім беру үдерісінің барлық қатысушылары арасында сенімді қарым-қатынас жасауы керек. Балдық бағалау жүйесі білім алушылардан жоғары баға алуға, өзін-өзі нығайтуға, сөгіс алмауға және т.б. ұмтылуды талап етеді» деп қорытынды жасайды [146]. Бұл критериалды бағалауда іске асырылатын үдеріс, сондықтан автор бағалаудың оқушының жеке басын дамытуы мен жеткен жетістіктері, оның өзіне деген сенімі, сыныптастары арасындағы қарым-қатынас жасауы, яғни топтық тапсырмалардың нәтижесінің табысты болуын қамтамасыз етуі тиіс деген қорытынды жасаймыз.

Ж.Турганалина «ағымдағы зерттеу жаңа бағалау жүйесі бар жалпы білім беретін мектептердегі қазақстандық мұғалімдердің өмірлік тәжірибесіне басымдық бере отырып, СВА (шығындар мен пайдаларды талдау) енгізу үдерістерінің неғұрлым нақты көрінісін берді деп айтуға болады. Зерттеу мұғалімдердің реформаға деген көзқарастарындағы кейбір өзгерістерді, бағалаудың жаңартылған тәсілінің артықшылықтары мен кемшіліктерін,

мұғалімдердің СВА (шығындар мен пайдаларды талдау) мәселелерін және оқыту тәжірибесіндегі өзгерістерді анықтай отырып, зерттеу сұрақтарына жауап берді. Қазіргі тұжырымдар мен үшін зерттеуші ретінде үлкен маңызға ие, өйткені олар қазіргі уақытта салыстырмалы түрде жақсы зерттелген және болашақ зерттеулердің бағыттарын көрсететін осы саладағы аспектілерді анықтайды. Осылайша, менің болашақ зерттеуімде мен қатысушылардың үлкен үлгісін жинауды жоспарлап отырмын, сонымен қатар әртүрлі мүдделі тараптардың көзқарастары мен тәжірибелерін қосамын, бұл зерттеуді жалпылама етеді» деген тұжырым жасайды [147]. Автор бағалаудың жаңа түрінің яғни критериалды бағалаудың артықшылығы мен кемшіліктерін айқындаған. Зерттеу жұмысына бағалаудың жаңа тәсілдерін тәжірибеде қолдану мүмкіндіктеріне қарай салыстырмалы қорытынды жасаған.

М.Бондаренко критерийлік бағалауды жүзеге асырудың қиындықтарына қарамастан, мұғалімдердің бірігіп, жаңа бірлескен жұмыс тәжірибесін құру арқылы, оқыту тәжірибесін белсенді оқытуға ауыстырып және мұғалімдердің рөлі оқушылардың оқуын жеңілдету үшін өзгертілгенін көрсетеді» деп ой қорытады [148]. Жаңартылған білім беру бағдарламасының енгізілуімен қатар, білім беру формасы да өзгергені белгілі. Бастауыш сынып мұғалімдері критериалды бағалаудың әдістемесін жетік меңгеру үшін жаңа бірлескен жұмыс тәжірибесін құрып, мұғалімнің рөлі оқушылардың білімді табысты меңгеруіне жол көрсетуші, бағыт беруші ретінде айқындаған.

Бағалау жүйесі білім беру үдерісіндегі ең маңызды мәселелердің бірі. Бағалау оқыту, дамыту, тәрбиелеу сияқты көп функцияларға ие. Сонымен оқыту нәтижесін бақылау немесе тексеру оқыту үдерісінің міндетті компоненті болып табылады. Ол оқу үдерісінің барлық деңгейлерінде, әсіресе бағдарламаның қандай да бір бөлімін игергеннен кейін және оқытудың деңгейін аяқтағанда маңызды роль атқарады. Осы орайда білім сапасын арттыру мақсатында критериальдық бағалау жүйесін дамыту маңызды екені сөзсіз. Өйткені, оқушының бағалау дербестігін дамыту оқыту үдерісінде жүзеге асырылады. Жаңа тақырыпты меңгеруде немесе бөлімді аяқтағанда бағаланатын критериалды бағалау түрлері оқушының білім траекториясын айқындауға негіз болады.

А.К.Жумыкбаева «бағалау – одан арғы оқу туралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылады. Себебі, бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бағалау түрлі мақсаттарды көздейтін түрлі формада өткізіледі. Дегенмен, бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән: бақылау; алынған мәліметтердің интерпретациясы; бұдан арғы іс-әрекетті анықтауға бағытталған қорытынды» деп көрсеткен [149]. Бұдан шығатын қорытынды бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда өзіндік шешім қабылдауы, өзін өзі реттеуі мен өзін өзі бақылауына басымдық берілуі қажет.

Ә.Е.Әбуов өзін-өзі бағалауды шығармашылық тұрғыдан қарастырып, «Өзін-өзі бағалау – оқушының өзін-өзі тануына, өзін-өзі сезінуіне және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі іске асыруына бағытталады» деген тұжырым жасайды [150]. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін дамытуда шығармашылық бағалаудың алатын орын зор. Зерттеу барысында жүргізілетін эксперимент барысында басшылыққа аламыз.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалаудың артықшылықтары мынада – білім алушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады, білім алушының жұмысын бағалау алдын ала ұсынылған критерийлерге негізделеді, бағалау алгоритмі білім алушыларға алдын ала белгілі болады, білім алушы нақты не мақсатта жұмыс істеп отырғанын біледі, білім алушыға өзінің білімділік деңгейі анық көрініп тұрады, критерий арқылы бағалау оқытушының білім алушы деңгейін анық біліп отыруына мүмкіндік береді, нәтижесінде білім берудің сапасы артады.

А.Қ.Мошқалов өзін-өзі дамыту – жеке тұлғаның бойында қайта қалпына келмейтін сапалық өзгерістердің оның өз еркіне байланысты орын алуы және жеке тұлғаның өз дамуына өзі жауап беруі. Бірақ бұл бірден жүзеге аспайды, ол жеке адамның өз-өзін бағалаудың белгілі бір кезеңінде орын алады. Баланың баршаға таныс «Мен өзім» деген сөзі өзін-өзі бағалауының бастауы болып табылады. Бірақ өзін-өзі бағалау қажеттілігінің жеке тұлғаның тұрақты қасиетіне айналуы үшін біршама уақыт қажет [151]. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін дамытудың бастауы ретінде оларда өзіндік «Мен-ін» қалыптастыруды оң пікір деп есептейміз. Бұл үдеріс ұзақ жүретіндіктен оны тұрақты сапалық қасиетке айналдыруға басымдық береміз. Сондықтан сабақ барысында оқушылардың бағалау дербестігін дамытудың маңызы зор.

М.Н.Оспанбекова өзін-өзі бағалау – өз қабілетіне, мүмкіндігіне, мінез-құлқына, ішкі жан-дүниесіне, басқа адамдардың ортасында өз орны туралы, тағы басқалар бойынша өзіне баға беруі болып табылатын адам санасының құрамдас бөлігі. Өзін-өзі бағалау арқылы адамның мінез-құлқы реттеледі, өзіне, жасаған істеріне сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Өзіндік бағалау оқушыны сенімділікке, ойлануға, шығармашылыққа тәрбиелейді. Әрине, оқушы әрекетін мұғалім бағалауынан оның өзін өзін-өзі бағалауға көшу айтарлықтай қиындық тудыратын қадам. Ал оған үйренген оқушы бірте-бірте өзінің сыныптастарын бағалауды да табысты атқарары сөзсіз. Баланың өз сыныптастарының әрекетін бағалауы өте маңызды рөл атқарады, себебі ол ынталандыру деңгейін көтереді, оқушыларға өз тілінде сөйлеуге мүмкіндік береді, сынды қабылдауға ықпал етеді, өзіне және мұғаліммен пікірталасқа түсуде сенімділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге сабақ үдерістен шектелуіне және жай ғана бақылауына мүмкіндік береді [152]. Бұдан бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің оның мінез-құлқына әсер етіп, өзінің оқу әрекетін бағалауда берілген дескрипторлар бойынша әділдік, сенімділік, сыни ойлауға мүмкіндік беріп, өзінің білімді меңгеру деңгейін айқындайды. Әрбір пән бойынша тақырыпты меңгеруде жетістігі мен кемшілігін ажыртуда өзіндік пікірі қалыптасып және кемшіліктерін жөндеудің

жолдарын қарастырады. Осыған бағытталған жұмыстардың нәтижесінде пәнді оқуға деген қызығушылықтарын арттырып, өзіндік шығармашылыққа баулып, кері байланыс жасауда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігі дамытылады.

М.У.Едильбаева бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын қалыптастыру әдістемесін жетілдіру мақсатында төмендегі заңдылықтар сақталуы тиіс [153]:

– әр сабақта оқу міндеттеріне сай оқушылардың материалды өз бетінше игеруіне, ізденіс жұмысын жүргізуге және проблемалық жағдаяттардың ұйымдастырылуына жағдай жасау;

– бастауыш сынып оқушыларының даярлық деңгейіне сай оқу материалдарын өз бетінше игеру тапсырмаларын мүмкіндігінше күрделендіру, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік зерттеу қызметін жетілдіру, тапсырманы орындауға жіберілетін уақытты нақтылау, қиындықтарды шеше білуге көмектесу;

– оқушылардың өз бетінше оқу тапсырмаларын орындауы ерекше қадағалануы шарт: а) өзін-өзі бағалауы төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілуі керек, себебі кездескен қиындықтар олардың өзіне деген сенімсіздігін туғызады; ә) өзіндік бағалауы жоғары оқушыларға назар аудару қажет, себебі ақыл-ой еңбегін қажет етпейтін жеңіл тапсырмалар оларды моральдық қанағаттануын туғызбайды деп санайды.

Біздің ойымызша, өзін-өзі бағалаудың бұл түрі жеке тұлғаның жеке аспектілерін, белгілі бір іс-әрекеттегі дағдылары мен қабілеттерін өзін-өзі бағалаудан гөрі, жеке тұлғаның жалпы өзін-өзі бағалауында тұтас тәжірибесін білдіреді. Критериалды бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін нақты анықталған критерийлермен салыстыруға негізделген, оқушылардың бағалау дербестігін қалыптастыруға ықпал етеді деген тұжырым жасаймыз.

Қорыта келе, *бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыру дегеніміз* – оқу жетістіктерін алдын ала белгіленген бағалау шкаласына сай бақылау және тексеру, өзіндік жұмысында мақсат қоюы, оған жетудегі жоспарын құруы, оны орындау алгоритмін меңгеруі, бағалау дербестігінің тетіктерін, өзіндік пікірін жүзеге асыратын, бағалаудағы әділдік, өзін-өзі бақылауы, түзетуі, өзіндік рефлексия, өзін-өзі бағалауда табысқа жетуі, – деген анықтамамызды ұсынамыз.

2 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БАҒАЛАУ ДЕРБЕСТІГІН КРИТЕРИАЛДЫҚ ЖҮЙЕ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

2.1 «Бағалау», «критериалды бағалау», «критериалды бағалау жүйесі» және «бағалау дербестігі» ұғымдарының мәні мен құрылымы

Педагогика және психология қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: баға – оқушылардың білім, білік, дағдыны меңгеру дәрежесін шартты белгімен – балмен анықтау және көрсету. Бағдарламамен бекітілген, оқу үлгерімі мен тәртібінің деңгейі. Ауызша және жазбаша жауап беру, практикалық және графикалық жұмыстар, шеберханалар мен өндірістегі және мектеп жанындағы үлескідегі жұмыстар да бағаланады. Сонымен қатар, оқушының оқуға деген қарым-қатынасы, оқу мекемесінің оқушыларға арналған тәртіп ережесін орындауы ескеріледі. Ал, бағалау балдары оқушылардың білім деңгейін белгілейтін баға. Сөз түрінде, не сан түрінде болуы мүмкін. Мектептерде «5» балдық жүйе қалыптасқан, деген анықтама берілген [94]. Бастауыш сыныптарда оқыту және оқу үдерісінің нәтижесінде оқушылардың меңгерген білімі, білігі, дағдысының деңгейі балмен бағаланады. Әрбір пәннің мазмұнын меңгерудегі оқушылардың оқу әрекеттерінің барлық түрі ескеріле отырып, жинақталып бағаланады. Бүгінгі күнгі бағалау тұрғысынан алсақ, анықтамаға толықтырулар енгізілетінін, бүгінгі мектеп тәжірибесінде бағалау критериалды бағалау жүйесі деп аталып, «5» балдың орнына «10» балдық жүйе енгізілді.

Ю.И.Ожеговтың сөздігінде: «бағалау» бір нәрсенің дәрежесін, деңгейін, сапасын анықтау, – деген анықтама берген. [95, 63 б.]. Егер біз «бағалау» сөзінің мағынасын оқушылардың жетістіктерін өлшеу тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда бағалау – бұл бағдарламаны игеру дәрежесі, нақты материалды игеру көрсеткіші.

Harlen мен Sadler бойынша, бағалау – бұл оқушылардың үлгерімі мен оқу үдерісіндегі қазіргі үлгерімді бағалау үдерісі болып табылады [96, 58 б.]. Бұдан қазіргі уақытта бағалау оқушылардың материалды түсінуін және алған білімдерін пайдалану қабілетін бағалауды мақсат ететін оқытудың негізгі аспектілерінің бірі болып саналады, – деген тұжырым жасауға болады.


«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың Ережелерінде: критериалды бағалау – бұл үдеріс, берілген жүйе бойынша оқушының оқу жетістігін алдын-ала барлық қатысушыларға белгілі (оқушыларға, мектеп әкімшілігіне, ата-анасына және заң өкілдеріне) нақты анықталған, ұжымдасып жасалған критерийлермен салыстыруға негізделген. Бұл бағалау жүйесі ең алғаш оқушыларды жақсы оқуға жетелеп, оның өсу қарқыны мен біліміндегі ақауларды анықтауға бағытталғау, – деген анықтама берілген [97, 65 б.]. Бастауыш сыныптарда критериалды бағалау оқушылардың күнделікті білімді өзіндігінен меңгеруіне қызығушылығын арттыруға, өзінің жетістігін одан ары дамытып, жетпей жатқан тұстарын жетілдіруге қажетті ақпаратты ізденіп,

критерий бойынша тапсырмаларды орындауының деңгейінің нәтижесі бағалануы тиіс, – деп есептейміз.

Б.Г.Ананьев бағалаудың білім алушының тұлғасына, оның зияткерлік және аффективті-еріктік қасиеттеріне әсерін көрсетеді. Зерттеу аясында бағалаудың бағыттаушы функциясы «кері байланыс», «нәтижелер туралы білім», «мадақтау мен жазалау» сияқты ұғым түсініктермен байланыстырыла қарастырылған [23, 91 б.]. Бұдан шығатын қорытынды бағалау дербестігінде меңгерген білім мазмұны бойынша бастауыш сынып оқушыларының кері байланыста берген жауаптарының нәтижесінде жеткен жетістігімен мадақталады, бағаланады.

Кронбах бағалау бұл – қорытынды жасау рәсімі. Қорытынды оқушының ағымдағы үлгерім деңгейіне немесе оның болашақ нәтижелеріне қатысты болса, бағалау жиынтықтау қызметін атқарады. Егер қорытынды алдағы оқуды барынша арттыра алатын оқыту жаттығуларына қатысты болса, бағалау қалыптастырушы қызметін атқарады деген пікірді ұстанады [98, 57 б.]. Автордың ойын түйіндейтін болсақ, жиынтық пен қалыптастырушы арасындағы айырмашылық – бағалау түріне емес, бағалау барысында алынған ақпараттың негізінде жасалған қорытынды түріне байланысты болады. Бағалау барысында алынған бір ақпарат екі түрлі қорытынды жасауға жарауы мүмкін, яғни алдағы қадамдарды анықтаудан гөрі, оқушының оқудың қандай сатысында екенін анықтау әлдеқайда жеңіл бағаланады.

Брудфут бағалау туралы тәжірибелерді зерттеу нәтижелерінде Ұлыбритания ғалымдарының бағалауды реформалау тобымен бірлесе отырып, «бағалаудың жеті қағидасын» (29-сурет) ұсынады [154]:



Сурет 20 – Бағалаудың жеті қағидасы

Ұлыбритания ғалымдарының ұсынған бағалау туралы қағидалары еліміздегі бастауыш білім бағдарламаларын жүзеге асыруда басшылыққа алынып отырғанын, оқыту мен оқу формасының түбегейлі өзгеруіне негіз болып, басшылыққа алынып отырғанын айта кеткіміз жөн. Бағалау оқыту және оқудың ажырамас бөлігі ретінде меңгертілетін және меңгеретін жаңа білімнің нәтижеге жетуіндегі бағалануы. Келесі қағидаты бойынша, жаңа тақырыпты хабарлау барысында алдымен оқу мақсаттарымен таныстырылуы. Үшінші қағидат бойынша, стандартта айқындалған білім көлемін меңгеруге бағытталуы. Төртінші қағидат әр сабақта оқушылардың өзін-өзі бағалауы арқылы іске асырылады. Бесінші қағидатта, сабақтың кез келген кезеңінде рефлексияның іске асырылуы, яғни білімді өздігінен меңгеру қадамдарының бағытын айқындау мен оған баға беру. Алтыншыдан, сол арқылы әр оқушының білім алуға деген сенімділігін арттыру көзделеді. Жетіншіден, рефлексияның мұғалімге де, оқушыға да қатысы айқындалып, бағалау өзінің критерийлері бойынша жүзеге асырылады.

Бағалау – оқу үдерісі мен нәтижелерін жүйелі түрде және сыни талдау, соның негізінде ағымдағы және кейінгі оқу үдерісіне қатысты тұжырым жасап, шешім және немесе ұсыным шығаруға бағытталған қызмет. Бұл әрине әрбір пән бойынша меңгерген тақырыпқа сыни көзқарас тұрғысынан талдау жасап, өзіндік ой-қорытынды пікірін дәлелдеуі, шешім қабылдауымен сипатталады.

Критериалды бағалау – қалыптастырушы бағалау жүйесінің жалпы ұстанымы. Критерий – (грек. krition-пайымдау құралы) – бағалау жүргізілетін белгі, тексеру құралы, бағалау өлшемі. Критериалды бағалау кезінде бағалау критерийлері барлығына (бірінші кезекте оқушылар мен мұғалімдерге) ашық және түсінікті, операция жасалған, яғни жетістіктердің көрсеткіштері (индикаторлары) анықталған. Критериалды бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін нақты анықталған критерийлермен салыстыруға негізделген, оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Критериалды бағалау – оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу – жиынтық және қалыптастырушы, – деген анықтама берілген. Бұдан шығатын тұжырым қазіргі мектеп тәжірибесіндегі критериалды бағалаудың мазмұны аталған екі бағалау түрлері, яғни қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен жүзеге асырылады. Бұл бағалау жүйесінің отандық мектеп тәжірибесіне енгізілуі жаңартылған білім беру бағдарламасының тәжірибеге енгізілуімен байланысты.

С.Мирсейітова «бағалау» терминінің ағылшын тіліндегі үш мағынасын келтіреді:

1. Бағалау (Evaluation), яғни бағалау – талдау ретінде.
2. Мониторинг (Assessment), бағалау – құрал ретінде айқындалады.

3. Баға (GradenemeseMark), бағалау – сандық құрал ретінде қарастырылады [155]. Автор бірінші мағынада «бағалау» білім алушылардың жетістіктерін, яғни білімді сандық және сапалық тұрғыдан, екінші түсінікте «бағалау» нәтижелерге жету көрсеткіші ретінде қарастырады, үшінші мағынада «бағалау» баға, баға қою ұғымдарына сәйкес келеді, – деп қарастырады.

Бойл және Чарльз білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу, бағалаудың өзара байланысына және оқу үдерісін ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз етуге негізделгенін айқындаған. Бұл барлық бағалау элементтері арасындағы өзара байланыс орнатуды, теориялық негіздемені болжамдайды (оқу мақсаттары, бағалау түрлері, құралдары мен нәтижелері), бұл критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық (концептуалдық) құрылымы [156].

Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесін төмендегідей ерекшеліктері бар (20-сурет):



Сурет 21 – Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесінің ерекшеліктері

Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастыратын болсақ, авторлардың ұсынып отырған тұжырымдамалық құрылымын толығымен басшылыққа аламыз. Өйткені, критериалды бағалау жүйесі еліміздің білім беру саласына енгізілгеніне көп уақыт өтпегендіктен, әлі жетілдіріу үстінде. Оған дәлел алғашында бағалау критерийлері 20 балл, 15 балл және т.б. әртүрлі белгіленгені мәлім. 2020-2021 оқу жылынан бастап, 10 балл деп біркелкі белгіленгеніп отыр.

В.И.Перовский анық, дәл айқындайды және өз еңбегінде былай деп анықтама береді: «Оқушы білімнің бағасы дегеніміз – бағдарлама бойынша немесе оқытудың дәл сол уақыттағы сұрақ-талаптарына білім қорының болуына сай қатынасты сипаттайды, ал баға немесе баллдар, осы қарым-қатынасты көрсететін форма болады», – деп көрсеткен [157]. Бұдан автордың

оқушыға қойылатын бағаны оқыту және оқу үдесінде білім мазмұнын меңгеруді айқындайтын формасы ретінде қарастырғанын көреміз.

Н.В.Кузьминаның пікірінше, педагогикалық жүйелердің теориясында бағалаудың құрылымды және функционалды компоненттердің теориялық және эмпирикалық құрамы белгіленген және педагогикалық жүйе мен ішінаралық жүйелерге педагогикалық әсер етудің субъектісі мен объектісіне, бірлесу қызмет етуінің нысанына, педагогикалық коммуникациясының оқыту мақсаты мен тәсілдеріне байланысты болып табылады,- деген тұжырым жасаған [20, 71 б.]. Бұдан автордың бағалаудың құрылымы мен атқаратын қызметін тұтас педагогикалық үдерісті іске асырумен байланыстырғанын көрсеміз. Оқу пәнінің мақсатына жетудегі субъектілік қарым-қатынас, субъектінің объектіге қатынасы, оқу мазмұнын меңгертудегі әдіс-тәсілдер мен оқыту технологияларының өзара байланыстылығына негізделіп бағаланады

Л.Д.Олейник өзін-өзі бағалаудың алты құрамдас бөліктерін атап айтты: өзін-өзі сезіну, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі қадағалау, өзін-өзі сынау, өзін-өзі реттеу немесе басқару [158]. Автордың көрсеткен бағалау дербестігі мынадай құрамдас бөліктерден (31-сурет) тұрады

Өзін-өзі сезіну – өзін-өзі білдіру мен өзін-өзі көрсетуге әсер ететін, тұлғаның өзіне-өзі жағымды сезімі.

Өзін-өзі бағалау адамның айлаласындағылармен қарым-қатынасын, өзіне сын көзбен қарауын және талап қоя білуін, жетістікке және сәтсіздікке қалай қарайтынын көрсетеді.

Өзін-өзі қадағалау – өзін-өзі танытуға мәні жағынан жақын, тұлғаның өзін-өзі көрсетуді білдіретін ұғымдардың бірі.

Өзін-өзі сынау – адамның өз іс-әрекетінің шырқын бұзатын, эмоциялық саласына ықпалы болатын жағдаяттарда өз қарекетін жүзеге асыруға қабілеттілігі.

Өзін-өзі реттеу немесе басқару – ұжым мүшелерінің өз ортасында басшылық етіп, басқару әрекеті.

Өзін-өзі тану – бұл тұлғаның жетілген өзіндік реттеу, өзіндік басқару негізінде пайда болатын, жақын ортада өзінің әлеуметтік статусын жоғарылату қажеттілігінен туындаған, өзін-өзі көрсету және өзін әлеуметтік тәжірибе субъектісі ретінде өзін-өзі бекіту бойынша дербес, саналанған, арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеті.

Сурет 22 – Л.Д.Олейник бойынша өзін-өзі бағалаудың алты құрамдас бөлігі

Критериалды бағалаудың құрылымына тоқталсақ, оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Алғашқы ұғымда қалыптастырушы бағалауды – аналитикалық бағалау деп аталса, жиынтық бағалауды – холистикалық бағалау деп аталып келді. Холистикалық бағалау – ағылшынша «holism», грек «holos» тұтас қысқа мерзім ішінде және жалпы түрде бағалау.

Әлемдік тәжірибеде қалыптастырушы бағалау екі түрлі сызбасы бойынша жасалады: Холистикалық бағалау сызбасы (англ. holism; гр. holos – тұтас), барлығы – оқу үдерісінің мақсаттары бойынша анықталған қабілеттерді жеке-жеке бағалау арқылы оқушының даму деңгейін қысқа мерзімде және жалпы түрде бағалау. Бұл қысқа мерзімде жүргізілетін жылдам бағалауда бөлшек құрамға емес, тұтас тұлғаға жасалатын кез келген тәсіл. Аналитикалық бағалау – оқушылар үшін көзделген нақты қабілеттерді белгілі бір ұзақ мерзім ішінде біртіндеп бақылап отыру және бағалау.

Майкл Скривен қалыптастырушы бағалаудың пайда болуына байланысты ғалымдардың «Білім беру бағдарламасын тұрақты жетілдіруде өзіндік орны бар» бағамдау үдерісін сипаттау үшін «қалыптастырушы» деген терминді алғашқы болып қолданған. Сондай-ақ, ол бағамдау «мектеп басшыларына бірыңғай білім беру бағдарламасын әзірлеп, бағамдау үдерісін өзінің бастапқы рөлінде қолдану арқылы оны қайта қарай отырып, мектеп жүйесі жұмсайтын шығындарды ақтау мақсатында басқа баламалармен салыстырғанда айтарлықтай артықшылығы бар ма екені туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді» деп атап өтті. Осы ретте «бағамдауды жіктеу үшін «қалыптастырушы» және «жиынтық» терминдерін ұсынған [159]. Бұдан шығатын қорытынды критериалды бағалаудың қазіргі қолданылып жүрген қалыптастырушы және жиынтық бағалау ұғымдарын енгізген ғалым деуге негіз бар.

Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады.

Критериалды бағалаудың құрылымы.

Бағалау тәсілдері критериалды бағалаудың түрлеріне, пән мазмұнына қарай ерекшеленуі мүмкін. Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, оқу үдерісі барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, сыртқы жиынтық бағалау және жиынтық бағалау.

Луни бойынша, «қалыптастырушы бағалау – оқудағы қажеттіліктерді анықтап, сәйкесінше оқыту үдерісін өзгерту мақсатында оқушының алға ілгерілеуі мен материалды игеруін жиі, интербелсенді бағалау» – деп анықтама берген [160]. Бұдан шығатын қорытынды оқушылардың пән мазмұны бойынша, қызығушылығын қанағаттандыратын оқу мақсаттарына жету жолындағы оқу-танымдық материалдарды меңгерудегі белсенділігі мен өзін-өзі бағалауы болып табылады. Бастауыш білім берудің жаңартылған

мазмұнын меңгеруде оқыту үдерісінің нәтижесінде ұсынылатын дескриптор мен рефлексиялық тапсырмаларды орындауда оқушылар өзін-өзі және топты тапсырма түрлеріне қарай бағалайды.

Пол Блэк пен Дилан Уильям өздерінің «Қара жәшік ішінде» атты көпке танымал мақаласында әріптестерімен бірлесіп мұғалімдерге өздерінің жұмыс әдістерін өзгертуге, ал оқушыларға өздерінің мінез-құлықтарын өзгертуге көмектесіп, сол арқылы әр тарап оқу үшін өз жауапкершілігін түсінген жоба туралы әңгімелейді. Оқу үшін бағалау мен қалыптастырушы бағалау арасындағы қатынасты: «Оқу үшін бағалау бұл – ең алдымен оқушылардың оқуын алға ілгерілету мақсатында әзірленетін және қолданылатын кез келген бағалау. Осылайша, есеп беру, рейтинг құрастыру немесе біліктілігін растау мақсатында әзірленетін бағалаудан ерекшеленеді.

Бағалауға арналған жаттығулар мұғалімдер мен оқушылар өздерін және бірін-бірі бағалауда кері байланыс ретінде қолдана алатын ақпарат берген жағдайда ғана бұл жаттығулар оқуға жағдай туғызады. Оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оқыту барысында ескерілген жағдайда ғана бағалау «қалыптастырушы бағалауға» айналады дей келе, оқушы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытуды икемдеуде осы дәлелдер қолданылса, мұндай бағалау қалыптастырушы бағалауға айналады», – деген анықтама берген [56, 49 б.]. Біз авторлардың пікіріне қосыла отырып, бағалау мен қалыптастырушы бағалаудың арақатынасы оқушының қажеттілігін қамтамасыз ететін мақсатқа жетудегі бағалау қалыптастырушы бағалау болмақ. Күнделікті оқыту үдерісінде мұғалімнің оқушылармен жүргізетін кері байланысы, яғни рефлексиялық тапсырмалардың қойылуы мен оған берілген жауаптардың бағалануын қалыптастырушы бағалауға айналады, – деген тұжырымы бүгінгі күні іске асырылып отырғанымен дәлелденеді.

Теодор Сайзердің «Баға беру және есепке алу-керемет мақсаттар. Білім алу үдерісіне кедергі тигізбейтін және біздің жан салып жасап жатқан ісімізге пайдалы да әділ баға беретін жүйе ...» – дегеніндей, қалыптастырушы бағалау дұрыс ұйымдастырылған жағдайда мұғалім білім алушылардың іс-әрекеттеріне байланысты түсінік, ұсыныс т.с.с. бере отырып, жүйелі түрде кері байланысты қамтамасыз етеді, – деген қорытынды жасаған [161]. Автордың қалыптастырушы бағалау туралы пікірі бастауыш сынып оқушыларының меңгерген біліміне берілетін бағаның әділ болуы, олардың оқуға қызығушылығын арттыратындай, әрі кері байланысты мұғалімнің шығармашылықпен ұйымдастыруы белгілі нәтижеге қол жеткізуге ықпал етеді, – деп санаймыз.


Бенджамин Блум қалыптастырушы бағалау дегеніміз – оқу үдерісінде мұғалімдер мен оқушылар көмек ретінде қолданатын қысқа тестілер бойынша бағамдау дегенді білдіреді. Мұндай тестілерді жіктеп, бағамдаудың пікір тұжырымдауға көмектесетін бөлігі ретінде қолдануға болғанымен, біз қалыптастырушы бағамдауды баға қою үдерісінен бөліп алып, тікелей оқыту үшін қосымша құрал ретінде қолдану анағұрлым тиімді, – деп санаған [163]. Бағалаудың бұл түрін Блумның пікірі бойынша іске асырылып жатқанының

күәсі болып отырмыз. Қалыптастырушы бағалаудың түрі өзгеріп тест емес дескрипторлар құрылатынын айта кеткеніміз жөн.

Г.Каль:«қалыптастырушы бағалау мұғалімдер оқушылардың өтіліп жатқан тақырыптар мен дағдыларды игеруін бағалау үшін қолданатын құрал. Белгілі бір тақырып өтіліп жатқанда оқушының қате түсінігін және түсінбеген мәселелерін анықтаудың «өзегі» болып табылады» деген [164]. Бұдан шығатын қорытынды автордың бағалауға берген анықтамасында білім мазұнын меңгеру дағдылары жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламаларында басымдық оқушылардың дағдыларын қалыптастыруға басымдық беруімен байланыстырамыз.

Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен оқушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл оқушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау мұғалім мен оқушылардың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін, оқу жетістігінің дамуына, өсуіне тікелей әсер ететін үдеріс болып табылады. Тиімді оқыту мақсатында оқушылардың оқу үдерісіндегі ілгерілеуін, ағымдағы түсінік деңгейін қадағалау қажет.

Аталған ақпарат қалыптастырушы бағалаудағы сияқты жоспарлау, түзету, оқу үдерісіне талдау жасау үшін қолданылады. Пән бойынша әдістемелік бірлестіктерге жиынтық бағалаудың барлық түрлері бойынша бақылау тапсырмаларын, әдістерін, кезеңдерін көрсетіп, оқу жылына жиынтық бағалаудың жоспарын құрастыру ұсынылады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасына, оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде өткізіледі. Төмендегі суретте (22-сурет) қалыптастырушы бағалаудың міндеттері былайша көрсетілген:



Сурет 23 – Қалыптастырушы бағалаудың міндеттері

Қалыптастырушы бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болуы тиіс, ол қосымша жаттығу немесе тестілеу жұмысы ретінде қарастырылмайды. Оқу бағдарламасындағы бөлімнің/ортақ тақырыбының әрқайсысындағы оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын анықтайды. Сонымен бірге қалыптастырушы бағалау үдерісі стандартталмайды, яғни әр мұғалім өз бетінше қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесі арқылы анықтайды, оның нәтижесіне қатысты жауапкершілікті өз мойнына алады. Мұғалім іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісінің жүзеге асу кезеңдері төмендегі суретте (23-сурет) көрсетілген:




Сурет 24– Мұғалім іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісінің жүзеге асу кезеңдері

Қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсаттарын қамтуы тиіс. Мұғалім оқу мәнмәтінің, өз оқушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады. Әр тапсырмаға дескрипторлар құрастырылады. Бағалау кезінде мұғалімнің шешімі анық болу үшін тапсырмалардың дескрипторлары дәл, нақты болуы қажет. Бұдан басқа дескрипторлар оқушыға тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындық туғызғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқушылар мен олардың ата-аналарына сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге жағдай жасайды.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) аяқталғанда мұғалімдерге, оқушылар мен ата-аналарға оқушының ілгерілеуі туралы ақпаратты ұсыну үшін өткізіледі. Бұл белгілі бір

кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді. Тіркеу үдерісі кезінде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес оқушылардың білімін, дағдысын көрсететін дәлелдерді жинау жүзеге асырылады. Жиынтық бағалау тоқсан барысында (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау), тоқсан соңында (тоқсандық жиынтық бағалау) және білім беру деңгейін аяқтағанда (негізгі, жоғарғы) жүргізіледі. Жиынтық бағалау бойынша балл/деңгей/баға туралы шешімді мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес қолданады. Сонымен бірге мұғалімге әр оқушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін дескрипторлар немесе балл қою кестелері көмектеседі.

Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру бойынша дағдыларды жетілдіру үшін мұғалім мынадай іс-әрекеттер ескерілуі тиіс:



Сурет 25 – Қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім атқарылатын іс-әрекет

Аталған жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша оқушыларға тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын балдар қойылады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары оқу мақсаттарына, бағалау критерийлеріне және ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес құрастырылады. Жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды өткізудің тапсырмалар үлгілері берілген. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әдістерін, тапсырмаларын мұғалімдер өз бетінше анықтайды, құрастырады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау критериялды бағалау ережесіне сәйкес өткізіледі.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауда орындалған жұмыстардың нәтижелері оқушыларға түсінікті болып, одан әрі оқуға ынталандыруы қажет. Кері байланыс оқушылардың оқу жетістігінің жеткен

деңгейі туралы ақпараттардан тұруы керек. Аталған ақпарат рубрика түрінде беріледі. Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мазмұнындағы білім, дағды және түсінуге қатысты дәлелдеулерді ұсынады, тоқсандағы оқу барысының ілгерілеуін өлшейді.

Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсан соңында өткізіледі, онда тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын балдар қойылады. Тоқсандық жиынтық бағалауда бақылау-тексеру жұмыстарын әр түрлі өткізу қарастырылады. Жиынтық бағалау жұмыстарын құрастыру кезінде ойлау дағдыларының деңгейлерін, жетістігін көрсетуін, ойлау деңгейлерінің талдау, синтез және бағалау сияқты жоғарғы сатыларымен қоса әр түрлі тапсырмалардан тұруын есепке алу қажет. Бағалаудың аталған рәсімдерін ұйымдастыру, жоспарлау кезінде жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныста берілген тапсырмалар үлгілері бар тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы қолданылады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын келесі ақпараттардан тұрады:

- тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты;
- тоқсандық жиынтық бағалауға шолу;
- жиынтық жұмыстардың ұзақтығы;
- бағалау құрылымы;
- тапсырмалар саны;
- тапсырмалар бойынша балдарды бөлу.
- тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша нұсқау;
- тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері;
- тапсырмалардың балл қою кестелері.

Әр мектептің ұсынылған үлгілерді қолдануына немесе өз бетінше тапсырмалар құрастыруына мүмкіндігі бар. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру спецификацияға сәйкес бір параллельдегі барлық сыныптарда бірыңғай талаптар негізінде жүзеге асырылады. Тапсырмалар әр түрлі болуы мүмкін: диктант, мазмұндама, эссе, тест, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, жобалар және т.б. Бағалауды стандарттау мақсатында мұғалімдер оқушылардың тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының нәтижелерін талқылауы үшін модерация белгіленген.

Модерация үдерісі бір қатар сыныпта сабақ беретін мұғалімдердің қатысуымен өткізіледі. Олар белгілі бір пән бойынша мұғалімдердің балл қою кестесі бойынша бір ұғымда, түсінікте болуын қамтамасыз ету үшін жұмысты бағалауды алдын ала талқылайды. Мұғалім тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің модерация қорытындысы бойынша жоғары сондай-ақ, төмен деңгейге қарай өзгеруі мүмкін екенін ескеруі қажет. Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың нәтижелерін мұғалімдер оқу үдерісін жоспарлау, рефлексия және оқытудағы өз тәжірибесін жетілдіру үшін қолданады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің қазіргі жағдайы бағалау білім беру жүйесінде оның маңызды құрамдас бөлігі, сондай-ақ оқушылардың оқу жетістіктерін маңызды реттеуші бола отырып, әрқашан ерекше орын алады. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының

бағалау дербестігін қалыптастыру қазіргі теориялық және практикалық педагогикадағы өзекті мәселелердің бірі болып қала береді.

Бағалау дербестігінің мақсаты кім жақсы, кім нашар екенін анықтау емес, әркімнің жоғары нәтижеге жетуіне жағдай жасау. Бағалау «жоспарлау – оқыту-бағалау» үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Даму мен жетістіктер туралы нақты ақпарат алу үшін бағалау шарттары мен критерийлері алуан түрлі болуы керек. Бағалау үдерісінің басты кезені мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс болып табылады. Мұғалім ғана емес, оқушы да жақын арада не жасау қажеттігін нақты түсінуі керек. Өз қабілеттерін бағалауда оқушыға нақты үлгі берілуі керек.

Оқушылардың нәтижелерін тіркеу бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері электрондық нәтижелерді тіркеу журналында тіркеледі. Барлық балдар, бағалардың есебі электрондық журналда автоматты түрде жүзеге асырылады. Оқушылардың бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін қою электрондық журналда оқыту тәжірибесін жетілдіру, талдау үшін қолданылатын балдар, бағалар туралы ақпараттарды көрсетеді. Жиынтық бағалаудың нәтижелері оқушыларға, ата-аналарға тоқсан барысында, тоқсанның соңында беріледі. Нәтижелері тіркеледі. Оқушыларға балл қойылады.

Қорытындылай келе, «бағалау дербестігі – оқу бағдарламасының мазмұнын табысты меңгерудегі үлгерім жетістігін айқындайтын, оқу-танымдық әрекетінде алға қойған мақсатына жетуде, бағалау өлшеміне сәйкес тапсырманы жетік түсініп, талдау жасап, өзінің тәжірибесінде нақты шешім шығарудың тетігін игерген, нәтижеге бағытталған қызмет» деген анықтамамызды ұсынамыз.

2.2 Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Теориялық зерттеулердің интеграциялануы, өз кезегінде, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруды педагогикалық әдіснамалық тұрғыдан талдау жасауды талап етеді. Жоғарыда жүргізілген біршама философиялық ой-тұжырымдарға негізделген психологиялық білімдер мен аспектілер, педагогикаға байланысты тұжырымдар адамның дүниетанымының қалыптасу жолдары мен құралдарын жасайды. Ендеше таным үдерісінің нәтижесі теориядан танымға жету, ал әдіснамалық жағдайы оны құру тәсілі ретінде қарастырылады.

Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруда қарастырылған ғылыми-теориялық түсініктер, басшылыққа алынатын әдіснамалық тұғырлар көмегімен табылатын фактілер арқасында кеңейе түспек. Біздің теориялық ойлауымыз бен зерделеуіміздің негізінде диалектика әдісі жатыр, ол әлеуметтік зияттылық жайлы тарихи талдау жасауға, оның дамуының заңдылықтарын табуға көмектеседі. Жұмысымызда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде

калыптастырудың әдіснамалық аспектілерін тереңірек талдау негізінде, әдіснама ұғымының мән-мағынасына тоқталып өтейік.

Әдіснама педагогикалық үдеріс ретінде ғылыми таным мен ғылыми таным құралының теориялық мәселелерін шешу жолдарымен айналысады. Заманауи ғылымда әдіснама күрделі теориялық және практикалық міндеттерді шешуде қолданылатын жалпы, ең алдымен, дүниетанымдық қағидалар жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл зерттеушінің дүниетанымдық ұстанымы, сондай-ақ танымдық және тәжірибелік қызметте нақты қолданудың бастапқы қағидалары мен жолдарына негізделген таным тәсілдері туралы ілім.

Ғылыми таным әдіснамасы, яғни, ғылыми-танымдық әрекет құрылымы, қағидалары туралы ілім ретінде қарастырылады. Ғылым әдіснамасы ғылыми зерттеулер компоненттерінің сипаттамасын береді оның нысаны, талдау пәні, бұл типтегі міндеттерді орындауға қажетті зерттеу құралдары, зерттеу тәсілдерінің жиынтығы, сондай-ақ міндеттерді шешу үдерісіндегі зерттеушілердің іс-әрекетінің жүйелілігі туралы түсінік қалыптастырады.

Е.И.Пургина әдіснаманы әрекет ұйымдастыру туралы ілім ретінде қарастырады. Сонымен қатар кез келген әрекеттің әдіснамаға қажеттілігі бола бермейтінін атап өту керек. Барша адамзат әрекетін өнімді және репродуктивті деп бөлуге болады. Өнімді әрекет объективті жаңа немесе субъективті жаңа нәтижелер алуға бағытталған. Дұрыс жүзеге асырылған кез келген ғылыми-зерттеушілік әрекет қашан да объективті жаңа нәтижеге бағытталған. Педагог-практиктің инновациялық әрекеті объективті жаңа, сонымен қатар субъективті жаңа нәтижеге де бағытталған болуы мүмкін. Сондықтан да өнімді әрекетте қолданған жағдайда ұйымның әдіснамасын қолдануға қажеттілігі туындайды [164]. Зерттеу тақырыбымыз бойынша, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың әдіснамасы теориялық тұрғыда негізделіп, ғылыми-педагогикалық және оқу-танымдық әдістерін саралап пайдалану нәтижеге жету үшін қолданылады.

Әдіснама ретінде танымның тұғырлары мен жолдары, қисынды ұйымдастырылуы, құрылымы, жалпы қағидалары қарастырылады. Педагогикалық зерттеулер ғылымның әдіснамалық тұғырларына негізделеді. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру әдіснамалық тұғырлар мен қағидалар негізінде жүргізіледі.

Психологиялық-педагогикалық сөздік бойынша әдіснама, теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың және құрудың ұстанымдарының және тәсілдерінің жүйесі, – деген анықтама берілген [165]. Зерттеудің әдіснамалық тұғырлары тармақшақсында теориялық талдауларға сүйенілген тәжірибелік іс-әрекетті ұйымдастырудағы басшылыққа алынатын ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер, оқытудың заманауи технологиялары сараланып алынады.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерде әдіснамалық тұғыр белгілі бір педагогикалық-психологиялық мәселені зерттеудегі қолданылатын ұстанымдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы деп қарастырылады. «Тұғыр» ұғымы педагогикада ғылымның пайдаланатын нақты тәсілі, элементі ретінде

қарастырылады. Тұғыр – бұл ғылыми-педагогикалық қызметтің қандайда бір үдерісінің элементі, жеке әрекеті. Егер «әдіс» ұғымы ғылыми-педагогикалық әрекет тәсілдерінің жиынтығы деген анықтама берілсе, «әдіснамалық тұғыр» ұғымы аталмыш тұғырдың зерттеушінің ғылыми-педагогикалық әрекетінің бүкіл кезеңінде пайдаланатынын білдіреді. Зерттеу тұғырларының жиынтығы олардың қолдану дәйектілігі мен логикасын, педагогикалық зерттеуді жүргізу технологиясын анықтайды. Зерттеу жұмысымызда әдіснамалық тұғырлар ғылыми білімдердің даму үдерісінде көбінесе зерттеу ізденістеріміздің негізіне жататын әдістемелік қағидалар мен тұғырларға сүйене таңдалатын тиісті зерттеу әдістерінің көмегімен зерделеу мен ұғынуды талап ететін алуан эмпирикалық және теориялық материалдарды жинақтауға мүмкіндік туғызылады.

В.А.Сластениннің айтуынша, жалпы ғылыми әдіснама әмбебап байланыс пен құбылыстар қоршаған шындық үдерістерінің өзара тәуелділігін көрсететін жүйелік тұғыр ретінде ұсынылуы мүмкін. Ол зерттеуші мен практикті өмірдің құбылыстарына белгілі бір құрылымы мен функциялық заңдары бар жүйелер ретінде қабылдау қажеттігіне бағыттайды [16, 38 б.].

Ш.Таубаеваның пікірінше, қойылған зерттеу міндеттемелерін шешудің негізгі жолы тұғыр деп аталады, ол осы шешімдердің бағыты мен стратегиясын ашып көрсетеді [9, 49 б.]. Зерттеу тақырыбымыз бойынша алға қойған міндеттерді шешу үшін педагогикалық зерттеудің тәсілдері мен амалдарының жиынтығы ретінде анықтаймыз. Әдіснамалық тұғырлар зерттеудің теориялық деңгейінде оның құрылымындағы элементтер арасында болатын ара қатынас заңдылықтары, жалпыдидактикалық заңдылықтары, оқытудағы мазмұндық, процессуалдық, іс-әрекеттік өзара байланыстарының жүйелілігі мен бірегейлігін анықтауда тірек етіп алынады.

Әдіснамалық тұғырлардың сипаттамасы бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру олардың бойында келесідей (35-сурет) адами сапалардың орнығуына тәуелді екенін көрсетеді.



Сурет 26 – Әдіснамалық тұғырлардың сипаттамасы

А.Б.Айтбаева «тұғыр дегеніміз – өзі қойылған зерттеушілік міндетті шешудің негізгі жолы, ол осы шешімнің бағыттары мен стратегиясын ашып көрсетеді» деген анықтама береді [166]. Біздің ойымызша, тұғырлар бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру бойынша зерттеуде тиімді болып табылады.

Педагогикалық әдіснамалық негіздердің мазмұнын түзуде біз, көбінесе «әдіс», «тұғыр», «қағида», «амал», «ұстаным», «идея», «логика», «парадигма», «теория» ұғымдарының өзара байланысқа түсуін аңғарамыз. Бұл ұғымдар ғылыми әдіснама категориялары болып саналады.

Ғылыми әдіснама категорияларының бірі – тұғыр. Тұғыр – әдіснама категориясы ретінде теориялық және практикалық мәселелерді шешуде қолданылады. Ол міндеттерді шешудегі негізгі жол, шешімдердің бағыты мен стратегиясын ашады.

Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың жоғарыда аталған әдіснамалық тұғырлары басқа ғылымдардағы қызметтер сияқты таным құралдары мен әдістерін айқындайтын бастапқы идея, теориялық ереже дегенді көздейді. Біз қарастырып отырған зерттеу жұмысы аясындағы ғылыми білімдер теориясын зерделеуде бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыруда келесідей әдіснамалық тұғырларды басшылыққа алдық: жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, рефлексивтік, құзыреттілік тұғырлар әсер ететін элементтердің жиынтығы ретінде көрсетіледі. Енді осы тұғырларға жеке-жеке тоқталамыз.

Жүйелілік тұғыр – танымдық әрекеттегі ең әмбебап құрал. «Жүйе» ұғымының грек тілінен аудармасы «құрастыру» ретінде түсіндіріледі. Көп өлшемді құбылыс – білім беруді жүйелік тұғыр тұрғысынан қарастыру эвристикалық мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе ретінде оның құрылымы мен ерекшеліктерін, ұстанымдары мен қағидаларын анықтайды. «Жүйелік тұғыр» ұғымы (ағылшын тілінде «systems approach») 1960 жылдардың соңы, 1970 жылдардың басында ағылшын тіліндегі және орыс философиясы әдебиеттерінде кеңінен қолданыла бастады. Заманауи ғылымдағы әдістемелік бағыттардың бірі болып табылған жүйелік тәсіл ХІХ–ХХ ғ.ғ. межесінде ғылыми танымды билеген дағдарысты шешу кезеңімен байланысты қалыптасқан.

В.В.Краевский жүйелілік тұғырды педагогикалық жүйенің өзара байланысты құрамдас бөліктердің жиынтығы ретінде қарастырған [167]. Жүйелік тұғырдың негізгі категориясы қоршаған ортамен біртұтас құбылыс ретінде өзара әрекеттесетін, басқарудың ортақ мақсатымен біріккен өзара байланысты, реттелген көптеген элементтердің айқындалған белгілерінің негізіндегі «жүйе» ретінде көрсетіледі.

Э.Г.Юдин атап көрсеткендей, заманауи қоғамдық өмірдің барлық дерлік тараптары функциялары барған сайын кеңейіп жатқан әлеуметтік басқарудың тұрақты объектісіне айналды. Қоғамдық құрылымның түп тамырындағы ерекшеліктер бұл функцияларға, олардың жүзеге асырылу жолына, ең

бастысы, басқару мақсаттарына өзінің терең ізін қалдырады [168]. Жүйелілік тұғыр кез келген іс-әрекетте мақсатқа жетуде оның ерекшеліктерін ескере отырып, жолдарын іздестіруде басшылыққа алынады.

И.В.Блаубергтің пікірінше, жүйелік тұғыр – бұл қазіргі ғылымның әдіснамалық бағыты, сондықтан ол жеке ғылыми мәселелерді зерттеуді алмастырмайды және алмастыра алмайды. Оны қолданудың тиімділігі оның түсініктері мен ұстанымдары осындай зерттеу барысында қаншалықты органикалық және дәйекті түрде жүргізілетіндігіне байланысты. Сонымен қатар, оның сипаттамалары мен ғылыми танымда атқаратын функциялары бойынша жүйелік тұғыр философияның нақты саласын білдірмейді, дегенмен оның тұжырымдамалары, әдістері мен ұстанымдары философиялық талдаудың маңызды объектісі болып табылады [169]. Біздің зерттеуімізде аталған тұғыр бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастырудың тұтас педагогикалық үдерісін құруға және жүзеге асырылуын қамтамыз етеді.

Жүйелілік тұғыр күрделі объектінің (жүйенің) ерекшелігі оның құрамдас элементтерінің ерекшеліктерімен ғана емес, сондай-ақ, ең алдымен, элементтердің өзара әрекеттесу ерекшеліктеріне байланысты негізделеді. Сол себепті бірінші орынға бұл байланыстар мен қатынастардың механизмі мен ерекшеліктерін, әсіресе, белгілі бір қоғамдастықтағы адамдар, адам мен қоғам қатынасын тану міндеті қойылады. Педагогикалық феномен ретінде критериалды бағалаудың ерекшеліктерін, оның ішінде критериалды бағалаудың элементтері болып табылатын дескрипторлар мен рефлексиялық тапсырмалардың өзара әрекеттесуі басты ерекшелік болып, алға шығатын болса, екіншіден оқушылар мен мұғалім арасындағы қатынастарды тануды қамтамасыз етеді.

В.С.Иванова жүйелік тұғырды жалпы ғылыми құндылыққа ие диалектикалық материалистік әдістеменің ғылыми әдісі ретінде қарастырады. Автордың пікірінше, жоғары тұтастыққа байланысты жүйелік тұғыр диалектиканың бірқатар қағидасына негізделген: өзара байланыс және даму, тәуелділік (байланыстылық) және тәуелсіздік (автономия), бөлшек пен тұтас арасындағы сапалы айырмашылық. Бұл тұғыр объектіні оның жұмысының зерттелген нәтижелеріне ықпал ететін ішкі және сыртқы байланыстары бар жүйелік элементтері анықталған жүйе ретінде қарастырады, ал әр элементтің мақсаты объектінің жалпы мақсаттарына негізделе анықталады [170]. Жүйелік тұғыр заманауи педагогика теориясында маңызды орын алған. Өйткені, ол педагогикалық үдерістің күрделі ерекшелігін, сондай-ақ ұйымдастырудың динамикасы мен құрылымының өзара әрекеттесуін ескереді. Жүйелік тұғыр саналы және жоспарлы іс-әрекетті басқаруды қамтамасыз етеді. Біздің тұрғымызда білім беру үдерісінде өзара байланыстар орнатылып, басты мақсат белгіленіп нәтижеге жету үшін, міндеттер қойылады, оларды шешу жолдары мен уақыты жоспарланады, бақылау, бағалау жұмысы жүргізіледі.

М.Л. Портнов жүйелік тұғырдың келесі тізбек түрін: «мақсат – ресурстар – жоспар – шешім – жүзеге асыру – бақылау – түзеу және жетілдіру» ұсынған [171]. Жүйелік басқару функциялары: талдау, мақсатты

айқындау, жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу және бақылау. Критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыру және жиынтық бағалау жүргізуде автордың ұсынған тізбек түрін басшылыққа аламыз.

Оқушылардың оқу іс-әрекетінде талдауға қатысты жүйелік тұғыр мыналарды болжайды: біріншіден, білімді меңгерудің құрылымын талдау – оларды өмірлік тәжірибеде және басқа факторларға байланысты қолдануы. Екіншіден, критериалды бағалаудың функцияларын және олардың бағалау дербестігін дамыту арасындағы функционалды байланыстарды анықтау. Үшіншіден, оларды динамикалық тұтастық, өзара байланысты бағалау жиынтығының қозғалысы ретінде қарастырады.

Критериалды бағалауда жүйелік тұғыр зерттеуде маңызды аспектілерді бөлуге мүмкіндік береді: белсенділік, құрылымдық, жүйелік-функционалды, және өмірмен байланысты, жағдаяттық. Критериалды бағалаудың қызметтік аспектісі субъектілердің қажеттіліктерін, оқу мақсаттарын, қойылған проблеманы шешу және т.б. сипаттайды. Критериалды бағалаудың құрылымдық аспектісі зерттелетін педагогикалық құбылыстың құрылымдық сипаттамаларын анықтауды, оқу-танымдық әрекеттің тетіктерін, сонымен қатар оқушының бағалау дербестігін дамытудың білім беру жүйесіндегі орны мен рөлін анықтауды қамтиды. Жүйелік-функционалды аспектісі оқу-танымдық әрекеттің өмірлік тәжірибеде басқа құбылыстарымен функционалды байланысын талдауға бағытталған. Жағдаяттық аспектісі оқу-танымдық әрекет жағдайында педагогикалық жаядаяттарды шешуге байланысты талдау жасауды қамтиды.

З.А.Каргина ғылыми-педагогикалық зерттеулерде «жүйелік тұғыр» жүйелік біртұтастықта оған тән барлық байланыс пен тәуелділіктердің алуандығы мен жүйелік ұйымдастыру күрделілігімен білім берудің тану және даму үдерістерін қамтамасыз ететін әдістеме ретінде қарастырады [172]. Автордың пікірін зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастырсақ, критериалды бағалауды іске асыруда барлық байланыс бізде кері байланысты жүйелі ұйымдастыру нәтижесінде оның оқушылардың оқу-танымдық және даму үдерістеріне ықпал етеді деп санаймыз.

А.Б.Айтбаева жүйелік тұғыр нысандарды жүйе ретінде зерттеу, жобалау және құрастырумен байланысты пәнаралық, жалпы ғылыми әдіснамалық білімнің ең белгілі және мойындалған формаларының бірі деп есептейді [166, 79 б.]. Жүйелік тұғыр біздің зерттеу нысанымыз оқушы болғандықтан оның оқу іс-әрекетінің зерттеу, дескриптор мен рефлексиялық тапсырмаларды құрастырудағы жобалауда меңгертілген білімнің нәтижесі ретінде бір-бірімен байланысты педагогикалық құбылыстарды жүйелі зерттеуде бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін білім сапасының көрсеткіші ретінде алға шығарады.

Біздің пайымдауымызша, білім беру мақсаты, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудағы педагогикалық үдеріс субъектілері (мұғалім, бастауыш сынып оқушылары), білім беру мазмұны (білім, білік, дағды, критериалды бағалау мен өзін-өзі бағалау тәжірибесінің жүйесі), жалпы білім беретін

ұйымдардың бастауыш сыныптары бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістері мен түрлері, мәліметтер қоры болып табылады. Бұл үшін де білімді жүйелі беру қажет. Жүйелі білім объектінің құраушыларын зерттеп тану нәтижесінде жинақталады. Бұл ретте жүйелілік әдіснаманың біртұтастықтығы анықталады.

Жүйелілік тұғырдың бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруда алатын орны ерекше. Жүйелілік тұғыр тұрғысынан алғанда зерттеліп отырған құбылыс жүйе ретінде, яғни белгілі тұтастықты, бірлікті тудыратын, бір-бірімен байланыста және қарым-қатынаста болатын элементтер жиынтығы ретінде қарастырылады. Аталған тұғыр берілетін білімнің жүйелілігін, реттілігін, кезеңділігін сақтауды талап етеді. бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруда жүйелілік тұғыр меңгерілген білімнің сапасын айқындауда кері байланысты ретке келтіріп, алға қойған мақсатқа жетуді көздеп, зерттеу мәселесін нәтижелі оң шешуге ықпал етеді.

Тұлғалық-бағдарлы тұғырды бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруда басшылыққа алуымыздың негіздемесі ғалымдардың педагогикалық зерттеулер нәтижесіндегі тұжырымдамалары болып табылады.

Е.В.Бондаревская тұлғаға бағдарланған білім беру барлық білім алушылардың мынадай жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға, тәрбиелеуге және дамытуға бағдарлауды білдіреді:

- жасөспірімдік, физиологиялық, психологиялық, зияткерлік;
- білімге деген қажеттіліктері, білім алушыларға қолжетімді күрделілігі
- әртүрлі деңгейдегі бағдарламалық материалдарға бағдар жасау;
- білім алушыларды білім деңгейі, қабілеттіліктері бойынша топтастыру;
- білім алушыларды қабілеттері, кәсіби бағыттылығы бойынша біртекті
- топтарға біріктіру;
- әрбір оқушыға жеке қарым-қатынас жасау. Оқытудағы жеке тұлғалық бағдарлау білім алушылардың оқудағы өз бетінше жұмыс істеуін қалыптастыру құралы болып табылады.


Е.В.Бондаревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонент міндетті түрде болуы қажет, деп атап көрсеткен. Олар: аксеологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік және жеке тұлғалық [173]. Тұлғаға бағдарланған тұғырды бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруда төрт компоненті де негізінен оқу тапсырмаларын орындауда шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір оқушының жеке дамуына жағдай жасауға, өзіндік шешім қабылдауға рефлексиялық кері байланысқа түсуде оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді, – деп ойлаймыз.

И.С.Якиманская әр балаға деген қатынасты бірегейлік, ұқсастық, ерекшелік ретінде қарастыратын субъектілік-тұлғалық көзқарасты дамытады. Бұл тәсілді жүзеге асыруда біріншіден, білім берудің барлық деңгейін қамтитын жұмыс жүйелі болуы керек. Екіншіден, бізге оқу жоспары түріндегі

ерекше білім беру ортасы, әрбір оқушының жеке таңдау қабілетінің көрінуіне, оның тұрақтылығына жағдай жасау қажет. Онсыз когнитивтік стиль туралы айту мүмкін емес. Үшіншіден, бізге бағытталған білім берудің мақсаттары мен құндылықтарын түсінетін және бөлісетін арнайы дайындалған мұғалім қажеттігі көрсетіледі.

И.С.Якиманская тұжырымдамасында тұлғалық-бағдарлы білім берудің мақсаты баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу және кейіннен мақсатты түрде дамыту, оларды «тәрбиелеу», оларды әлеуметтік маңызды нысандарға айналдыру үшін қажетті жағдайларды (әлеуметтік, педагогикалық) жасау болып табылады. қоғам әзірлеген әлеуметтік-мәдени нормаларға сәйкес келетін мінез-құлықты қалыптастыруды көздейді. Оқушы тұлғасына бағдарланған білім берудегі оқытудың мақсаты – «орташа» оқушыға емес, жеке танымдық қабілеттерін ескере отырып, әрбір жеке тұлғамен бір сынып ұжымында жұмыс істеуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін құруда қажеттіліктер мен мақсаттарды жүзеге асыру көзделеді. Тәрбие үдерісінің негізгі қызметі: жеке тұлғаның білімі мен жеке дамуын ұйымдастыру. Тұлғаға бағытталған білім беру жүйесінде оқушының субъективті тәжірибесін тәрбиелік мақсатта пайдалану басты міндет болып табылады. Субъективті тәжірибе – оқушының өз өмірінің тәжірибесі, оның білім, әлеуметтену, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру тәжірибесі болып табылады [31, 49 б.]. Зерттеу тақырыбымызға сәйкес бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруда тұлғалық бағдарлы тұғырды негіз етіп алудың маңыздылығын төменде көрсетеміз.

Оқушы тұлғасына бағытталған оқытудағы дағдыларды қалыптастыруда келесі дағдыларды (36-сурет) басшылыққа аламыз:



Сурет 27 – Оқушы тұлғасына бағытталған оқытудағы дағдылар

В.В.Сериков жеке тұлғаға-бағдарланған білім беруге тән заңдылықтарды атап көрсетеді:

Жобалау элементі – «тұлға өміріндегі оқиға», ол кейіннен біртұтас өмірлік нәтижеге айналады. Ал білім тек оның бір бөлігі ғана болып табылады.

– оқыту мұғалім мен оқушының бірлескен қызметі болады: мұнда сұхбаттасу білім беру субъектілерінің өмір сүру тәсілі ретінде танылады.

– үдеріс тұлғалық тәжірибенің бастауы болып шығады.

– оқыту адамның табиғи өмір сүру жағдайына жақын бола түседі.

– мұғалім мен оқушының өзара бірлескен әрекеті тұлғааралық, субъект аралық қарым-қатынас сипатын алады [174]. Ендеше, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту дегеніміз – тек оқушыларды бір-бірінен ажырататын жеке ерекшеліктерін есепке алу ғана емес, бұл – ең алдымен, оқушыға жеке тұлға ретінде, бірлескен қызметтің саналы әрі жауапкершілік субъектісі ретінде қарау. Тұлғалық-бағдарлы тұғыр негізінен оқыту үдерісінің адамға, оның даралығына қатысты жаңа парадигмасын жасайды. Жүйелілік және тұлғалық іс-әрекеттік тұғырдың арақатынасын қарастырсақ, мұғалім мен бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудағы іс-әрекеттер байланыстылығы, оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынастылығы арқылы оны өзгертуге атсалысуын білдіреді.

С.В.Кульневичтің атап көрсеткеніндей, білім беру үдерісін тұлғаға бағдарлау гуманистік педагогикалық мәдениет құндылықтарына ықпал етеді, бұл дегеніміз – білім алу емес, бала өміріндегі білімнің жеке тұлғалық мәні; жекелеген білік-дағдылар емес, жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері, өзіндік дербес оқу қызметі, өмірлік тәжірибесі; педагогикалық талаптар қою емес, педагогикалық қолдау мен қамқорлық көрсету және мұғалім мен оқушының сұхбаттасуы; білім көлемі емес, меңгерілген ақпарат мөлшері емес, оқушының жалпы жеке тұлғалық өсуі, дамуы және өзін-өзі дамытуы [175]. Жеке тұлғаға бағдарланған тұғыр бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруда баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, бағалау дербестігіне қолдау көрсету құралы ретінде қарастырады.

К.Роджерстің пікірінше, оқыту тұлғаның өсуі мен дамуына әкелуі керек. Ал осындай көзқарастарды ұстанған мұғалім оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына игі ықпал ете алады. Сондай-ақ жалпы әдістемелік әдістерді қолдану міндетті болып табылады. Бұл әдістемелерге мыналар жатады: оқу ресурстарын пайдалану және оқушылардың осы ресурстарды пайдалануын жеңілдететін арнайы жағдайлар жасау, мұғалім мен оқушылар арасында әртүрлі кері байланыс жасау, оқушылармен жеке және топтық оқу тапсырмасының орындалу сапасы мен бірлескен талқылауға негізделген бағалау арасындағы айқын корреляция, оқушылар топтарында оқу үдерісін ұйымдастыру, тұлғааралық қарым-қатынастың ынтымақтастық мәдениетінің деңгейін көтеру [89, 149 б.]. Тұлғаға бағдарланған тұғыр бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруда тапсырма түрлеріне қарай бірлескен талқылауда кері байланыс жасау жағдайында іске асыруда негізге алынады.

Тұлғалық-бағдарлы тұғыр жүйенің дамуы заңдылықтарын түсіндіру қажет болған жағдайда қолданылады. Дамудың заңдарын білу негізінде объектіні жетілдіру, өзгерту, жаңғырту операциялары іске қосылады, әрекет жасалады. Олай деуге негіз бар, оқытудағы талдаудың мазмұндық қыры

бастауыш сынып бойынша оқу пәндері материалын, негізгі ұғымдарын, идеяларын, теорияларын іріктеу және құрастыру тәсілдерін, жаңа тәсілдемелерді, бастауыш білім беру мазмұнындағы жаңашыл логикалық құрылымдарды кәсіби деңгейде түсіне келе, берілген тапсырмалар жүйесін жіті меңгеруде бағалау дербестігі критериалды жүйе негізінде қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

Іс-әрекеттік тұғыр А.Н.Леонтьев және т.б. ғалымдардың басты идеясы тұлға әрекет субъектісі ретінде қарастырылуында, тұлға басқа адамдармен әрекет барысында қалыптаса отырып, осы әрекеттің сипаты мен қатынасын анықтайды. Іс-әрекеттік тұғыр тұрғысынан бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруда оқу-танымдық әрекеттің нәтижесі оның қажеттілігін өтеу үшін өзін-өзі жүзеге асырумен өзін-өзі бағалауда қанағаттандыратын әрекет ретінде қарастырылады. Іс-әрекеттің мақсаты – айналада қоршаған ортаны өзгертуге, ақиқат өмірді қайта жаңғыртуда адамдардың біліміне негізделген, тәжірибесімен келетін, өзгермелі қоғамға бейімделуден туындайтын қажеттілік болып табылады [176]. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда іс-әрекеттік тұғыр негізгі болып саналады. Өйткені, оқу-танымдық іс-әрекетте оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыруы үшін нәтиже болып табылатын шешімдер мен тұжырымдар, қойылған мақсатқа жетуіне менгерген білімінің көрсеткіші ретінде көрінетін бағалау дербестігінде іс-әрекеттік тұғыр негізге алынады.

Д.Дьюи: «іс-әрекет арқылы оқыту» тұжырымдамасын алғаш рет ұсынған американдық ғалым. Ол оқытудағы іс-әрекеттік тұғырының негізгі ұстанымдарын: білімалушылар мүддесін ескеруді; ойлау мен әрекет етуге үйрету арқылы оқытуды; қиындықтарды жеңу салдары ретіндегі таным мен білімді; еркін шығармашылық жұмыс пен ынтымақтастықты анықтады [177]. Осы тұғырды басшылыққа алу арқылы бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруда олардың жеке тұлға ретіндегі өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі бақылауындағы сыни ойлауы, пәндік материалды меңгерудегі қызығушылығы, өзінің өмірлік ұстанымы, зерттеушілік, шығармашылық, зияткерлік қабілеттері және т.б. сияқты тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағыттаймыз. Демек, тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда ойлау мен әрекет етудің бірлігін қамтамасыз ететін, субъекті ретінде шығармашылықпен табысты нәтижеге жетудің тиімділігін арттырудың құрылымы мен мазмұнын меңгеру тетіктерін айқындауға мүмкіндік жасайды.

С.Л. Рубинштейн ғылыми еңбектерінің түрлі кезеңдерінде тұлға бағытын талдап, оны әдіснамалық ұстаныммен байланыстырған: бірінші кезең – сана мен іс-әрекеттің бірлік негізіне, екінші кезең – детерминизм қағидасына, ал үшіншісі – философиялық талдауға байланысты. Сонда, С.Л.Рубинштейн еңбектерінде бірінші кезеңде тұлғаның дамуы мен пайда болуы, ал екіншісінде тұлғаның белсенділігі туралы айтылады. Бірінші кезең дамуында іс-әрекеттің рөліне, ал екіншісінде тұлғаның өзінің рөліне, оның белсенділігіне ерекше көңіл бөлінеді. Тұлға іс-әрекет барысында дамиды. Ол тұлғаға сәйкес

даму ұстанымын зерттей отырып, қабілеттілікке талдау жасайды. Адам тіршілік әрекеті кезінде меңгеру ғана емес, сонымен қатар жаңадан жасауға негізделген шығармашылық та пайда болады [90, 58 б.]. Автордың айтуы бойынша, адамның сыртқы ортаға көзқарасы дағдыға айнала бастаған кезде тұрақты сипатына және мінез қасиетіне ауысады. С.Л.Рубинштейннің әдіснамалық ұстанымынан бірнеше нәтижелер келіп шығады:

- әр тұлғаның белсенділігі олардың іс-әрекетіне түрліше қатысты болады.
- әрбір тұлға өздерінің іс-әрекеттерін әр шамада жүзеге асырады.

Л.С.Выготскийдің іс-әрекет туралы «...өзінің мәні бойынша бұл психологиялық теорияны іс-әрекет бағыты аясындағы толыққанды бағыт ретінде қарастыруға болатынын көрсетті». Л.С.Выготскийдің теориясының негізгі идеяларына іс-әрекет бағыты ретіндегі мына жағдайларды жатқызуға болады [178]:

- адамдардың практикалық іс-әрекетінің психология үшін маңыздылығы;
- сананы еңбек іс-әрекетімен тығыз байланыста қарастыру;
- психикалық үдерістердің (олардың генезисі мен адамзаттың тарихи дамыған құралдық, заттық-практикалық іс-әрекетінің себептендіруі туралы теориялық жағдайларды жасау. Автордың пайымдауынша, психика еңбек іс-әрекетімен себептендіріледі және заттық-практикалық іс-әрекет психиканы себептендіретін ақиқат болып табылады.

- психиканың іс-әрекеттік себептенуі туралы тезис мазмұнының нақтылануы. Іс-әрекеттік себептендірілу сыртқы (еңбек) іс-әрекеті мен психикалық қызмет (психологиялық құралдар болжамы) құрылымында ұқсастықтардың болуын жорамалдайды, яғни еңбек іс-әрекеті мән психикалық үдерістер құрылымында ұстанымдық ұқсастықтар бар: «Еңбек үдерісі – психологиялық үдерістер», «еңбек құралдары – психологиялық құралдар» ұғымымен ұқсас;

- психикалық қызметтер мен еңбек іс-әрекетінің ұқсастығының құрылымы мен генезисіне құралдық жанамалану кезеңі қатысады. Себептендірілу онто және филогопез барысындағы жанамалау механизмі ретінде түсіндіріледі. Себептендіру өткізгіштері – адамның тарихи іс-әрекетінің өнімдері, белгілік, коммуникациялық жүйе сияқты психологиялық құралдар болып табылады.

Г.А.Атанов іс-әрекеттік тұғырдың мәнін келесі реттілікпен түсіндіреді: мұғалім оқыту үдерісінде «білім алушыларда іс-әрекетті іске асыру біліктіліктерін қалыптастыру міндетін шешуі қажет» дей отырып, іс-әрекет теориясының мәнін сипаттайтын ережелерді бөліп көрсетеді: оқытудың соңғы мақсаты – әрекет тәсілін қалыптастыру (белгілі бір типтегі міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін әрекеттер жүйесі); оқыту тетіктері – білімді берумен бірге, оқу әрекетін басқару, әрекет тәсілдерін тек іс-әрекет нәтижесінде қалыптастыруға болады [179]. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруда оқу-танымдық әрекеттің тиімді тәсілдерін пайдалану арқылы алдына қойған мақсатқа жету үшін рефлексиялық тапсырмалар мен құрастырылған

дескрипторлар бойынша өзін-өзі бағалауды жүзеге асыруда іс-әрекеттік тұғыр басшылыққа алынады.

Біздің ойымызша, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру арқылы білім беру үдерісінде оң нәтиже береді деуге болады. Себебі оның жаңашылдыққа ұмтылысының артуы, дербес тұлға ретінде әрекет етуі, өз психологиялық ахуалын реттей алуы, шығармашылық белсенділігінің артуы, барлық танымдық мүмкіндіктерінің жоғары деңгейі өз кезегінде бастауыш сынып оқушысының жоғары деңгейінің айқын көрінісін береді. Бұл сапалармен қатар бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру жолында оқушының шығармашылық мәдениетінің жоғарылығы оның сапасының бір көрсеткіші бола алады. Ойын жеткізе білу, үлгі боларлықтай ерекше стильде еркін сөйлеу, әдістемелік тұрғыда ой мен сөздің, іс-әрекеттің біртұтастығы және т.б. қасиеттер бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыр құралдары болмақ.

Рефлексивтік тұғыр бүгінгі таңға дейін рефлексияның тұжырымдамалық негіздерін дайындаған (М.Мерло-Понти, Д.Шон, Я.Сканлон мен В.Черномас, А.А.Реан, Е.И.Рогов, С.Ю. Степанов, И.Б.Котова мен Е.И.Шиянов, М.В.Кларин И.П.Раченко және т.б.) рефлексияны «іс-әрекет кооперациясы» қағидасына сүйеніп, субъектінің іс-әрекетте болып өткеннің шегінен шығатын, оның тетіктерін жалпылама сипаттайтын «рефлексивті әрекет» моделі түрінде қарастырады. Оның пікірінше іс-әрекеттегі рефлексияның негізгі функциясы оның маңызын түсіну және мәнін белгілеу болып табылады.

М.Мерло-Понти рефлексияның жете ұғыну, реттеу, өзіндік бақылау, басқару үдерісі ғана емес, мағынаны тудыру және түсіндіру үдерісі екендігін ескере отырып, жаңа мағыналардың, рефлексивті функцияларындағы сапалы өзгерістердің пайда болуына ғана емес, тұлғаның субъектілігін дамытудағы сапалылыққа алып келетін тұлғаның «рефлексивті емес жайлы рефлексияға» бірегейлік қабілеттілігі ретінде сипаттауға болады деген [180]. Рефлексиялық тұғырды бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыру мақсатында өзін-өзі бақылауымен байланыстыра қарастырып, тұлғалық дамуындағы білім сапасының нәтижесін шығаруда басшылыққа аламыз.

Д.Шон практикалық рефлексияны бір мағыналы емес практикалық мәселелердің тиімді шешімдерін іздестіру мақсатындағы зерттеу тәсілі мен теориялық білімге өзінің тәжірибесін ықпалдастыру қабілеті ретінде қарастырады [181]. Біздің зерттеуімізде автордың пікірі алған біліміне сүйеніп, практикалық тапсырмаларды орындаудағы оң шешім қабылдаудағы әдіс-тәсілдері мен технологияларды пайдалану арқылы тәжірибесінде меңгерген білімінің бағалау дербестігін айқындауға негіз болады.

Я.Сканлон мен В.Черномас рефлексияның даму сатыларын сипаттап көрсеткен. Бірінші сатысы – түсіну, сезіну, ол кез келген ерекше тандану сәтінде пайда болады, ол өзінің немесе басқаның мінез-құлқындағы

мотивтерді көбірек түсінуде туындайды. Рефлексияның дамуының бұл сатысы болып өткен жайлы білімнің жеткіліксіздігі жағдаятында туындайды. Рефлексия екінші сатыға өтеді, онда сан алуан тұрғыдан талдау қарастырылады. Үшінші сатыда жаңа мүмкіндіктер мен ішкі және сыртқы перспективаларды түсінуден жағдаятқа жаңа көзқарас пайда болады [182]. Зерттеу жұмысымызда авторлар көрсеткен үш сатыда жүзеге асырылады. Бірінші сатыда әр пән бойынша жаңа білімді түсінуі, оған қызығушылық танытуы мен кемшілігін бағалау дербестігі нәтижесінде айқындалады. Екінші кезеңде меңгерген білімді әртүрлі жағдайларда терең талдап, оқу-танымдық материалдар бойынша ұсынылған тапсырмалар мен кері байланыс сұрақтарын бағалау дербестігі арқылы жүргіземіз. Үшінші сатыда өзіндік ой қорытындысын жасап, жаңа шешім қабылдап, соңғы нәтижені бағалауға мүмкіндік туғызылып, бағалау дербестігі қалыптастырылады. Әрине ол бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық дамуына зор ықпал етеді, – деген қорытынды жасамыз.

А.А.Реанның рефлексияны педагогикалық әсер етуде субъективті-объективті қарым-қатынас түсінігінде қамтылатын рефлексивті-перцептивті қабілеттер контекстінде қарастырады және педагогтің өз жеке тұлғасына және оқушы тұлғасына арнайы сезімталдылықпен байланысты. Атап көрсетілген қабілеттіліктерден, оның пікірінше, педагогтің өзін-өзі тануы мен басқа адамды тану эффективтілі тәуелді [183]. Автор рефлексивті-перцептивті қабілеттіліктерде екі құраушы бөлікті көрсетеді: рефлексивті-перцептивті ептілік және рефлексивті-перцептивті дағдылар. Біріншінің көмегімен мұғалім жеке индивидуальды-психологиялық ерекшеліктерді таниды, өзінің психологиялық күйін бағалайды, оқушы тұлғасының жан-жақты қабылдауы мен адекватты тануын жүзеге асырады. Екіншінің көмегімен мұғалім оқушы тұлғасын танумен байланысты кейбір әрекеттерді жүзеге асырады.

Е.И.Рогов рефлексияны рефлексивті қабілеттіліктермен теңестіреді. Ол оның құрылымында педагогтің өзінің іс-әрекет талдауына бейімді негізгі мақсаттары мен іс-әрекет мотивтерін көрсетеді. Рефлексивті қабілеттіліктерді меңгере отырып, педагог өзінің тұлғасын және оқушы тұлғасын тануға қабілетті; белгілі өмірлік жағдайларда оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін болжау және олардың әрқайсысының ары қарай дамуын бағыттау, – деген тұжырым жасаған [184]. Біз автордың пікіріне толықтай қосыламыз. Өйткені, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі оған даяр болу керек. Оқушының бағалау дербестігін қалыптастыруға ықпал ететін оқу-танымдық әрекетті мақсатқа сәйкес пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, олардың әрқайсысының жеке қабілеті мен мүмкіндігін терең білу, олардың өзіндік жұмыстарында іс-әрекетін болжауға және тұлғалық дамуына бағыттай білу қабелттілігі болу қажет деп санаймыз.

С.Ю.Степановтың анықтамасы бойынша, рефлексивті құзыреттілік – бұл рефлексивті үдерістерді аса тиімді және тепе-тең түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, даму мен өзін-өзі дамытуды қамтамасыз ететін, кәсіби қызметте шығармашылық тұғырға сәйкес келетін тұлғаның кәсіби сапасы

[185]. Автордың ұсынған анықтамасын «оқушылардың бағалау дербестігін қалыптастыру үшін мұғалімнің өзін-өзі дамыту арқылы педагогитік қызметте шығармашылыққа жетуге жетелейтін кәсіби сапасы болуы тиіс» деген пікірді ұстанамыз.

И.Б.Котова мен Е.И.Шиянов рефлексияны педагогикалық рефлексивті қабілеттіліктердің ерекше тобын айтуға мүмкіндік беретін индивидтің өзінің жеке іс-әректің түсінуге бағытталған теориялық іс-әрекеттің арнайы формасы ретінде қарастырады. Олар рефлексияны педагогикалық іс-әрекетте субъектінің яғни өзін-өзі жай ғана білуі мен түсінуі ретінде ғана көрсетпейді, сондай-ақ басқалардың оқушылардың, әріптестерінің, ата-аналарының сыртқы әсерге жауап қайтаратын оның тұлғалық ерекшеліктерін, эмоциональды жауап қайтаруы мен когнитивті түсініктерін білуі мен түсінуін анықтайды. Мұндай анықтама рефлексияның үш тұғырлы сипаттамасының – тұлғалық (өзін-өзі түсінуі), пәндік-функциональдық (өзінің іс-әрекетін түсінуі), коммуникативтік, тұлғааралық (өзінің іс-әрекетін басқалар арқылы оқушылар, ата-аналар, ұжым) тануы тезисін көрсетеді [186]. Бұдан шығатын қорытынды авторлардың ұсынған рефлексияның үш тұғырлы сипаттамасы да біздің зерттеуімізге тірек етіп алынады. Өйткені, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыру үшін міндетті түрде тұлғалық өзін-өзі түсінуі қажет. Екіншіден, пәндік-функциональдық рефлексияда берілген тапсырмаларды орындауда іс-әрекетін түсінуі алға шығады. Үшіншіден, коммуникативтік, тұлғааралық өзін-өзі іс-әрекетін сыныптастары арасында дәлелдей білуі, өзіндік ой-пікірін ұсынуымен сипатталады.

М.В.Кларин шығармашылық ойлаудың ерекшеліктерін аша отырып, өзінің тәжірибесін түсінуге мүмкіндік беретін оның мазмұнын рефлексиямен байланыстырады. Бұл контексте рефлексия өзіне тысқары ой тұжырымдардан, жинақтаудан, аналогиялардан, салыстырулардан және бағалаудан, сондай-ақ күйзелу, еске алу және мәселелерді шешуден тұрады. Ол интерпретация, анализ, іс-әрекеттерді жүзеге асыру мен талқылау немесе бағалау мақсатында сендіруге қатынасты да қамтиды. Автор рефлексияны, психикалық күйге ауыстыра отырып ойлаудан бөліп қарастырады. Мұндай тұжырымдама адамның жалпы іс-әрекетінің контекстінен педагогикалық іс-әрекетті қарастыру мүмкіндігінің шектеулігін игере отырып, нақты түсінік туралы тұжырымды байытады [187]. Бұдан автордың рефлексияны шығармашылық ойлаумен байланыстыру арқылы жаңа ой қорытындысын жасауға негіз болатын оқу-танымдық іс-әрекетте оқушының әрекет түрлерін саралауы, соңғы нәтиже бағалау арқылы болатынын зерттеу тақырыбымызбен тікелей үйлесімді болғандықтан басшылыққа аламыз.

И.П.Раченконың ойынша, рефлексия шығармашылық жолмен педагогикалық міндеттерді шешуде көрінеді. Шығармашылық іс-әрекеттің алгоритмі келесідей: алдыға қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті тәжірибелік іс-әрекеттің заңдылықты бірізділігін өз ойында тіркеп қою керек; (білім трансляциясынан ой іс-әрекетіне); сабақтың репродуктивті бағыттылығын продуктивті, шығармашылыққа ауыстыру. Соңғысы мұғалімге қойылады және іс-әрекет мазмұнында өз көрінісін табады [188].

«Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда автордың ұсынған шығармашылық іс-әрекет алгоритмін қолданамыз. Кез келген оқу-танымдық әрекетті алгоритм бойынша жоспралап іске асырса, оң нәтиже берері анық» деген ойдамыз.

В.А.Болотов пен В.В.Сериков зерттеулері білім алушылардың бағалау дербестігін қалыптастыруда әдіснамалық тұғырларын анықтауда негізге алынады. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруда оқыту үдерісіндегі оқу-танымдық іс-әрекетті жүзеге асыруда көрінетін рефлексивтік тұғыр зерттеудің мақсатына жетуде келесі ерекшеліктерімен байланысты өзекті: біріншіден, оқытылатын пәндерде меңгерген білім мазмұнын бағалауды қамтамасыз етуге; екінші жағынан, практикалық міндеттерді шешу және мақсатқа жету үшін нақты іс-әрекет арқылы түрлендіруге және оны меңгеруге; үшіншіден, алған білімді өмірлік тәжірибесінде пайдалануға мүмкіндік туғызады. Рефлексиялық тұғырдың мәнін түсіну үшін адамның өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау тетіктерін, оның білімінің нәтижелік көрсеткіші болып табылатын бағалау дербестігіне басымдық береміз.

Ғылыми тұрғыда рефлексия тек қана қабілет түріндегі үдеріс емес, құбылыс ретінде қарастырылады, соған орай рефлексияның мынадай жіктеулері (37-сурет) ұсынылады:

- жобалаушылық рефлексиясы – педагогикалық әрекеттерді үлгілеу, жобалауға, мақсат қоюға бағытталған;
- ұйымдастырушылық рефлексия – педагогикалық әрекетті, оның субъектілерінің конструктивті, өнімді қарым-қатынас құруға бағытталған;
- коммуникативтік рефлексия – мұғалім, ата-ана және оқушы арасындағы диалогті құруда маңызды жағдайдың бірі;
- мағыналы рефлексия – педагогикалық үдеріске қатысушылардың саналарына өздерінің әрекеттеріне мағына беруге бағытталған;
- ынталандырушылық рефлексия – педагогикалық әрекеттің бағытын, сипаттамасын, нәтижелілігін анықтайды;
- түзетушілік рефлексия – педагогикалық үдеріске қатысушылардың өзіндік әрекеттерін жағдайға байланысты реттеуге бағытталған.

Сурет 28 – Рефлексияның жіктелуі

Зерттеу жұмысымызда осы жіктеулердегі жобалаушылық рефлексияны оқушының оқу-танымдық әрекетінде алдына мақсат қоюға, оны іске асыруды жобалауға бағыттау тұрғысынан қолданамыз. Ұйымдастырушылық рефлексия өзінің оқу әрекетін ұйымдастыруға оқушылар арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас құра отырып, табысты нәтижеге жетуге бағыттау мақсатын көздейміз. Коммуникативтік рефлексия мұғалім мен оқушы арасындағы

диалогқа негізделеді. Үштік одақтың бірі болып саналатын ата-ананың мұғаліммен диалогқа түсуі көбіне баласының оқу жетістігі мен тәрбиесіне байланысты болатыны белгілі. Қазіргі таңда күнделік.kz арқылы баласының оқу үлгерімін біліп отыратын ата-ана мұғаліммен диалогқа түсудің электрондық жүйесінің де қатар жүретінін айта кеткіміз келеді. Мағыналы рефлексия оқу-танымдық әрекетті орындаудағы мағынасын жетік түсінуіне басымдық беріледі. Біздің тұрғымызда оқушылардың оқу әрекетіндегі топтық тапсырмалар мен рефлексиялық кері байланысқа түсуге құрылған дескрипторлар бойынша өзін-өзі бағалауының мағынасын түсінуін қамтамасыз етеді. Ғылымдағы рефлексия оқу-танымдық әрекеттің табыстылығын, нәтижелілігін анықтау мақсатында қолданамыз. Критериалды бағалау жүйесінде енгізілген рефлексия оқушылардың кері байланысқа түсуінде жаңа тақырыпты меңгеру деңгейін айқындау үшін қолданылатындықтан аталған рефлексия түрі біз үшін маңызды болмақ. Түзетушілік рефлексия оқу-танымдық үдерісте мұғалімнің оқушылардың өзіндік әрекеттерін реттеуіне қатысы, сонымен қатар білім алушылардың өздерінің әрекеттерін өздері реттеуіне мүмкіндік туғызылуы қажет, – деген тұжырым жасаймыз.

Құзыреттілік тұғыр (Дж.Равен, Г.П.Щедровицкий, К.С.Құдайбергенова) білім беру іс-әрекетінің әдіснамалық және дидактикалық негіздерін айтарлықтай қайта қарастыруын, әдістемелік тұрғыда бастауыш деңгейдегі іс-тәжірибеде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Білім берудегі құзыреттілік тұғыр білім алушының оқу нәтижесін анықтаушы факторы критериалды бағалау жүйесінің сапасын қарастырады. Себебі бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесін қамтамасыз етіп отырған субъективтік және объективтік сипаттағы кез келген қажеттіліктерге сәйкес білімді меңгеруден тәжірибеде қолдану әрекеттің әмбебап тәсілдерін игеруге ауыстыруға мүмкіндік береді.

Дж.Равен құзыреттілік тұғырды нақты мақсатқа қатысты бекімдік және құндылықты түсіну, өз қызметін бақылау дағдысы, оқуға деген дайындығы, қабілеті, күрделі сұрақтардың шешімін табу, өзіне деген сенімі, бейімділігі, ойлау дәрежесі, ерекшелігі, табандылығы, – деп тұжырымдайды. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, бастауыш сыныптарда меңгертілетін білім мазмұнын мақсатқа сәйкес оқушылардың оқу әрекетіндегі белсенділігі, шешім қабылдаудағы сыни ойлау қабілеті, өзіне деген сенімділігі, жаңа білімді меңгерудегі қызығушылығы, табандылығы, жауапкершілігі, білім траекториясын айқындаудағы бағалау дербестігін жатқызамыз.

Құзыреттілік тұғыр практикалық әрекетте көрінетіндіктен бастауыш сынып оқушыларының білім алуға оқу-танымдық тәжірибесі, оның ішінде ізденушілік, зерттеушілік тәжірибеде іскерліктер іске асыра білуімен сипатталады. Сондықтан құзыреттілік тұғыр оқушылардың пәндік оқу мазмұнын меңгеру біліктілігін ғана білдірмейді, сонымен қатар оқушының жеке білім траекториясын айқындауда критериалды бағалау жүйесіндегі бағалау дербестігін қалыптастыруда маңызды болып табылады.

П.Г.Щедровицкийдің пікіріне сүйенсек, құзыреттілік тұғыр әрі субъектіленген болып шығады, яғни жекелеген іс-әрекет тәжірибеден өткізілген, субъектілік ренге ие болады. Осы негізде алып қарағанда бірегей болып табылады. Сонымен бірге бұл әрі «түр», яғни жан-жақты субъект үлгіні іс-әрекеттің әр түрінде қолданылып, іс-әрекетке даралық стиль береді. Құзыреттілікті іс-әрекеттік категория ретінде түсіну үшін ақыл-ой іс-әрекеттің бөлігі екенін баса айтудың үлкен мәні бар: субъектінің ие болған барлық білімі, біліктілігі дағды ретінде автоматтандырылады, типтік немесе типтік емес, сырттан реттелетін немесе еркін жағдайларда қолданылады, ой іс-әрекетінде рефлексиядан өтеді, – деген тұжырым жасаған [189]. Бұл құзыреттілік тұғырдың мәні мен мағынасын ашып тұрған пікір, сондықтан бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруда әрбір білім алушының даралық, жекелік іс-әрекетінің алған білім, біліктілігі, дағдысын білім сапасын айқындауда қажетіне қарай қолдана ала білуі тұрғысынан басшылыққа аламыз.

К.С.Құдайбергенова «құзырлылық ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде енгізіліп отырған ұғым. Құзыреттілік табиғаты оқу нәтижесінен бастау алғанымен, оқу нәтижесінен туындады деу артық, ол негізінен қызметтік, тұлғалық тәжірибелерінің өз бетімен ұйымдастырылуында, адамның өзіндік дамуының, өзіндік даму сатысына көтерілуінің салдары болып табылады [190]. Автордың ұсынып отырған идеясы жоғары оқу орнында мамандар даярлауда кәсіби құзыреттіліктің әлеуметтік маңызын және оны үнемі жетілдірумен сипатталатынын түсіндіре отырып, маман ретінде білімі, біліктілігі, тәжірибесін жүзеге асыру қабілеттілігіне, – мән берілу қажет деп санаймыз.

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруда құзыреттілік тұғыр – оқу мақсатына сәйкес оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінде өзектілігі арта түседі. Құзыреттілік тұғырдың маңызы – ол практикалық тапсырмаларды орындауда, тәжірибелік, ізденушілік, зерттеушілік, шығармашылықтың нәтижесі ретінде көрінеді. Бұл құзыреттілік шеңберінде оқу-танымдық іс-әрекетті жүзеге асыру нәтижесінде оқушы қандай да бір жаңа білімді игереді, оны жүзеге асыруда оқытудың әдіс-тәсілдері мен технологияларын қолдану құзыреттілігіне ие болып, белгілі білім көлемін меңгереді.

Сонымен, қарастырылған әдіснамалық тұғырлар бір-бірін өзара толықтырады және зерттеудің теориялық негізі ретінде қызмет етеді, себебі олар бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыру ұғымын нақтылауға, бағалаудың мақсатын белгілеуге, педагогикалық талаптарды анықтаудың міндетті шарты болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруда олардың адами сапасына қоса тұлғалық сапаларын бастауыш білім мазмұнының ғылыми-әдістемелік тұстары арқылы дамыту бүгінгі білімнің дескрипторларының бірі болып табылады. Бастауыш

сынып оқушыларының меңгерген білім көлемін айқындау үшін критериалды бағалаудың түрлерінің бірі қалыптастырушы бағалау арқылы олардың бағалау дербестігін айқындалады.


Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруды әдсінамалық тұғырлар тұрғысынан қарастыру бағалау дербестігінің мәнін тереңірек түсінуге, оны тұтастай және құрылымдарға бөлу арқылы талдауға, өзіне тән ерекшеліктерін айқындауға негіз болады. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыруда зерттеу жұмысымызда таңдалып алынған тұғырлардың басты идеяларын басшылыққа алуда кешенділікті талап етеді.

2.3 Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың басты аспектісі үдерісті моделдеу. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру моделі белгілі қасиеттерге ие және көздеген мақсатты іске асыруды қамтамасыз ететін қағидалар негізінде құрылады. Мұндағы теориялық зерттеулердің интеграциялануы, өз кезегінде, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыруда педагогикалық әдсінамалық тұрғыдан талдау мен құрылымдық-мазмұндық моделін жасауды талап етеді. Жоғарыда жүргізілген теориялық талдауларға негізделген психологиялық білімдер мен аспектілер, педагогикаға байланысты тұжырымдар бастауыш сынып оқушысының бағалау дербестігінің қалыптасу жолдарын айқындауға негіз болады. Ендеше оқу үдерісіндегі бағалау дербестігінің нәтижесі теориядан танымға жету, ал оқушының бағалау дербестігі критериалды бағалаудың теориялық аспектілері оны құзыреттілік тәсілі ретінде қарастырылады.

Критериалды бағалаудың теориялық аспектілері – *құзыреттілік тәсілдемесіне* негізделеді. Құзыреттілік тәсілдемесі оқу нәтижелерін бағалау білім алудың белгілі сатысында білім алушылардың «жыл басында» қол жеткізген білімдерінің деңгейлерін талдауға негізделеді. Күтілетін нәтижелер Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР МЖМББС) және оқу бағдарламасын толық меңгерудің қорытындысы бойынша туындайтын білім алушылардың тәжірибесінен және қабілетінен, дағдысынан, білімі мен білігінен көрінеді [191].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (одан әрі – ЭЫДҰ, 2003) баяндамасында құзыреттіліктің үш санатын (29-сурет) атап көрсетеді [192]:




Сурет 29 – ЭЫДҰ-ның баяндамасындағы құзыреттіліктің үш санаты

Білім берудегі құзыреттілік тәсілдемесі адамның іс-әрекетке дайындығын, өмірге қажетті құзыреттіліктерді алу жолымен әлеуметтік ортада қызмет етуін анықтайды.

Білім берудің нәтижесін ұсынатын деңгейдің бірі – *функционалдық сауаттылық* болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анықталған функционалдық сауаттылықты дамытуға жалпы бағыттылық, ондағы мақсаттың бірі жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру [193]. Еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту болып табылады.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Критерийлер негізіндегі бағалау үдерісінде білім алушылар өз құзыреттілік әлеуетін біртіндеп ұлғайтады. «Жасай алатынына сенімді» деңгейінде күтілетін нәтижеге жетеді, – деп болжанады. Халықаралық бағалау жүйесіне негізделген критериалды бағалау жүйесін еліміздегі білім беру саласына енгізілуі жаңартылған білім беру мазмұнымен байланысты екені белгілі. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруда функционалдық сауаттылықтың маңызы зор. Өзінің оқу әрекетінде кез келген тапсырманы орындай алатынына сенімділігі арқылы оның бағалау дербестігін қалыптастыруға болады, – деп санаймыз.

Мінездің дифференциация арқылы өтетін (П.Рейс бойынша) «жасауға қабілеттіден» «жасай алатынына» сенімдіге» дейінгі әрекеттермен көрсетілген құзыреттілік деңгейін анықтау үдерісі (30-суретте) берілген:



Сурет 30 – П.Рейс бойынша мінездің дифференциация арқылы өтетін құзыреттілік деңгейін анықтау үдерісі

Осылайша, құзыреттілікке негізделген тәсілдемеге сәйкес оқу бағдарламасын меңгеру, бағалау критерийлерін бақылау, өлшеуге қатысты берілген оқу мақсаттарына жеткенін айқындайтын нақты нәтижелер арқылы бағаланады [194].

Критериалды бағалаудың келесі теориялық аспектісі – кері дизайн

Мұғалім әрекетінің «оқу мақсаттары → сабақ → бағалау» реттілігі классикалық түрге айналды. Алайда, білім беру үдерісін жобалаудың жаңа моделі аталған ұстанымның бағаланатын, қол жеткізетін білім, білік, дағдылар арасындағы сәйкессіздік тұрғысынан алғанда қайта қарауды қажет ететіндігін көрсетеді (нені оқытуы және нені бағалау қажеттігі арасындағы қарама-қайшылық).

Кері дизайн – бұл білім беру үдерісіндегі арнайы педагогикалық жобалау технологиясы, негізгі критерийі мазмұн емес (контент), оқытудың жоспарланған нәтижелері (Велединская, Дорофеева). Тәжірибе көрсеткендей, мұғалімнің оқу мақсатын анықтап, бағалау үдерісін жобалауы, қарастыруы, содан соң ғана жоспарлауы арқылы білім алушыларға сабақ өткізу әрекеті әлдеқайда тиімдірек екені байқалды.

Уигнис және Тай кері байланыс технологиясы аясында білім беру үдерісін жоспарлауда үш кезеңді жүзеге асыруды қарастырады:

1-кезең – мақсаттар мен қалаулы нәтижелерді анықтау, яғни «Білім алушылар нені білуі, түсінуі және істеуі тиіс?» деген сұраққа жауап береді.

2-кезең – қолайлы дәлелдерді анықтау, яғни «Білім алушылардың қалаулы нәтижелерге жетуі мен олардың стандарттарға сай болуына не дәлел болады?» деген сұраққа жауап береді.

3-кезең – оқуды және білім алушылардың нәтижелерге жету үдерісін жоспарлайды [123, 133 б.]. Бұдан шығатын қорытынды мұғалімге толық оқу-әдістемелік кешенді алдын ала ұсыну (оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар үлгілерінің жинағы,

мұғалімдерге арналған жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар және т.б.) кері байланыс үдерісінде білім беруді жоспарлауға мүмкіндік береді: оқу бағдарламасы – бағалау үдерісі – оқыту мен оқу үдерісі. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастырсақ, кері дизайн оқу үдерісі оқу мақсатына жетуге, бағалау оқу қорытындысы бойынша күтілетін нәтижеге сәйкес деңгейді белгілеуге бағыттайды.

Критериалды бағалаудың келесі теориялық аспектісі – *әлеуметтік-конструктивтік оқу теориясы*. Критериалды бағалау жүйесі оқытуда әлеуметтік-конструктивтік көзқарасқа сүйенеді. Әлеуметтік-конструктивтік оқу теориясы білім беруде ұжымдық, топтық, жеке-тұлғалық оқыту үдерісінде әлеуметтік конструкцияға ерекше көңіл бөледі.

Дэвис және Херш оқытуда сындарлы (конструктивтік) көзқарасы бар мұғалім оқыту мен бағалаудың білім мен дағдыны дамытуға бағытталғанын түсінеді деп есептейді [195]. Мұнда білім танымның келісілген аймағы ретінде қарастырылады, ал білім алушы білімді пассивті түрде алуды тоқтатып, сол білімнің «жасаушысы/құрастырушысы» бола бастайды, яғни білімді өздігінен меңгеруде белсенділік танытатын субъекті ретінде пәндік дағдыларды меңгерді.

Пиажениң әлеуметтік-конструктивтік оқу теориясына сәйкес білім алушылар қандай дағдыларға қол жеткізді, қолынан не келеді, нені танып білу тұрғысынан өз түсінігін қалыптастырған адам ретінде қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларында әрбір пән бойынша қалыптастырылатын дағдыларды меңгерту көзделеді. Жаңа білімді меңгеру өмірді тәжірибемен байланыстыра білу дағдысы, кез келген проблеманы шешуде алған білімін қолдануымен байланыстыра қарастырамыз.

Выготский бойынша, «оқыту білім алушылардың жаңа ақпаратты түсінуін, тәжірибе жинақтауын өзгерту (трансформациялау) үшін қолданылуы қажет» деп түсіндіріледі [196]. Бұл білім алушылардың өз дағдыларын дамытуына, келешекте рефлексия арқылы абстракциялар көмегімен негізгі қағидаттарды қолдануына мүмкіндік береді. Әлеуметтік-конструктивтік оқу теориясына сәйкес білім алушылардың ойлауын дамыта оқыту түрлі дереккөздерден (мұғалім, құрдас, оқу ресурстары) «алынған» білімнің «бар болуын» өзара әрекеттестеседі, әлеуметтік ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнату арқылы қамтамасыз етеді. «Мүлдем жаңа» білім ортасын құрады. Бағалау әлеуметтік-конструктивтік оқу теориясының идеяларына негізделген, түрлі елдерде кеңінен қолданылып жүрген қалыптастырушы бағалауды тәжірибеде жандандыруға мүмкіндік береді, бұл бізге оқушылардың бағалау дербестігін қалыптастыруға негіз болады.

Критериалды бағалаудың келесі теориялық аспектісі – *жақын арадағы даму аймағы*. Жақын арадағы даму аймағы түсінігі Л.С.Выготскийдің енгізуімен белгілі, ол «жақын арадағы даму аймағы, баланың даму деңгейі, яғни қандай тапсырманы ол өз бетінше орындай алатынын және үлкендермен, өз құрдастарымен жұмыс жасай отырып жете алатын әлеуетті даму деңгейі арасындағы айырмашылығын білетінін анықтайды» дегенді білдіреді. Осылайша, қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім немесе қабілетті

құрдастарының бірі білім алушыға қолдау көрсетсе, оның дамуы жақын арадағы даму аймағында өтеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының бағлау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыру бұл теориялық аспектіні басшылыққа аламыз.

Критериалды бағалаудың келесі теориялық аспектісі – *скаффолдинг теориясы*. Скаффолдинг теориясы Л.С.Выготскийдің жақын арадағы даму аймағы түсінігімен тығыз байланысты, оқыту когнитивтік емес, ең әуелі, әлеуметтік, тұлғааралық деңгейлерде болады деп тұжырым жасайды. Аталған дәйектерге қарамастан, Л.С.Выготскийдің өзі «скаффолдинг» терминін ешқашан қолданбаған, ол тек адамның когнитивтік дамуындағы әлеуметтік өзара әрекеттің маңызды ролін атап көрсеткен. Скаффолдинг (көпіршелер тұрғызу) – оқушыға жақын арадағы даму аймағымен жүруіне және өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға көмектесу үшін мұғалім көрсететін интербелсенді қолдау.

Скаффолдингтің жаңашыл теориясы – бұл білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара сеніміне негізделген серіктестік. Оқу үдерісінің барысында қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті көмек көрсету мақсатымен білім алушыларды қолдау (Дж.С.Брунер) қалыптастырушы бағалау тәжірибесінде мұғалім орындайтын маңызды функциялардың бірі болып табылады.

«Скаффолдинг» сипаттамалары:

1. Жалпы мақсаттардың болуы. «Скаффолдинг» үшін аса маңызды жағдай «интерсубъективтілік» болуы болып табылады, ол екі субъектінің екі түсінікке ортақ түсініктерінің болуы жағдайы. Интерсубъективтілік мұғалім мен оқушының оқудағы нәтижеге ортақ жауапкершіліктерінің болуы ретінде қарастырылады.

2. Ағымдық диагностика және бейімделуге қолдау көрсету. Скаффолдингтің маңызды ерекшеліктерінің бірі білім алушыларға қажетті қолдауды «бірте-бірте» көрсету үшін мұғалім олардың ілгерілеуін үздіксіз бағалап отыратын дерек болып табылады. Сондықтан мұндай өзара әрекет «білім алушылардың қажетті дағдыларды меңгеруіне, жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындай алуына көмектесуі керек».

3. Диалог және өзара әрекет. Мұғалім мен білім алушылардың өзара әрекеттері скаффолдингте диагностикалық болып табылады. Бұл білім алушыларды селқос білім мен тәжірибе алушы емес, сұрақтар/тапсырмаларды шешуде белсенді қатысушы, серіктес ретінде көруге мүмкіндік береді. Өзара әрекет диалогтің арқасында мүмкін, яғни мұғалім мен оқушы немесе оқушы мен оқушы арасындағы әңгімелесулер.

4. Қолдауды азайту, жауапкершілікті беру. Скаффолдинг жағдайларының бірі білім алушыларға мұғалім тарапынан көрсетілетін қолдау көлемін біртіндеп азайту. Бұл біртіндеп білім алушылардың өз оқуына өзі жауапкершілікпен қарай алуына толық жеткізу болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды «Скаффолдингке» берілген сипаттама оқушы мен мұғалімнің білім мазмұнын меңгеруіне, яғни сапалы білімді меңгеруде субъектілердің бірдей жауапкершілікте болуын құптаймыз. Сонымен қатар, ағымдық бағалау арқылы оқушылардың білім сапасын айқындаумен қатар олардың тұлғалық дамуын

айқындауға мүмкіндік туғызылады. Мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетінің нәтижесінде білім алушыларға қиындық туғызған мәселелерді шешуде серіктестік көмек қолдау көрсетілуі қажет. Соңғы кезеңде материалды меңгеруде мұғалімнің қолдауы мен көмегін біртіндеп оқушылардың материалды түсінуіне қарай азайтқан дұрыс, сонда ғана оқушының білімді өздігінен игеруіне мүмкіндік туады, әрі өзінің ісіне сенімділігі артады деп санаймыз.

Скаффолдинг бойынша, критериалды бағалаудың келесі теориялық аспектісі – *қалыптастырушы бағалау теориясы*

Дәстүрлі жағдайда мұғалім білім алушыларды оқыту мен бағалауға қатысты жауапты тұлға ретінде таниды. Мұғалім көп жағдайда тиімді оқу ортасын құруға, енгізуге жауапты, ол кезде білім алушылар сол ортада оқуға, нәтижеге жетуге жауапты болады. Оқытуға жауапкершілік мұғалімге де, оқушыға да жүктелетіндіктен (серіктестік құқық тілінде – «ынтымақтастық жауапкершілік»), екеуі де нәтижеге жетуде кез келген келеңсіздіктердің алдын алуға күш жұмсауы қажет.

Уильям және Томсон «Қалыптастырушы бағалау теориясы аясында оқушыларды қолдау үдерісінің негізі төмендегідей үш сұрақтан тұруы қажеттігі айқындалған: «оқушы оқудың қай сатысында тұр?», «өз оқуында олар қайда ұмтылады?» және «соған жету үшін оларға қандай көмек көрсету қажет?», бұл сұрақтар оқудағы үш қатысушымен тікелей байланысатынын атайды (мұғалім, сыныптастары және оқушы).

Кесте 2 – Мұғалім, сыныптастары және білім алушылардың қалыптастырушы бағалаудағы байланысы

Агенттер	Білім алушы оқуда неге талпынады?	Білім алушы оқытудың қай сатысында?	Білім алушы қойылған мақсатқа қалай жетеді?
<i>Мұғалім</i>	-Бағалау критерийлерін, күтілетін нәтижелерді түсіндіру. -Бағалау критерийлерін, күтілетін нәтижелерді жалпы түсінуін қалыптастыру.	-Оқушылардың түсінгенін айғақтау ретінде қызмет ететін тиімді сынып ішіндегі пікірталасты, басқа оқу міндеттерін қалыптастыру	Оқушыларды алға ұмтылуға ынталандыратын кері байланыс беру
<i>Құрдас</i>	-Бағалау критерийлерін, күтілетін нәтижелерді жалпы түсінуін қалыптастыру.	-Оқушыларды өзара оқыту ресурстары, құралдары ретінде қолдану	
<i>Оқушы</i>		-Оқушылардың өз білімдерін өздері «жасаушылар, құрушылар» ретінде қалыптасуы	


Мәліметтер қалыптастырушы бағалаудың бес негізгі стратегиялардан тұратынын көрсетеді:

- Бағалау критерийлері мен күтілетін нәтижелерді түсіндіру;
- Білім алушылардың түсінгені туралы дәлелді көрсететін сыныптағы өзара әрекет пен тиімді тәсілді қалыптастыру;
- Білім алушыларды нәтижеге жетуге ынталандыратын кері байланыс беру;

- Білім алушыларды өзара оқу ресурстары, дереккөздері ретінде қатыстыру;
- Білім алушыларды өз білімдерін өздері «жасаушылар/құрушылар» ретінде қалыптастыру.

Келесі аспектісі – білімді толық меңгеру теориясы.

Б.Блумның білімді толық меңгеру теориясы (Learning for mastery) жақсы оқитын білім алушы мен нашар оқитын білім алушы нәтижелерінде 90% айырмашылық болатынын түсіндіретін мынадай негізгі үш факторды (31-сурет) анықтайды:




Сурет 31 – Б.Блумның білімді толық меңгеру теориясы бойынша негізгі үш фактор

Білімді толық меңгеру теориясы жиынтық бағалау кезінде балдарды есептеу әдістемесі мен баға қою механизмін анықтаудың негізі болып табылады. Тоқсандық жиынтық бағалау мен бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудағы балдардың түрлі әсер етуі тоқсанның соңына дейінгі қорытынды бағаны жақсартуға мүмкіндік береді. Тоқсан барысында білім алушылар алғашқы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық жұмыста төмен балл алса, онда қорытынды нәтижені жақсарту мүмкіндігі сақталады.

Оқу мақсаттарының таксономиясы. Оқу мақсаттары білім алушылардың ілгерілеуін көрсету үшін тиімді пайдаланылуы мүмкін. Критериалды бағалау жүйесінде оқу мақсаттары ерекше маңызды, олар критерийлерді анық, жеңіл, түсінікті формада құрастыруға мүмкіндік береді. Әр оқу бағдарламасында оқу мақсаттары білім алушылардың пәнді меңгеруін дамытуы қажет білімі мен дағдыларын анықтайды.


ҚР МЖМББС күтілетін нәтижелерді анықтау, осы дамытуды ақпараттандыру үшін оқу бағдарламасындағы негізгі бағыт болып табылатын Б.Блумның таксономиясы қолданылады. Оқу мақсаттарының таксономиясы ойлау дағдыларының алты деңгейін болжайды:



Сурет 32 – Ойлау дағдыларының алты деңгейі

ҚР МЖМББС қолданылатын таксономиялық тәсіл оқу мақсаттары ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес бағалау критерийлерін құрастыруға мүмкіндік береді. Критериалды бағалау жүйесінде бағалау критерийлері ойлау дағдыларының деңгейлері бойынша төменгі деңгейдегі дағдылар: білу және түсіну; қолдану; ал, жоғары деңгейдегі дағдылар: талдау, жинақтау және бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Критериалды бағалаудың теориялық бағытының бірі – сөйлеу әрекетінің теориясында И.А.Зимняя «тілдік пәндерді оқыту сөйлеу әрекеттерінің толық сипаттарын меңгеріп, өз бетінше қалыптастыру тұрғысынан жүзеге асырылуы қажеттігін атап көрсетеді. Сөйлеу әрекеттерінің түрлері мынадай дағдыларды қамтиды: ақпаратты еске түсіру дағдысы ретіндегі айтылым мен жазылым, сондай-ақ, ақпаратты қабылдауға бағытталған дағды ретіндегі тыңдалым мен оқылым. И.А.Зимняяның теориясын талдай отырып, зерттеу жұмысымызда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыруда басшылыққа алдық. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін төмендегі кестеде ұсынамыз (33-сурет).



Сурет 33 – Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Біздің ұсынып отырған моделімізде бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруда элементтер мен байланыстардың, оларды жүзеге асыру нақтылы жағдайда оқытудың ұстанымдары мен тиімді технологияларын саралауға ықпал етеді. Зерттеу жұмысымызда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыру үшін дидактикалық ұстанымдармен бірге модельде келесі ұстанымдар сараланып алынды:

Критериалды бағалау төмендегідей ұстанымдарға негізделеді:

– *Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы.* Бағалау оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Демек, неге және қалай оқытады, білім алушының қажеттілігі қандай және бағалау тәжірибесінде жүзеге асыруға қажетті нәтижелерге жетуге қалай көмектесуге болады деген сұрақтарға жауап іздеу.

– *Шынайылық, анықтық және валидтілік.* Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділік бар. Объективтілік, анықтық, валидтілік жиынтығы бағалаудың сапасын анықтайды. Барынша мазмұнды сипаттаманы бағалауды қаншалықты дұрыс өткізетінімізді және нақты нені өлшейтінімізді бағалаудың валидтілігі ұсынады. Аталған қағидатты жүзеге асыру: – нені бағалау қажеттігін нақты түсіну және анықтауды; – бағалау критерийлерін құрастыру және негіздеуді; – тапсырмаларды құрастыру және рәсімдерді жоспарлауды көрсетеді.

– *Ашықтық және нақтылық.* Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады. Аталған қағидат мақсаттар мен бағалау рәсімдерінің түсінікті, нұсқаулықтың анық және нақты, нәтижелердің пайдалы және қолжетімді болуын болжайды. Бағалау үдерісінде оның мақсаттылығы мен дұрыстығы еш күмән тудырмауы тиіс. Өз кезегінде білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы өзара әрекет пен сенімге қол жеткізу олардың қызығушылығын арттыру және оқу нәтижесіне оң әсер етуге ықпал етеді.

– *Үздіксіздік.* Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады. Бағалау үдерісінің тұрақтылығы рәсімдер арасындағы өзара байланысты негіздейтін және бірыңғай білім беру жүйесін құратын қалыптастырушы бағалау, балл қою кестесі механизмін қолдану және жиынтық бағалаудың кестесін белгілеу әрекеттері арқылы қамтамасыз етіледі.

– *Дамытуға бағыттылық.* Бағалау білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады. Бағалау білім алушылардың қандай білім мен дағдыларды меңгергені туралы ақпараттарға талдау жасауға және жинақтауға негізделген білім беру үдерісінің алдағы уақыттағы қадамдары туралы негізгі шешімді қабылдауына мүмкіндік береді.

– *басқару және өзін-өзі басқару ұстанымы* – білім беру үдерісіндегі әрбір субъектінің өз әрекетін ұйымдастыруы және өзгелермен қарым-қатынасын


калыптастыруы, білім алушылар мен педагогтердің жекелеген әрі бірлескен іс-әрекеттерінің нәтижесіне өзіндік талдау жасауы.

– *ізгілік ұстанымы* – әрбір жеке тұлғаның құндылығын мойындау, оқыту мен дамыту диагностикасын ғана емес, білім беру үдерісінің субъектілеріне, педагогикалық, әлеуметтік, психологиялық көмек және қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.

– *өз әрекетін ұйымдастыру ұстанымы* – білім беру үдерісін ұйымдастыруға барлық субъектілердің өзінің қажеттілігі мен даралық қасиеттерін меңгере отырып, әлемдік деңгейдегі тәжірибелермен кіріктіре отырып, бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру мүмкіндіктері толықтай бар деп айтуға болады.

– *субъектілік ұстанымы*. Субъект (лат. *subjectum* – бастауыш) ұғымы психологиялық әдебиеттерде төмендегіше түсіндіріледі: – болмысты тану мен өзгертудің қайнары ретіндегі индивид немесе топ; – белсенділікті жеткізуші; – субъект индивид немесе топ іс-әрекетті танудың және өңдеудің негізі ретінде; – іс-әрекеттегі белсенділіктің тасымалдаушысы. Ғылыми психологияның негізі делінген диалектикалық материализм субъектіні тарихи дамудың өнімі деп қарайды және оның белсенділігін адамдар қарекетінің ерекшеліктерімен байланыстырады. Осы әрекет барысында объектінің нақты, іс жүзіндегі өзгеруі субъектінің қарекеті соған негізделіп реттелетін субъектідегі бейнелерге барабарлығының, болмысқа сәйкестігінің критерийі болып табылады.

Бірінші және екінші бөлімде анықталған ғылыми-теориялық ережелерге, тұжырымдамаларға сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру моделінің құрылымдық-мазмұнын құру үшін төменде көрсетілген мотивациялық, оқу-танымдық және рефлексивтік-бағалаушылық компоненттері (34-сурет) негізге алынды.



Сурет 34 – Мотивациялық, оқу-танымдық және рефлексивтік-бағалаушылық компоненттер

Таңдаған компоненттердің негізінде бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастырудың өлшемдерін таңдауды жөн көрдік. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастырудың бірінші тәсілі мақсатқа жетудің деңгейін бағалаумен анықталады. Екінші тәсіл – бағыттылығымен, қолдану әдістері және орнымен анықталады.

Психологиялық еңбектерде «өлшем» терминінің анықтамалары әртүрлі болып келеді. Шетелдік сөздікте өлшемдер сөзі (латын тілінен аударғанда – «критериум» – салыстыру) жеткен нәтижелер салыстырылатын эталондық көрсеткіш, яғни бір нәрсенің жіктемесі немесе сапалық жағын өлшеуіші болып табылады. Зерттеу жұмысымызда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастырудың үлгісін құруда мотивациялық, оқу-танымдық, рефлексивтік-бағалаушылық компоненттердің бірлігінде қарастырамыз. Бұл компоненттер бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыру дәрежесін сипаттайтын негізгі өлшемдер мен көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді.

Кесте 3 – Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастырудың компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері

Компонент	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық	Оқу-танымдық үдерісте бағалау дербестігіне қажеттілігіне қызығушылығы	- оқу-танымдық бағалау дербестігіне деген қызығушылық; - оқу-танымдық үдерісте бағалау дербестігіне қажетті ұғымдарды меңгеруге деген ынтасы; - оқу-танымдық үдерісте бағалау дербестігіне қажеттілігі мен белсенді рефлексияға талпынысы;
Оқу-танымдық	Оқу-танымдық үдерісінде бағалау дербестігі туралы когнитивті білімі	- оқу-танымдық бағалау дербестігі туралы білімі; - оқу-танымдық бағалау дербестігі туралы білімді анық меңгеруге қажетті ұғымдар туралы дағысы; - оқу-танымдық бағалау дербестігінің технологиялары, әдістері, формалары, рефлексиялау белсенділігін арттыратын білігі.
Рефлексивтік-бағалаушылық	Оқу-танымдық үдерісте бағалау дербестігін рефлексиялық бағалаушылық әрекеті	- оқу-танымдық бағалау дербестігі туралы білімдерін тәжірибеде кез-келген жағдайда қолдану білігі; - оқу-танымдық бағалау дербестігі нәтижесінде білім мазмұнын жаңа жағдайларда нәтижелі әрекетті белсенді рефлексиялау білігі; - оқу-танымдық тапсырмалар арқылы өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі бағалаушылық әрекеті.

Жоғарыда көрсетілген өлшемдер мен көрсеткіштердің негізінде бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау

жүйесі негізінде қалыптастырудың деңгейлері (жоғары, орта, төмен) анықталды.

Жоғары деңгей – бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруға ынтасы мен қызығушылық дербестігі жоғары; оқу пәндерінен білім, білік, дағдыларды тапқырлықпен игеруге бағыттылығы айқын, оқу-танымдық тұрғыда білімін жетілдіруге ұмтылады. Бастауыш сыныптарда өтілетін пәндерден алған білімдерін практикада қолдануға дағдыланған, білім мазмұнын жаңа жағдайларда табысты шешуді іске асыру тетіктерін жақсы біледі. Оқу үдерісінде іс-әрекетін жоспарлау және танымдық іс-әрекетте қарым-қатынасты ұйымдастырудағы іскерлігі жетілген; рефлексияға түсу белсенділігі жоғары, рефлексия жасай біледі, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі басқаруға, өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі бағалауы әрекеті жоғары.

Орта деңгей – бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруға ынтасы мен қызығушылық дербестігі орташа; оқу пәндерден білім, білік, дағдыларын игеруге бағыттылығы бар болғанымен, айқын емес, оқу-танымдық деңгейінде қабылдау ниеті орташа. Бастауыш сыныптарда өтілетін пәндерден алған білімдерін практикада қолдануға дағдыланған, білім мазмұнын жаңа жағдайларда табысты шешуді іске асыру тетіктері туралы білімі орташа. Оқу-танымдық тұрғыда білімі жетілдіруді қажет етеді; Оқу үдерісінде танымдық іс-әрекетін жоспарлау және орындау мақсатындағы қарым-қатынасты ұйымдастыруы іскерлік деңгейінде қалыптаспағанымен, мүмкіндігіне сай қатысады; рефлексияға толық түсе алмайды, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі басқаруға, өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі бағалау әрекеті орташа.

Төменгі деңгей – бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастыруға ынтасы жеткіліксіз; оқу пәндерден білім, білік дағдыларын игеруге ықыласы болғанымен, аса мән бермейді; оқу-танымдық деңгейінде қабылдауы жетілдіруді қажет етеді. Оқу-танымдық тұрғыда білімі жеткілікті деңгейде емес; Бастауыш сыныптарда өтілетін пәндерден алған білімі болғанымен, меңгеру барысында іске асыру тетіктерін білуі әлі де көп толықтыруды қажет етеді. Оқу үдерісінде танымдық іс-әрекетті жоспарлауы мен орындауы барысындағы қарым-қатынасты ұйымдастырудағы іскерлігі төмен, рефлексиялық белсенділігі төмен, дегенмен өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі басқару, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі жүзеге асыруға әрекеттенеді, өзін-өзі бағалау әрекеті төмен.

Жоғарыда берілген модельді құрастыру барысында педагогикада ғылыми негізделген жүйелердің бүгінде іс-тәжірибеге енгізілгендері негізге алынды. Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың мақсатын айқындауда басты бағдар білім мазмұнымен бірге енгізілген бағалаудың өзгеруіне байланысты тұлғаның үйлесімді дамуына, олардың қоршаған шынайылықты түйсінуге, өзінің даралығын сезінуге, негізгі оқуда өзара әрекеттесу дағдыларын игеруге, өзінің оқу іс-әрекетін ой елегінен өткізіп, қорытынды шешім қабылдауға жағдай жасау арқылы өзіне баға беруге басымдық беріледі.

3. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БАҒАЛАУ ДЕРБЕСТІГІН КРИТЕРИАЛДЫ ЖҮЙЕ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ

3.1 Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың бастапқы кезеңінің диагностикасы

Зерттеудің ұсынылған болжамын практикалық түрде тексеру мақсатымен Алматы қаласы, Жетісу ауданы, №3 және Алматы қаласы, Алатау ауданы №156 жалпы білім беретін мектептерінде 2020-2021 жылдары тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруға біз дайындаған әдістемені тәжірибелік-эксперименттен өткізуге бағытталды.

Тәжірибелік-экспериментке Алматы қаласы Жетісу ауданы, №3 және Алатау ауданы №156 жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш сынып оқушылары қатысты. 120 оқушы эксперимент (59 оқушы) және бақылау (62 оқушы) топтары ретінде алынды.

Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген эксперименттің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйесінде қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтау және оны деңгейін көтеруге арналған әдістемесін сынақтан өткізу. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне қарай тәжірибелік-эксперимент бағдарламасы жасалып, кезеңдермен жүзеге асырылды.

Тәжірибелік-эксперименттің міндеттері:

- базалық тірек мектептердегі бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің бастапқы деңгейін айқындау;
- бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыруға арналған әдістемені тәжірибеде сынақтан өткізу;
- «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесі» атты арнайы оқу-әдістемелік семинар бағдарламасын даярлау және сынақтан өткізу;
- тәжірибелік-эксперименттің нәтижелерін статистикалық, математикалық өңдеу.

«Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйесі негізінде қалыптастыру» атты әдістемелік-семинар ұйымдастыру көзделді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыс үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) өткізілді және төмендегі ретпен жүзеге асырылды:

Анықтау экспериментінің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйе негізінде қалыптастырудың бастапқы деңгейін айқындау.

Анықтау экспериментінің міндеттері:

- тәжірибелік-экспериментке қатысатын сыналушыларды іріктеу;

– бастауыш сыныптарда «Дүниетану» пәні бойынша бағалау дербестігін қалыптастыру мәселесін айқындау;

– бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйе негізінде қалыптастыруға қызығушылығын айқындау;

Анықтау экспериментінің нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды бағалау жүйе негізінде қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру қажеттігін айқындады.

Осыған орай жүргізілуге тиісті тәжірибелік-эксперименттік жүйенің төмендегідей сәйкес құрылымы жасалды (кесте 7).

Кесте 4 – Компоненттер бойынша таңдалынған әдістемелер

Компонент	Әдістемелер
Мотивациялық	1) Оқу мотивациясының бағытын диагностикалау әдістемесі (Т.Д.Дубовицкая) 2) «Бағалау дербестігін анықтау» атты авторлық сауалнамасы
Оқу-танымдық	1) «Білім алуға бағытталу» әдістемесі (Е. П. Ильин, Н. А. Курдюкова бойынша)
Рефлексиялық-бағалаушылық	1) Рефлексия деңгейін анықтау (О.С. Анисимов бойынша)

Таңдалған әдістемелер зерттеу тақырыбының мотивациялық компонентіне сәйкес оқу мотивациясы мен оқудың ішкі мотивациясын айқындау мақсатында қолданылды. Зерттеу жұмысымыз үшін алдымен бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда оқуға мотивация мен ішкі оқу мотивациясының біз үшін маңыздылығы зерттеу жұмысын орындауға ынтасы мен қызығушылығының деңгейін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Мазмұндық компонентке сәйкес бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыру бағытында алдымен рефлексия қажет деп ойлаймыз. Рефлексия тұлғаның өзін, басқаны түсіне алуы, өзін бағалай және басқаға баға бере алуы, білім алуға деген қабілетін бағалай білген жағдайда бағалау дербестігін іске асыра алады.

Рефлексивтік компонент бойынша, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда шешімдерді қабылдау қабілетін бағалау, оқу үдерісінде өзі үшін меңгерген білімнің нәтижеге жетуі, оны дәлелдеу үшін шешім қабылдау мен өзін-өзі бағалау қажеттігі ескеріліп таңдалды.

Тәжірибелік-эксперименттің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастырудың әдістемесін тәжірибеде тексеру.

Тәжірибелік-эксперименттің міндеттері:

– базалық тірек мектептердің бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін айқындау;

– «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесі» атты оқу-әдістемелік семинар бағдарламасын даярлау және сынақтан өткізу;

- бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыруға арналған әдістемені тәжірибеде сынақтан өткізу;
- тәжірибелік-эксперименттің нәтижелерін статистикалық, математикалық өңдеу.

– «Дүниетану пәнінен критериалды бағалау жүйесіне арналған тапсырмалар жинағы» атты әдістемелік құралынан тәжірибеде сынақтан өткізу.

Бірінші анықтау кезеңінде жоғарыда аталған базалық мектептерінің оқыту үдерісінің нақты жағдайы мен бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтау үшін мына міндеттердің шешімі іздестірілді:

- эксперименттік зерттеудің проблемасын және мақсатын анықтау;
- тәжірибелік-эксперименттің барысында жүргізілетін жұмыс формаларын анықтау;

– бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтауға қажетті әдістемелерді таңдау. Анықтау экспериментінде оқу мотивациясының бағытын диагностикалау әдістемесі (Т.Д.Дубовицкая бойынша) пайдаланылды.

Әдістеменің мақсаты: оқушылардың нақты пәндерді оқудағы оқу іс-әрекетінің ішкі мотивациясының бағыты мен даму деңгейін анықтау.

Әдістеменің жалпы сипаттамасы. Әдістеме 20 пікірден және ұсынылған жауап нұсқаларынан тұрады. Артықшылықтар мен кемшіліктер түріндегі жауаптар арнайы нысанда немесе шешімнің реттік нөміріне қарама-қарсы қарапайым қағаз парағында жазылады. Өңдеу кілтке сәйкес жүзеге асырылады. Әдістеме шамамен 9 жастан бастап өзін-өзі талдауға және өзін-өзі есептеуге қабілетті оқушылардың барлық санаттарымен жұмыс жасауда қолданыла алады.

Сондықтан, аталған әдістеменің тиімділігін тексеру үшін «*Оқу мотивациясының бағытын диагностикалау әдістемесі Т.Д.Дубовицкая*» сауалнамасы жүргізілді.

Нәтижелерді өңдеу сұрақтама кілті бойынша, әрбір сәйкес жауапқа бір бал беріледі. Жиынтық балы жоғары болған сайын, пәнді оқудағы ішкі мотивация көрсеткіші де жоғарылайды. Жиынтық балдардың төмен нәтижесі пәнді оқудағы сыртқы мотивацияның басымдылығын көрсетеді (сурет 35).

Нәтижелерді өңдеу

Сауалнама көрсеткіштерін есептеу кілтке сәйкес жасалады, мұнда «Иә» оң жауаптарды білдіреді (дұрыс; мүмкін, дұрыс), ал «жоқ» теріс (мүмкін дұрыс емес; дұрыс емес).

Кілт

Иә	1, 2, 5, 6, 8, 11, 12, 14, 17, 19
Жоқ	3, 4, 7, 9, 10, 13, 15, 16, 18, 20

Кілтпен әр сәйкестік үшін бір ұпай беріледі. Жалпы балл неғұрлым жоғары болса, тақырыпты зерттеудің ішкі мотивациясының көрсеткіші

соғұрлым жоғары болады. Төменгі жалпы баллдарда тақырыпты зерттеудің сыртқы мотивациясы басым болады.

Тесттің сенімділігін тексеру. Сенімділікті тексеру талдау негізінде жүргізілді

Нәтижелерді талдау.

Сыналушының жауаптарын өңдеу үдерісінде алынған нәтиже былайша түсіндіріледі:

0-10 баллон — сыртқы мотивация;

11-20 балл — ішкі мотивация.

Ішкі мотивация деңгейін анықтау үшін келесі нормативтік шекараларды да қолдануға болады:

0-5 балл — ішкі уәждеменің төмен деңгейі;

6-14 балл — ішкі уәждеменің орташа деңгейі;

15-20 балл — ішкі мотивацияның жоғары деңгейі.

Енгізу және практикалық қолдану.

Ұсынылған техниканы қолдануға болады:

1) оқушылардың үлгермеуінің себептерін анықтау үшін;

2) пәнді оқу мотивациясының бағытына байланысты оқушылардың санаттарын анықтау үшін (сыртқы мотивацияның үстемдігімен, ішкі мотивацияның үстемдігімен және орта типтегі);

3) оқу үдерісінде оқушыларды психологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін;

4) оқу пәндерін оқытудың тиімділігін зерттеу және оны жетілдіру резервтерін іздеу үшін;


5) жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждерде педагогикалық психология, педагогика және психодидактика курстарын оқытуда оқушыларды оқу іс-әрекетінің түрлі уәждемелерімен практикалық таныстыру және оқушылардың мотивациялық саласын жандандырудың әдістері мен тәсілдерін іздеу үшін.

Зерттеу нәтижелерін қарастыруға болады:

1) мұғалім қолданатын оқыту әдістемесінің (технологиясының) тиімділігінің (сапасының) көрсеткіші ретінде (бақылау және эксперименттік сыныптардағы уәждемені зерттеу нәтижелерін салыстыру);

2) мұғалімнің оқушылардың мотивациялық саласын жандандыру қабілетінің көрсеткіші ретінде (аттестаттауды, Педагогикалық шеберлік конкурстарын өткізу кезінде ескерілуі мүмкін);

3) педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру және педагогикалық шеберлікті жетілдіру үшін негіз ретінде.



Сурет 35 – Оқудың ішкі мотивациясының дамуын анықтайтын сауалнаманың диаграммасы (Т.Д.Дубовицкая)

Кесте 5 – Эксперименттік және бақылау тобындағы оқушылардың креативтілігінің даму деңгейі

Оқушылардың ішкі мотивациялық деңгейі	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
	Эксп дейін	Эксп дейін
Төмен	15,3%	17,7%
Орташа	61,0%	59,7%
Жоғары	23,7%	22,6%

Эксперименталды және де бақылау тәуелсіз топтардың экспериментке дейін статистикалық тұрғысынан айырмашылығын тексеру үшін Пирсонның χ^2 критеріі пайдаланылды.

$$\chi_{\text{ст}}^2 = \frac{1}{n_1 * n_2} \sum \frac{(n_1 Q_{2i} - n_2 Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}$$

Мұндағы n_1 мен n_2 эксперимент және бақылау топтарындағы оқушылар саны. Q_{1i} , Q_{2i} – бақылау және эксперимент топтарының 1 – белгісінің жиілігі, i – белгілер саны.

$$\chi_{\text{ст}}^2 = \frac{1}{59 * 62} \left[\frac{(17.7 * 62 - 15.3 * 59)^2}{17.7 + 15.3} + \frac{(59.7 * 62 - 61.3 * 59)^2}{59.7 + 61.3} + \frac{(22.6 * 62 - 23.7 * 59)^2}{22.6 + 23.7} \right] = 0.36$$

$q = 0,05$ мәнділік деңгейі мен еркіндік дәреже саны $v = (k-1)(c-1) = 2 * 1 = 2$ үшін $\chi_{\text{кр}}^2 = 5,99$ және де $p = 0.835 > 0.05$

$\chi_{\text{ст}}^2 < \chi_{\text{кр}}^2$, екі тәуелсіз топтың экспериментке дейін статистикалық айырмашылығы жоқ деп қабылдаймыз, яғни топтар зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін жарамды деп есептеледі.

Кесте 6 – Эксперименттік және бақылау тобындағы респонденттердің «Оқу мотивациясының бағытын диагностикалау әдістемесі» (Т.Д.Дубовицкая) нәтижелері

Шкалалары	Экспериментке дейін	
	ЭТ (n=59)	БТ (n=62)
Білімнің құндылығы	64,41%	67,74%
Пәнді оқудағы дербестік	57,63%	69,35%
Пәнді оқудағы пассивтілік	72,88%	79,03%
Пәнді меңгерудегі қиындық	72,88%	80,65%
Пәнге деген қызығушылық	52,54%	56,45%
Оқуға теріс көзқарас	76,27%	79,03%
Пәнге теріс көзқарас	79,66%	69,35%

Тәуелсіз таңдамалар үшін топтардағы сыналушылардың саны әр түрлі болғандағы Стьюденттің t-критериясы келесі формуламен есептелінді:

$$t = \frac{M_1 - M_2}{\sigma_d}, \quad \sigma_d = \sqrt{\frac{\sigma_1^2 \cdot (N_1 - 1) + \sigma_2^2 \cdot (N_2 - 1)}{N_1 + N_2 - 2} \cdot \left(\frac{1}{N_1} + \frac{1}{N_2} \right)}$$

Мұнда N_1 және N_2 сыналушылардың жалпы саны, σ^2 дисперсиялары

Осы айырмашылықтардың сенімділігін бағалауда тәуелді таңдамалар үшін Стьюденттің t-критерийі бойынша келесі болжамдарды белгіледік.

1. H_0 : экспериментке дейін бақылау тобы мен эксперименттік топтың көрсеткіштері арасындағы статистикалық өзгерістер жоқ.

2. H_1 : экспериментке дейін бақылау тобы мен эксперименттік топтың көрсеткіштері арасындағы статистикалық өзгерістер бар;

Стьюденттің t-критериясы Microsoft excel формуласы арқылы есептелінді және шешімі 38 кестеде көрсеттік.

Кесте 7 – Тәуелсіз таңдамалардың Стьюденттің t-критериясы есебі

Тәуелсіз таңдамалар	Эксперимент тобы	Бақылау тобы
Орташа	0,680387409	0,71659
Дисперсия	0,010191379	0,007445
Бақылаулар	7	7
Пирсон корреляциясы	0,740505496	
Гипотетикалық орташа айырмашылық	0	

7 – кестенің соңы

Df	6
t-статистика	-1,39183175
P(T<=t) біржақты	0,10668897
t критикалық біржақты	1,943180281
P(T<=t) екіжақты	0,213377939
t критикалық екіжақты	2,446911851

$$t = \frac{0.6804 - 0.7166}{\sqrt{\frac{0,0102 * 6 + 0,0075 * 6}{7 + 7 - 2}} * \sqrt{\frac{1}{7} * \frac{1}{7}}} = -1.39$$

Tstatistics=|-1.39|<t_{кр}=2.179, p=0.21>0.05, H₀ болжамы экспериментке дейінгі екі топтың статистикалық айырмашылығы жоқ екенін қабылдаймыз.

Анықтау экспериментінің нәтижелерін жүргізілген сауалнама бойынша нәтижені төменде көрсетеміз. Сауалнама 10 сұрақтан тұрады. Анықтау экспериментінің сауалнамасына 121 оқушы қатысты. Төменде бақылау және эксперименттік топтардың салыстырмалы талдауы келтірілді.

Екінші әдістеме «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптасуы» авторлық сауалнама дүниетану пәні бойынша өзін-өзі бағалауға және оқыту үдерісінде алған білімінің нәтижесін көру үшін маңызды болмақ. Авторлық сауалнамадағы басты шкалалар: өзін-өзі әділ бағалау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі түзету, өзіндік рефлексия, өзін-өзі бағалауы болады.

Анықтау экспериментінің міндеті бақылау және эксперимент топтарында бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтау болды. Анықтау экспериментінде жоспарланған жұмыс түрлеріне экспериментті және бақылау топтары бірдей қатысты. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптасуының алғашқы деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. (Кесте 11).

Кесте 8 – «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптасуы» атты сауалнама нәтижесі

Сауалнама сұрақтары	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	ж/д	о/д	т/д	ж/д	о/д	т/д
Оқу үдерісінде өзінді әділ бағалайсың ба?	22,6%	41,9%	35,5%	27,1%	40,7%	32,2%
Оқу үдерісінде өзінді қалай бақылайсың?	4,8%	50,0%	45,2%	5,1%	52,5%	42,4%
Сен өзінді қалай оқимын деп санайсың: күшті, орташа, нашар? (біреуін таңда)	16,1%	75,8%	8,1%	22,0%	71,2%	6,8%

8 – кестенің соңы

Өзіңнің жұмысыңды қалай талдайсың?	16,1%	33,9%	50,0%	20,3%	32,2%	47,5%
Оқу үдерісінде өзінді өзін қалай түзетесің?	11,3%	64,5%	24,2%	8,5%	67,8%	23,7%
Басқалармен өзінді қалай салыстырып бағалайсың?	27,4%	56,5%	16,1%	25,4%	55,9%	18,6%
Өзінді өзін бағалау деңгейің қандай? (Жоғары, орта, төмен) біреуін таңда	33,9%	48,4%	17,7%	32,2%	50,8%	16,9%
Сенің жұмысың «6» балл, ал мұғалім саған «10» балл қойды. Сен қалай қарайсың?	35,5%	50,0%	14,5%	37,3%	47,5%	15,3%
Оқу үдерісінде өзіндік рефлексияны қалай орындайсың?	19,4%	30,6%	50,0%	25,4%	27,1%	47,5%
Құрастырылған дескрипторға жауап беру деңгейің қандай?	27,4%	56,5%	16,1%	33,9%	50,8%	15,3%

Сауалнамаға Алматы қаласы Жетісу ауданы, №3 және Алатау ауданы №156 жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш сынып оқушылары қатысты. 121 оқушы эксперимент (59 оқушы) және бақылау (62 оқушы) топтары қатысты.

Кесте 9 – Анықтау экспериментіндегі авторлық сауалнама бойынша алынған БТ және ЭТ көрсеткіштері

Шкалалар	Өзін-өзі әділ бағалауы	Өзін-өзі бақылау	Өзін-өзі түзетуі	Өзіндік рефлексия	Өзін-өзі бағалау
Көрсеткіш белгісі	%	%	%	%	%
Бақылау тобы-62					
ж/д	19,4	20,2	13,7	23,4	30,7
о/д	58,9	50,0	49,2	43,6	52,5
т/д	21,8	29,9	37,1	33,1	16,9
Эксперимент тобы -59					
ж/д	24,6	21,2	14,4	29,7	28,8
о/д	56,0	50,0	50,0	39,0	53,4
т/д	19,5	28,9	35,6	31,4	17,8


Кесте 10 – Тәуелсіз топтардың экспериментке дейін статистикалық көрсеткіштері

Компоненттер	Тәуелсіз топтардың экспериментке дейін статистикалық көрсеткіштері			
	$P_{кр}$	$\chi^2_{кр}$	$P_{ст}$	$\chi^2_{ст}$
Өзін-өзі әділ бағалауы	0,05	5,99	0,625	0,941

10 – кестенің соңы

Өзін-өзі бақылау	0,05	5,99	0,921	0,164
Өзін-өзі түзетуі	0,05	5,99	0,915	0,178
Өзіндік рефлексия	0,05	5,99	0,560	1,159
Өзін-өзі бағалау	0,05	5,99	0,899	0,214

Кестеде көрсетілген мағлұматтарға қарап екі тәуелсіз топтардың экспериментке дейін әрбір компонент бойынша статистикалық айырмашылығы жоқ деп қабылдаймыз.



Сурет 36 – Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің қалыптасу диаграммасы (эксперименттік топ)

Сауалнама көрсеткендей, экспериментке қатысушы респонденттердің жауаптары бойынша, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруға жүйелі түрде айналысуына кедергі ететін фактор – оқу үдерісінде рефлексиялық сұрақ-тапсырмалар мен дескрипторды орындау барысында толық ажырата алмауы оқушының нақты өзін-өзі бағалауы мен өзіндік рефлексияны жасау білігінің жетіспеуі, – деп көрсетеміз. Сауалнама жауаптары көрсеткендей оқушылардың бағалау дербестігін қалыптастыру үшін олардың өзіндік жұмыстары бойынша білімін арттырып, қызығушылығын тудыру, соның негізінде өзін-өзі бағалауды іске асыратынына сенім білдіре отырып, жағдай жасап, нақты бағыт беру қажет деген, – қорытынды жасаймыз.

Анықтау экспериментінде бастауыш сынып оқушыларының білім алуында берілген тапсырмалар бойынша негізінен мұғалімнің берген нұсқауымен шектелетіні, оқушылардың өзін-өзі бағалауын критериалдық жүйе негізінде толыққанды қалыптаспағандығы байқалды. Сондай-ақ

бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістігін бағалауда қолданылатын рефлексиялық тапсырмалар мен дескрипторлар туралы жалпылама мағлұматтары бар екені анықталды. Осы жасалған талдаулардан бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруды тиімді жүзеге асыру төмендігі байқалды. Бұл көрсеткіштің төмен болуы бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру мәселесінің арнайы мақсат етіп қойылмағандықтан, олардың басым көпшілігінің бағалау дербестігі төмендігі байқалды.

Бұдан анықтау экспериментінің нәтижелері: бастауыш сынып оқушыларының дүниетану пәнінен алған білімдерін біліктілікпен басқа пәндерді оқыған кезде де тәжірибеде қолдануға қиналады, «түпнұсқамен» байланыстыра алмайды, олардың өздігінен ізденіспен ойлауы, алған білімді ұқсас немесе жаңа жағдайға көшіру біліктілігі, өзін-өзі бағалауы жетіспейтініне көз жеткізілді.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруды оқу іс-әрекетінде белсенді ұйымдастыруда қажетті технологияларды, құралдары мен әдістерін өздігінен игеруі маңызды рөл атқарып олардың деңгейінің арттыруына бағытталуы тиіс, – деп санаймыз. Зерттеу мәселеміз оқушылардың бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру болғандықтан, оны жүзеге асыруда басшылық жасайтын педагог болғандықтан, бастауыш сынып мұғалімдерінен сауалнама алынды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың *анықтау* эксперименті жалпы орта мектептің бастауыш сыныптарының мұғалімдерімен эксперимент және бақылау топтарында жүргізілді. Эксперименттік жұмысқа қатысатын мұғалімдер белгіленіп, олармен зерттеу мәселесі бойынша сауалнама жүргізілді.

Кесте 11 – «Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған оқушылардың бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру» атты сауалнама нәтижесі

Сауалнама сұрақтары	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	ж/д	о/д	т/д	ж/д	о/д	т/д
Оқушылардың бағалау дербестігі дегенді қалай түсінесіз?	40,0%	40,0%	20,0%	42,9%	35,7%	21,4%
Оқушылардың бағалау дербестігінің қалай қалыптастыруға болады деп ойлайсыз?	26,7%	33,3%	40,0%	14,3%	42,9%	42,9%
Критериалды бағалау жүйеснің басты жаңа идеясы неде?	53,3%	26,7%	20,0%	42,9%	42,9%	14,3%

11 – кестенің соңы

Критериалды бағалау жүйесінің түрлері қандай?	33,3%	33,3%	33,3%	35,7%	35,7%	28,6%
Қалыптастырушы бағалауды қалай ұйымдастырасыздар?	20,0%	33,3%	46,7%	14,3%	35,7%	50,0%
Жиынтық бағалауды қалай ұйымдастырасыз?	13,3%	40,0%	46,7%	21,4%	35,7%	42,9%
Дескриптор дегеніміз не?	20,0%	66,7%	13,3%	28,6%	57,1%	14,3%
Рефлексия дегенді қалай түсінесіз?	33,3%	60,0%	6,7%	35,7%	57,1%	7,1%
Рефлексия мен дескриптордың айырмағылығы неде?	20,0%	66,7%	13,3%	14,3%	71,4%	14,3%
Сыртқы бағалау дегенді қалай түсінесіз?	13,3%	53,3%	33,3%	14,3%	50,0%	35,7%
Халықаралық бағалау туралы не білесіз?	6,7%	26,7%	66,7%	14,3%	21,4%	64,3%

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, мұғалімдердің бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыру жайлы білімдері төмен, үстірт түсінік қалыптасқан, сондықтан олардың бағалау дербестігін қалыптастыруды ұйымдастыру мүмкіндіктері жетілдіруді қажет етеді. Өйткені, алынған сауалнама нәтижесі бойынша көпшілік мұғалімдердің оқу үдерісінде бағалау дербестігін қалыптастыруда рефлексиялық сұрақ-тапсырмалар мен дескрипторды айыра алмайтыны, оларды құрастыруға деген қызығушылықтарының бар екені, бірақ оны қалай іске асыруға мән бермейтіні айқындалды. Бұл әрине, мұғалімдердің бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік семинар ұйымдастыру жоспарланды.

«Білім алуға бағытталу» әдістемесі (Е. П. Ильин, Н. А. Курдюкова)

Сипаттамасы: Е.П.Ильин мен Н.А.Курдюкова ұсынған әдістеме білім алуға бағытталуды зерттейді. Білімді меңгеру бағдары – бұл қарастыруға деген ұмтылыс оқу қызметінің негізгі нәтижесі ретінде алған білім.

Анықтау экспериментінің оқу-танымдық компоненті бойынша зерттеудің бұл кезеңінде 2019-2020 оқу жылында бақылау және эксперименттік топта Е.П.Ильин, Н.А.Курдюкова «Білім алуға бағытталу» әдістемесі бойынша жүргізілді. Аталған әдістеме арқылы оқушылардың білім алуға бағыттаудағы бағалау дербестігін айқындап, диагностикалау үшін Е.П.Ильин, Н.А.Курдюкова «Білім алуға бағытталу» әдістемесі» тесті қолданылды.

Е.П.Ильин, Н.А.Курдюкова әдістемесінің «Білім алуға бағытталу» тесті бойынша сандық және сапалық мәліметтерін салыстыра отырып, оның барлық көрсеткіштері бойынша белгіленіп анықталды. Атап айтқанда, бақылау тобын

құраған 62 оқушы мен эксперимент тобының 59 оқушысымен жүргізілген тест сұрақтарының ішінен «Алған бағанның сабаққа дайындықтың тиянақтылығына байланыстылығы» бойынша алғашқы алынған эмперикалық мәліметтерді сандық және сапалық тұрғыда интерпретациялау барысында 24 балл эксперименттік топтан, 21 балл бақылау тобынан қамтыды.

Анықтау экспериментінде бақылау тобынан 62 оқушы мен эксперимент тобының 59 оқушысымен жүргізілген тест тапсырмаларының ішінен «Жаман баға алған соң» бойынша 59 балл эксперименттік топтан, 62 балл бақылау тобынан қамтыды.

Бақылау тобындағы 62 оқушы мен эксперимент тобының 59 оқушысымен жүргізілген тест тапсырмаларының ішінен «Төмен балл алғаннан кейін, сіз нені қателескеніңізді талдауыңыз» бойынша 6 балл эксперименттік топтан, 13 балл бақылау тобынан қамтыды.

Бақылау тобындағы 62 оқушы мен эксперимент тобының 59 оқушысымен жүргізілген тест тапсырмаларының ішінен «Каникулдан кейін оқуға түсу оңай ма?» бойынша 9 балл эксперименттік топтан, 15 балл бақылау тобынан қамтыды.

Бақылау тобындағы 62 оқушы мен эксперимент тобының 59 оқушысымен жүргізілген тест тапсырмалары бойынша, «Үй тапсырмасын дайындауға деген ықыласыңыз оған қойылатын бағаларға байланыстылығы» бойынша 46 балл эксперименттік топтан, 45 балл бақылау тобынан қамтыды.

Анықтау экспериментінде бақылау тобының 62 оқушысы мен эксперимент тобында 59 оқушымен жүргізілген тест тапсырмаларының ішінен «Сіз үшін маңыздырақ – баға немесе білім» бойынша 3 балл эксперименттік топтан, 5 балл бақылау тобынан қамтыды.

Сондай-ақ, білім алуға бағытталуда қызығушылықтар мен қателіктерін түзетуге үйрену, өзінің бағалау дерестігін қалыптастырудағы біліктігі бойынша алынған жиілену шамасы – бақылау тобында алынған мәліметтер эксперимент тобына қарағанда алынған нәтижелерінің көрсеткіштері шамалас болып келеді.

Е.П.Ильин, Н.А.Курдюкова «Білім алуға бағытталу» әдістемесі танымдық-білімділік компоненттерінен бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру бастапқы деңгейін анықтауда топтардың жоғары, орташа, төмен деңгейлері анықталып, төмендегідей нәтижелері алынды (кесте 19).

Кесте 12 – Анықтау эксперименті бойынша «Білім алуға бағытталу» сауалнамасынан алынған бағалау дербестігінің құрылымының 6 бөлігі қалыптастыру экспериментке дейінгі пайыздық көрсеткіштері (%)


Бағалау дербестігінің құрылымы бойынша	Бақылау тобы (62 оқушы)		Эксперименттік топ (59 оқушы)	
	Балдар	%	Балдар	%
Жаман баға алып, үйге келген соң, өз біліміңізді қалай бағалайсыз?	62	16,1	59	16,1

12 – кестенің жалғасы

Жақсы баға алғаннан кейін сіз өз біліміңізді қалай бағалайсыз?	50	13	48	13,1
Белгіге емес, жауапқа көңіліңіз толмай қала ма?	42	10,9	39	10,7
Сіз үшін оқу дегеніміз не?	56	14,6	55	15
Алған бағаларыңыз сабаққа дайындықтың тиянақтылығына байланысты ма?	21	5,5	24	6,6
Төмен балл алғаннан кейін, сіз нені қателескеніңізді талдайсыз ба?	13	3,4	6	1,6
Үй тапсырмасын дайындауға деген ықыласыңыз оған қойылатын бағаларға байланысты ма?	46	12	45	12,3
Каникулдан кейін оқуға түсу оңай ма?	15	3,9	9	2,5
Мұғалімнің сырқатына байланысты сабақ болмай жатқанына өкінесіз бе?	33	8,6	34	9,3
Келесі сыныпқа барып, жаңа оқулықтарды алған кезде олардың не туралы екеніне таң қаласыз ба?	24	6,3	30	8,2
Сіздің ойыңызша, не жақсы – оқу ма, әлде ауыру ма?	17	4,4	14	3,8
Сіз үшін маңыздырақ – баға немесе білім?	5	1,3	3	0,8

Кесте 13 – Эксперименталды және бақылау тобындағы оқушылардың креативтілігінің даму деңгейі

Оқушылардың ішкі мотивациялық деңгейі	Эксперименталды топ	Бақылау тобы
	Эксп дейін	Эксп дейін
Төмен	30,5%	32,3%
Орташа	44,1%	40,3%
Жоғары	25,4%	27,4%



Сурет 37 – Эксперименттік топтың экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижесінің диаграммасы

Эксперименталды және де бақылау тәуелсіз топтардың экспериментке дейін статистикалық тұрғысынан айырмашылығын тексеру үшін Пирсонның χ^2 критеріі пайдаланылды.

$$\chi_{\text{ст}}^2 = \frac{1}{n_1 * n_2} \sum \frac{(n_1 Q_{2i} - n_2 Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}$$

Мұндағы n_1 мен n_2 эксперимент және бақылау топтарындағы оқушылар саны. Q_{1i} , Q_{2i} – бақылау және эксперимент топтарының i – белгісінің жиілігі, i – белгілер саны.

$$\chi_{\text{ст}}^2 = \frac{1}{59 * 62} \left[\frac{(32.3 * 62 - 30.5 * 59)^2}{32.3 + 30.5} + \frac{(40.3 * 62 - 44.1 * 59)^2}{40.3 + 44.1} + \frac{(27.4 * 62 - 25.4 * 59)^2}{27.4 + 25.4} \right] = 0.41$$

$q = 0,05$ мәнділік деңгейі мен еркіндік дәреже саны $v = (k-1)(c-1) = 2 * 1 = 2$ үшін

$$\chi_{\text{кр}}^2 = 5,99 \text{ және де } p = 0.815 > 0.05$$

$\chi_{\text{ст}}^2 < \chi_{\text{кр}}^2$, екі тәуелсіз топтын экспериментке дейін статистикалық айырмашылығы жоқ деп қабылдаймыз, яғни топтар зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін жарамды деп есептеледі.

Анықтау экспериментінің көрсеткіштерін жоғары, төмен, орта деңгейлері негізінде өлшемдері алынып, бақылау және эксперимент топтарының салыстырмалы диаграммалары келтірілді (Сурет 37). Онда байқағанымыздай, бақылау және эксперимент топтарындағы айырмашылықтар көп емес. Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда «бастауыш сынып оқушыларының

бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру деңгейлері әлі де қалыптаспағандығын көрсетті.

Қорыта келгенде, әрбір білім алушы өзінің оқу әрекетінің нәтижесінде алған білімдерінің табыстылығын бағалауда әлі де болса төмен көрсеткіш көрсетті. Өзін-өзі бағалау деңгейіндегі білім нәтижесін өзіндік рефлексивтікпен толық жүзеге асыра алмайтындарын байқатқан оқушылар болды. Ал төмен деңгейдегі оқушылар өзін-өзі бағалауға құлықсыз, сенімсіздіктері байқалды.

Аталған тармақшада диагностикалау жұмыстары бойынша бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың бастапқы дейгейін анықтадық. Келесі кезеңде қалыптастырушы эксперимент жұмыстарын ұйымдастыруды көздейміз. Бұл жайлы келесі параграфта талданатын болады. Тәжірибелік-эксперименттің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру әдістемесін тәжірибеде тексеру.

3.2 Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыруға даярлаудың әдістемесі

Алдыңғы тармақшада «Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру» стандарты мен типтік оқу жоспарларына талдау жасалды. Жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сыныбында оқытылатын дүниетану, жаратылыстану пәндерінің мазмұнын талдауда айқындалған кемшіліктердің орнын толтыру бізге зерттеу жұмысымызда оларды жоюдың бірнеше бағыттарын ұсынуға мүмкіндік туғызды:

1. «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесі» атты оқу-әдістемелік семинар бағдарламасы мен әдістемесін;

2. «Дүниетану» және «Жаратылыстану» пәндерінен оқу-танымдық және рефлексиялық тапсырмалар жүйесін;

3. «Дүниетану» және «Жаратылыстану» пәндерінен оқу-танымдық және шығармашылық іс-әрекетке бағыттайтын тапсырмалар орындату әдістемесін;

4. 3 сыныпқа арналған «Дүниетану» және «Жаратылыстану» пәндерінен тапсырмалар жинағы атты әдістемелік құралын даярлау.

Бірінші бағыты, ең алдымен бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру үшін «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесі» атты оқу-әдістемелік семинар мазмұны дайындалды. Оқу-әдістемелік семинар мазмұнын түзуде критериалды бағалауға, өзін-өзі бағалауға қатысты еңбектерге жасалған талдаулар басшылыққа алынып, бағалау дербестігінің мәнін терең ұғыну негізге алынды.

Зерттеудің негізгі бағыты – оқушылардың бағалау дербестігін қамтамасыз ететін эвристикалық, шығармашылық, репродуктивті және сыни ойлау қабілеттерінің деңгейлерін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру болып табылады. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік семинардың нұсқаулығында эвристикалық, шығармашылық, репродуктивті және сыни ойлау қабілеттері сияқты белгілі бір дағдылар дамиды, демек, бұл олардың бағалау дербестігін қалыптастырады, – деген тұжырымымызды

бекітеді. Зерттеу жұмысы барысында эксперименттік топ үшін оқу-әдістемелік семинар бағдарламасы жасалды.

Оқу-әдістемелік семинардың негізгі *мақсаты*: бастауыш сынып оқушылары «критериалды бағалау», «өзін-өзі бағалау» ұғымдарының мәнін түсініп, бағалаудың теориялық негіздерін және құрылымы мен қызметі, бастауыш сыныпта критериалды бағалау арқылы әділ, айқын, нақты бағалаудың мүмкіндіктері жайлы білімдер, білік, дағдылар қалыптастыру тәжірибеде қолдана алуға қол жеткізу.

Оқу-әдістемелік семинар мазмұнын құрастыруда ҚР «Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру» стандарты мен типтік оқу жоспарлары және т.б. бастауыш сыныптың білім беру үдерісін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын нормативті құжаттар мен оқу құралдары басшылыққа алынды. «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесі» атты оқу-әдістемелік семинардың оқу-тақырыптық күнтізбелік жоспары төменде келтірілді.

Тірек мектептердің бастауыш сынып мұғалімдеріне оқу-әдістемелік семинар ретінде енгізіліп, тәжірибеден өтті.

Оқу-әдістемелік семинардың *міндеттері*:

- бастауыш сынып мұғалімдерінің «бағалау дербестігі», «критериалды бағалау» ұғымдарының мәнін түсінуге бағдарлау;
- бастауыш сынып оқушылары үшін бағалау дербестігі мен рефлексиялық тапсырмалардың маңызын білдіртуге ықпал ету;
- бастауыш сынып оқушыларының оқыту үдерісінде қолданылатын рефлексиялық тапсырмаларды орындатудың әдістемесін меңгерту;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу мақсаттарына сай сабақтарды жобалай алу, сабақтардың әртүрлі кезеңдерінде әрекеттерді ұйымдастыра білу құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу. Оқу-әдістемелік семинар бағдарламасы 16 сағаттық оқу-әдістемелік семинар талаптарына сәйкес келеді. «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыру» бойынша «Дүниетану» және «Жаратылыстану» пәндерінен оқыту барысында меңгерген білімдеріне негізделеді.

Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруды зерттеу барысында тәжірибе жасауды ұйымдастырудың басты міндеті оқушылардың бағалау дербестігін қалыптастыру үшін сол мәселені жетік білуге үйрету көзделді.

Қорыта келе, зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып отырған сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыруда олардың оқу-танымдық, рефлексиялық, дескрипторлық тапсырмаларды өздігінен ізденіп орындауы, оқу іс-әрекетінің нәтижесінде табысқа жетуге ынта-ықыласын туғызуды көздейді. Төменде аталған тапсырма түрлеріне сәйкес *тапсырмалар жүйесін* ұсынамыз.

Оқу-танымдық тапсырмасы – өзіндік оқу жұмысының мазмұны мен көлемі тұрғысындағы түрлері. Мұғалім нұсқауымен оқушылар орындаған оқыту үдерісінің ажырамас бөлігі және оны белсендірудің маңызды құралы. Олар оқытудың барлық кезеңдерінде қолданылады. Оқушылардың өз бетімен

жұмыс істеуін, ақыл-ойын ынталандыруды қажет ететін тапсырмалар өте құнды болады. Оқу-танымдық тапсырмасы оқушының оқу жұмысын ұйымдастыру дағдысын, өз күштерін дұрыс бағалау, алға қойылған мақсатқа жетудің неғұрлым анық құралдарын дұрыс таңдауын қалыптастырады.

Зерттеу жұмысымызға байланысты *оқу-танымдық тапсырмалар* жүйесін ұсынамыз.

Дүниетану пәні бойынша оқу-танымдық тапсырмалар:

1-тапсырма. Топтық жұмыс. (Белсенді оқытудың «Түсіндіру және сипаттау» тәсілі) Постер қорғау

Жойылып бара жатқан жануарларды қорғау жолдарын көрсетіңіздер



Бағалау критерийі

- Жойылып бара жатқан жануарлармен таныса отырып, оларды қорғау жолдарын ұсынады.

Дескриптор:

- Жойылып бара жатқан жануарларды атайды
- Олардың жойылу себебін анықтайды
- Жойылып бара жатқан жануарлар туралы мәліметті сабақта қолдана алады.

- Оларды қорғау жолдарына талдау жасай алады

- Алған мәліметті жинақтап, қорытындылайды

-

Келесі оқу-танымдық тапсырма: Топтық жұмыс (Белсенді оқытудың көрсету және моделдеу» тәсілі) модел жасау

Қазір өз ойларыңдағы қорықтың моделін жасаңыздар



Ақсу-Жабағылы қорығы

Алматы қорығы

Барсакелмес қорығы

Қорғалжың қорығы

Марқакөл қорығы

Үстірт қорығы

Бағалау критерийі

Сирек кездесетін жануарлардың жойылу себебін анықтау арқылы, олар мекен ететін қорықтың моделін жасайды

Дескриптор:

- Қорық ұғымын таниды

- Сирек кездесетін жануарларды таиды

- Қорықтың моделін жасайды

Шығармашылық тапсырма – сен мысық пен иттің әр жағдайда әр түрлі дыбыс шығаратынын байқаған боларсың.

Олардың қай кезде қандай дыбыс шығаратынына бақылау жасаңыз.



Келесі шығармашылық тапсырма: Бақылауды төмендегі жоспар бойынша жаса және нәтижесін сипатта.

1. Таныс адамдарды көрген кездегі дыбысын бақылау
2. Ашуланған кезде шығаратын дыбысын бақылау
3. Қарны ашқан кезде шығаратын дыбысын бақылау
4. Өзіне ұнайтын әрекеттер барысында шығаратын дыбысын бақылау
5. Бақылау нәтижесін таспаға немесе кестеге жазып жүру.

Жануардың атауы	Бақылау кезеңдері	Нәтижесі

Дескриптор:

- жоспарға сәйкес бақылау жүргізеді;
- бақылау нәтижесін кестеге түсіреді;
- бақылау нәтижесін сипаттайды.

Ғылыми-зерттеу тапсырмалары – Сөйлемдерді бақылау жүргізудің кезеңдерімен сәйкестендіріңіз.

Күзде өлі табиғатқа бақылау жасау → мерзім

Күзгі ауа райын бақылау → мақсат

Бақылауды шартты белгілермен белгілеп жүру → нәтиже

10 қазанға дейін бақылау → жоспар

Бақылаудың қорытындысын жазу

Дескриптор:

- бақылау жүргізудің негізгі кезеңдерін ажыратады;
- сөйлемдерді бақылау жүргізу кезеңдерімен сәйкестендіреді.

Келесі ғылыми-зерттеу тапсырмасы: Далаға шығып, осы күнгі ауа райына бақылау жаса. Берілген шартты белгілерді қолданып, бақылау нәтижесін кестеге түсір.

Күні	Аспанның күйі	Жел	Жауын-шашын

Дескриптор:

- бақылау нәтижесін шартты белгілермен жазып көрсетеді;

Аспанның күйі	
Ашық -	○
Ала бұлтты	◐
Тұтас бұлтты	●

Жел	
Желсіз -	⊙
Әлсіз -	→
Орташа -	→→
Қатты -	→→→

Жауын-шашын	
Жауын -	☔
Тұман -	☁
Шық -	☂
Қар -	❄
Бұршақ -	⚡
Қырау	❄
Кектайғақ -	☃

- шартты белгілерді дұрыс қолданады.

Рефлексиялық тапсырмалар – сөйлемдерге сәйкес суретті тауып, нөмірін жаз.

- 1) Ағашты шаппа.
- 2) Гүлдерді себепсіз үзбе.
- 3) Өсімдіктерді таптама.
- 4) Дәрілік өсімдіктерге тиме.



- Мұндай әрекеттерге неліктен тыйым салынған? Жұпта ой бөліс.
- Өсімдіктерге қамқорлық жасауға қатысты 2 ереже құрастырып жаз.


1) _____ 2) _____

Дескриптор:

- берілген тұжырымдарға сәйкес суреттерді анықтайды;
- өсімдіктерге қамқорлық жасаудың себептерін түсіндіреді;
- өсімдіктерге қамқорлық жасауға қатысты ереже құрастырады.

Келесі рефлексиялық тапсырма:

- Ауа райын шартты белгілермен сәйкестендір.



аспан ашық

аспан тұтас бұлтты

қарлы аспан

3 күн бойы аспанның күйін бақыла. Өз бақылауыңның нәтижесін кестеге шартты белгілердің көмегімен белгіле.

Күні	Бұлтты	Жауын-шашын
•	•	•

Дескриптор:

- аспанның күйіне бақылау жасайды;
- бақылау нәтижесін шартты белгілер арқылы көрсетеді.

Жаратылыстану пәні бойынша оқу-танымдық тапсырмалар:

Оң қолыңның төрт саусағымен сол қолыңның тамыр соғысын сана. 1 минутта неше рет соғады екен? Енді орындарыңнан тұрып, 1 минут уақыт өткенше секіріңдер. Уақыт аяқталғанда тамыр соғысыңды қайта тексер. Тамыр соғысында өзгеріс бар ма? Неліктен деп ойлайсың? (осы тапсырма арқылы қан айналым жүйесі туралы не білетінін байқап, ойын қорытындылауға болады.)

Дескриптор:

1. Оң қолының төрт саусағын дұрыс анықтайды;
2. Сол қолының тамырын дұрыс табады;
3. Мұқият зер салып санайды;
4. Орындарынан тұрып 1 минут секіреді;
5. Жүрек соғысын дұрыс санайды;

6. Өзгерістің болғанына мән береді;
7. Неліктен өзгергенін дәлелдеп айтады.

Келесі оқу-танымдық тапсыма: «Жер қабықтары қалай орналасқан?» тақырыбындағы зерттеу жұмысы арқылы топтық жұмыс орындатылды. Жұмысты орындау үшін жаңа тақырыпты оқушыларға аштырып, оның мазмұнын түсінуге, білімді өздіктерінен алуға жағдай жасай білді. Мысалы: «Жер қабықтары» атты бейнероликті көрсете отырып, жетекші сұрақтарға, атап айтқанда: «Ғаламшарымызды қорғап тұрған ауа қабығы мен жердің қатты қабығы қалай аталады? Жердің мұхит пен теңіз, көл мен өзен суларынан тұратын қабығын қалай атаймыз? Өсімдіктер, құстар, бунақденелілер, жануарлар және адамзат тіршілік ететін жер қабығы не деп аталады?» - деген сұрақтарға жауап алу барысында «Атмосфера», «Литосфера», «Гидросфера», «Биосфера» деген сөздерді айтқан оқушы жауабынан соң, бүгінгі өтетін тақырып «Жер қабықтары қалай орналасқан?» деп аталатындығын айтты.

Дескриптор:

1. Жер қабықтарының орналасу ретін біледі;
2. Атмосфера-ауа мен су буынан тұратын күрделі жүйе екендігін ажырата алады;
3. Ауаны сезінуге болатындығын дәлелдей алады;
4. Биосфера-жердің тіршілік қабығы екендігін ажырата біледі;

Шығармашылық тапсырмасы – бұл берілген шарт пен белгісіз деректер бойынша олардың жеке тұлғалық мүмкіндіктеріне әсер етуге және қажетті оқу өнімін алуға бағытталған өзіндік шығармашылық іс-әрекетіне көрсетілген қатысуды қамтитын ұйымдық оқу ақпаратының нысаны. Шығармашылық тапсырмалар – бұл оқушылардан алған ақпаратты қайта жаңғыртуды ғана емес, сонымен қатар шығармашылықты талап ететін осындай оқу тапсырмалары. Олар оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға және ашуға көмектеседі.

Зерттеу жұмысымызға байланысты *шығармашылық тапсырмалар* жүйесін ұсынамыз.

Жаратылыстану пәні бойынша шығармашылық тапсырмалар

Керекті заттар: Дәптер парағы, жай қарындаш, қайшы, пластмассадан жасалған сызғыш.

Тәжірибе кезеңі:

1. Дәптер парағын алады.
2. Жай қарындашпен оралып жатқан жыланның суретін салады.
3. Салынған суретті қайшымен қияды.
4. Қиылған жыланды оралған қалпына қояды.
5. Пластмасса сызғышты шашқа үйкелеп жыланның басына тосады.
6. Үйкеліс күшінен пайда болған электрлендіру нәтижесінде жылан сызғышқа жабысып жоғары көтеріледі.

Дескриптор:

1. Дәптер парағының ортасын дұрыс таңдайды;
2. Жай қарындашпен оралған жыланның суретін дұрыс салады;
3. Оны қайшымен дұрыс қияды;

4. Жыланды оралған қалпына дұрыс қояды;
5. Сызғышты шашқа дұрыс үйкелейді;
6. Жылан сызғышқа жабыстырып жоғары көтереді.

Келесі шығармашылық тапсырма: Дыбыс қалай пайда болады?

Бірнеше пластмассадан жасалған түтікшелер, қайшы, скотч, ермексаз қажет болады. 6 дана пластмасса түтікшені алады. Олардың бойын 1см-ден кеміте отырып қияды. Кесілген таяқшаның бір ұшын ермексазбен бекітеді. Дайын болған түтікшелерді бойымен қатар-қатар қойып, скотчтайды. Таяқшалардың ашық жағын ауызға жақындатып, ептеп үрлеп көреді. Қандай дыбыс шыққанына мән береді. Әркім өзі жасаған заттарымен тәжірибе жасайды. Бір түрлі дыбыс шықты ма? Әлде әр түрлі дыбыс шықты ма? Зерттейді. Анықтап, жауап береді.

Дескриптор:

1. Әртүрлі пластмасса түтікшелерден алтауын санап алады;
2. Олардың бойын 1 сантиметрге қысқарта отырып дұрыс өлшейді;
3. Өлшенген жерден түтікшелерді қайшымен дұрыс қияды;
4. Ермексаздан 6 домалақ дайындайды; (радиусы 0,5см)
5. Домалақ ермексазбен түтікшелердің бір ұшын бекітеді;
6. Түтікшелерді бойымен реттеп қояды;
7. Оларды скотчпен ажырамайтындай желімдейді;
8. Ысқырыққа ұқсайтын түтікшелерді қолына алады;
9. Қолдағы 6 түтікшені ауызға жақындатады;
10. 6 түтікшеге біркелкі деммен үрлейді;
11. Үрлегенде не пайда болғанын айтады.

Ғылыми-зерттеу тапсырмалары – жаңа білімді ашу және алу, ғылыми болжамдарды, жаңалықтарды, ғылыми жалпылаулар мен негіздеулерді тексеру мақсатында ізденуге, зерттеуге, тәжірибе жасауға байланысты ғылыми сипаттағы жұмыс. Бастауыш сынып оқушыларының ғылыми-зерттеу әрекеті – бұл бұрын белгісіз нәтиже бар шығармашылық зерттеу мәселесін шешумен байланысты және ғылыми саладағы зерттеуге тән негізгі кезеңдердің болуын болжайтын мұғалімнің жетекшілігімен оқушылардың іс-әрекеті. Бұл оқушылардың танымдық қызығушылығын, дербестігін, оқу жұмысының мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді; пәннің белгілі бір саласы бойынша білімді жүйелеу, жалпылау және тереңдету; оларды тәжірибеге енгізуімен сипатталады.

Зерттеу жұмысымызға байланысты *ғылыми-зерттеу тапсырмалар* жүйесін ұсынамыз.

Жаратылыстану пәні бойынша ғылыми-зерттеу тапсырмалар

1. Электрлендіру неден пайда болды?

Керекті заттар: Дәптердің парағы, қалам не сызғыш. (шар)

Дәптердің бір парағын алып, ұсақ-ұсақ етіп жыртып, парта үстіне қояды. Қолындағы қаламын, не сызғышын шашына қаттырақ үйкелеп, үйкелеп жіберіп, ұсақталған қағаздың үстіне қойып көреді. Шашқа үйкелген сызғышқа, не қаламға ұсақ қағаз жабыса ма? Тәжірибе жасап, зерттейді. Егер жабысса

электрлендіру үдерісінің жүргеніне көз жеткізеді. (Осы тәжірибені шарды үрлеу арқылы да жасауға болады.)

Дескриптор:

1. Дәптердің бір парағын дұрыс жыртып алады;
2. Оны дұрыстап ұсақтап жыртады;
3. Қаламды не сызғышты шашқа дұрыс үйкелейді;
4. Үйкеленген қаламды ұсақ қағаздардың үстіне қояды;
5. Қаламға ұсақ қағаздың жабысқан, жабыспағанын дұрыс анықтайды;
6. Қандай үдеріс жүргенін анықтап айтады.

Келесі ғылыми-зерттеу тапсырмасы: Табиғат және менің қауіпсіздігім. Табиғи ортада қандай қауіп-қатерлер бар? деп аталды. Суреттегі нөмірлермен бейнеленген төтенше жағдайларды анықтады. Сәйкестендіру жұмысы «Жұбын тап» тапсырмасы арқылы learningapps бағдарламасында жүргізу, адам өмірінде табиғи қауіп-қатерден төтенше жағдай пайда болатындығы, оның басты себебі неде? Деген тақырыптас тапсырмалар беріліп, сыныптастарымен табиғи апаттың түрлері туралы пікір-талас ұйымдастырылды.

Дескриптор:

1. Геологиялық және табиғи -климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін біледі;
2. Төтенше жағдай кезіндегі проблемалық жағдайлардың шешімін табады;
3. Ауа-райы, климаттық жағдайлар адам өміріне қалай әсер ететінін айтады;
4. Қауіпті табиғат құбылыстарын ажырата алады;
5. Табиғат және менің қауіпсіздігім. Табиғи ортада қандай қауіп-қатерлер бар жағдайда өзіне баға бере алады.

Рефлексиялық тапсырмалар – рефлексиялық іс-әрекет бұл біздің интеллект (немесе психикалық белсенділік) адам санасының ішінде, сыртқы, көрінетін жазықтықтан тыс орын алады және тікелей бақылаудан жасырылады. Өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, рефлексия – ең маңызды кезең оқу қызметі. Дәл осы әрекеттерді меңгеру мүмкіндік береді, ол оқушыларды өз бетінше жоспарлау, талдау, бағалау, өз іс-әрекеті, оны түзету, алдына қою, жаңа тәрбиелік міндеттер және оларды шешу жолдарын табу. Жүйелі жұмыс осы әрекеттердің қалыптасуына сайып келгенде өсуіне әкеледі оқу материалын меңгеру деңгейі, жаңа деңгейге көшу даму. Рефлексияны тек сабақтың соңында ғана емес, сонымен қатар кез келген кезеңінде өткізуге болады.

Зерттеу жұмысымызға байланысты *рефлексиялық тапсырмалар* жүйесін ұсынамыз.

Бұл тапсырманы сабақтың басында, ортасында және соңында орындатады. Тақтадағы сабақтың оқу мақсатын түсініп оқиды. Сабақтың оқу мақсатын жақсы түсініп тұрса, *түсінемін және өзгеге көмектесе аламын* деген жазудың тұсына барып тұрады. Егер түсінікті болса, *түсінемін*, білсе, *білемін*, білмесе, *білмеймін*, деген жазулардың тұсына барып тұрады. Мұғалім әр сөздің қасында неше баладан тұрғанын жазып қояды. (Мысалы сыныпта 25 бала болса)

	Білмеймін	Білемін	Түсінемін	Түсінемін және өзгеге көмектесе аламын
Сабақтың басында	18	5	2	0
Сабақтың ортасында	9	6	7	3
Сабақтың соңында	0	2	8	15

Осындай рефлексиялық тапсырмалар арқылы бала нені түсініп, нені түсінбегенін біліп, өз-өзіне баға беріп үйренеді.

Келесі рефлексиялық тапсырма: Серпімділік күші қайдан пайда болады?

Серпімді дене және пластикалық денелердің айырмашылығын түсіну үшін оқушыларға сөздері толық емес мәтіндерді ұсыну арқылы толықтыру жұмысы жүргізілді. Тапсырманы орындау үшін Wordwall интерактивті тақтасында жеке жұмыс жүргізу арқылы жүзеге асырылды. Нәтижесінде Б.Блум таксономиясының 6 деңгейі бойынша талдау жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылар денелердің серпімділігі бойынша қанша топқа бөлінетіндігін, серпімді денелердің пайдасы туралы білімдері толықты. Осындай тапсырма беру арқылы оқушылардың тақырыпты түсінгендігі туралы өз-өзіне баға бере алады.

Дескриптор – оқушының құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін сипаттайтын және олардың көріну дәрежесін (ең аз, айтылу, айтылу) анықтауға мүмкіндік беретін бағалаудың сапалық сипаттамасы. Дескрипторлар әрбір критерий бойынша оқушының жетістігі деңгейлерін сипаттайды және белгілі бір ұпай санымен бағаланады: жетістік неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ұпай жоғары болады. Дескрипторлар әрбір критерий бойынша ең жақсы нәтижеге жету үшін оқушының барлық қадамдарын ретімен көрсетеді және оларды белгілі бір ұпай санымен бағалайды. Дескрипторлар білім алушылардың құзыреттіліктерін көрсету үлгісін сипаттайтын және пәннің мазмұндық көрсеткіштерін білдіретін олардың көріну дәрежесін (минималды, орташа, максимум) анықтауға мүмкіндік беретін сапалы бағалау критерийлерін білдіреді:

- баланың оқу әрекетіндегі нақты нәтижелері мен өнімдері деңгейінің жетістікке жетуі;

- бастауыш білім берудегі жалпы дескрипторлар оқу бағдарламаларының нәтижелеріне қол жеткізу үдерісінде оқушылардың оқу нәтижесінің көріну үлгісін өзара байланысты екі өлшемде сипаттайды:

- қалыптастырушы бағалау (қалыптастырушы, динамикалық) оқушының жетістік әрекетін көрсетеді және оны жетістік деңгейлерінің дескрипторлары арқылы сипаттауға мүмкіндік береді: өз бетімен; мұғалімнің басшылығымен; тұрақты қолдауымен;

- жиынтық бағалау (жинақтау) оқушының сынып пәндері бойынша жетістіктерін тікелей көрсетеді және сапа көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік береді: өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық;


Тақырыптарға байланысты құрастырған дескрипторларды ұсынамыз.

